Қ.С. Айнабек, Ю.И. Осик,
А.М. Рақымжанова

ЛИЗИНГТІК ЖОБАЛАРДЫҢ ЕСЕБІ, ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУЫ

Монография

Қарағанды 2016

УДК 338(574)
ББК 65.3
А 36

Пікір жазғандар:

Б.А. Ахметжанов, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің кәсіпорын экономикасы кафедрасының меңгерушісі;

З.Н. Борбасова, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды экономикалық университеті жаңа экономика және жүйелік талдау ҒЗИ директорының орынбасары (Қазақстан);

А.А. Таубаев, экономика ғылымдарының докторы, Қарағанды экономикалық университетінің профессоры (Қазақстан).

А 36 **Қ.С. Айнабек, Ю.И. Осик, А.М. Рақымжанова**

Лизингтік жобалардың есебі, талдауы және бағалауы: Монография. - Қарағанды: ҚарМУ Баспасы, 2016. - 126 б.

ISBN 978-9965-07-952-8

Қазіргі уақытта, әсіресе аграрлық сектор кәсіпорындарының көпшілігі қысқамерзімді активтердің жетіспеушілігін бастан кешіруде. Осы себептен олар өздерінің негізгі құралдарын жаңалап, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізе алмауда және лажсыздан займдар алуда. Монографияда негізгі құралдарды жаңалаудың қажеттілігі жағдайында жабдықтарды лизингке сатып алудың орындылығы туралы ұсыныстар тұжырымдалған. Лизингтік жобалар есебі, оны талдау, салық салу және экономикалық бағалау мәселелері зерттелген. Кәсіпорынның негізгі құралдарды лизингке сатып алудан жасайтын үнемі, кәдімгі несиемен салыстырылғанда айтарлықтай елеулі екені анықталып, дәлелденген.

Монография экономикалық ЖОО-лар мамандықтарының студенттеріне, магистранттары мен оқытушыларына, нақтылай айтқанда «бухгалтерлік есеп» және «қаржы» мамандықтарына арналған.

УДК 338(574)
ББК 65.3

ISBN 978-9965-07-952-8

© Қ.С. Айнабек, Ю.И. Осик, А.М. Рақымжанова, 2016

Мазмұны

Кіріспе ……...…….. 4

1 Инвестициялық қаржыландыру формасы ретіндегі лизингтің экономикалық мән-маңызы ……...……. 8

1.1 Лизинг – инвестициялау әдісі ретінде. Лизингтің түрлері, артықшылықтары және кемшіліктері …….....……. 8

1.2 Қазақстан Республикасында лизингтік қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеу …….....…… 13

1.3 Лизингтік және қаржылық жалгерлікті салыстырмалы талдау. Қаржылық жалгерлікті және лизингті танудың мән-маңызы мен өлшемдері …….....… 20

1.4 Лизингті өлшеу қағидаттары ……...……. 23

2 Лизинг есебі және салық салу – инвестициялық қаржыландыру формасы ретінде ……...…….. 26

2.1 Лизингтік төлемдерді есептеу әдістемесі …….……... 26

2.2 Лизинг беруші лизингінің есебі және салық салу …….....…… 29

2.3 Лизинг алушы лизингінің есебі және салық салу ……..... 35

2.4 Лизингтік операциялар есебінің және салық салудың тәжірибедегі проблемалары және оларды шешу жолдары ……...…… 48

3 Лизингтік жобаларды бағалау ……....……. 54

3.1 Лизингтік жобаларды талдаудың кезеңдері мен әдістері…….....…… 54

3.2 Лизингтік жобалардың тиімділігін бағалау ….....…… 60

3.3 Лизингтік жобаларды бағалаудың модельдері мен әдістерін жетілдіру – инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде…….....…… 68

Қорытынды ……..…….. 79

Пайдаланылған дерек көздерінің тізімі ……...…… 83

Қосымша ……....……. 85

КІРІСПЕ

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі – оның шаруашылық қызметінің аса маңызды ажырағысыз бөлігі. Кәсіпорын экономикасындағы инвестициялардың маңызын айтып жеткізу өте қиын. Капитал қажет етушіліктің үнемі өсуі мен ұзақмерзімді факторлар рөлінің арта түсуі қазіргі заманғы өндіріске тән болып саналады. Сол мезгілде көптеген кәсіпорындардың инвестициялау үшін қажетті қаражаттары жоқ. Ал, кәсіпорынның табысты жұмыс істеуі, өнімдер сапасын арттыруы және нарықтағы өзінің позициясын нығайтуы үшін, ол белгілі бір жағдайларда мүлік сатып алу жолымен өзінің қызметін инвестициялауы тиіс. Лизинг осындай әдістердің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта кәсіпорындардың көпшілігі дәл осы қысқамерзімді активтердің жетіспеушілігін сезінуде. Олар өздерінің негізгі құралдарын жаңалап, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізе алмауда, сондықтан лажсыздан займдар алады. Ал, өзінің негізгі құралдарын жаңалау қажет болған кезде жабдықтарды лизингке сатып алған тиімдірек болып саналады. Бұл ретте, негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалатын әдеттегі несиемен салыстырғанда кәсіпорын қаражатын үнемдеу, негізінен, бір жылдан бес жылға дейінді құрайтын, лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі жабдық құнының 10%-на дейін жетеді. Қазақстандағы қазіргі экономикалық жағдай, сарапшылардың пікірі бойынша, лизингке қолайлы жағдай жасайды (және кәсіпорындарды соған итермелейді). Лизинг формасы жаңғыртуға қаражаты жоқ кәсіпорын мен инвестицияланған қаражатты қайтаруға жеткілікті кепілдік бере алмайтын кәсіпорынға несие беруге ықылассыз банк арасындағы қайшылықты болдырмауға көмектеседі.

Әлемдік экономикалық дамудың қазіргі кезеңі қаржылық-экономикалық дағдарыспен сипатталады және осы жағдайларда соның салдары ретінде қаражатты үнемді жұмсаудың тиімді жүйесін құру қажеттілігі туындайды. Дағдарыс кезеңінде көптеген ұйымдар, айналым қаражатын үнемдеу құралы ретінде, лизингті пайдалануға артықшылық береді және осымен байланысты лизингтік ұйымдар есебін жүргізу маңызы одан кем түспейтін мәселе болып саналады. Лизингті пайдаланудың тиімділігін бақылау үшін ұзақмерзімді активтер тартудың қажеттілігі, ұйымдардағы қаржы ресурстарына бақылау жүргізуге талдау жасаудың ақпараттық базасы болып санала отырып, бухгалтерлік есеп пен есептілікті қалыптастыратын уақытылы есептен шығару туралы ақпарат қажет.

Лизингтік нарықты қоса алғанда, лизингті дамытудың өзектілігі, ең алдымен, жабдықтар паркінің қолайсыз жай-күйімен: моральдық жағынан тозу үлес салмағының елеулі жоғары екендігімен, оны пайдалану тиімділігінің төмендігімен, босалқы бөлшектермен, символикалық қамтамасыз етушілікпен байланысты болып саналады. Сыртқы сауда, несие және инвестициялық операциялардың бүкіл элементтерін біріктіретін лизинг, осы пробемаларды шешу нұсқаларының бірі болуы мүмкін.

Қазақстандағы лизингтік компаниялар, аса жаңа форма болып саналатынын ескере отырып, лизингтік операциялар есебі мен салық салу саласындағы заңнамалық базадағы қарама-қайшылықтар проблемалары өте өзекті мәселелерге айналып отыр. Осымен байланысты соңғы жылдары лизингтік компанияларда есепке қою салаларында үлкен жұмыстар жүргізілді. Бірақ, бұл да әлі жеткіліксіз болып отыр. Заңнамалық базаның бүкіл өзгерістеріне нақты уақыт ауқымында әрекет етуге мүмкіндік беретін, икемді есеп жүйесін ұйымдастыру аса маңызды болып саналады.

Осымен байланысты, лизингтік қызмет көрсету оның қызметі болып саналатын, кәсіпорынның қаржылық лизингінің бухгалтерлік есебін және салық салуды зерттеудің өзектілігі анық екендігі көрінеді.

Есеп жүйесін дамыту – бұл ақша ағындарын беру және нақты операциялардың тиімділігін бақылау мүмкіндігін беретін, кәсіпорын ішіндегі ұйымдық және ақпараттық өзара іс-қимыл мәдениетінің көрсеткіші.

Лизингтік операциялар есебі мен салық салу жүйесі, инвесторлар мен несие алушылардың талап-тілектеріне бағдарлана отырып, аса маңызды міндеттердің бірі – оның иелігінде бар ресурстарды барынша жоғары қайтарыммен пайдалануды шешуде кез келген ұйымның басшысына көмектеседі.

Сондықтан осы салада теориялық әзірлемелерді жүзеге асырудың маңыздылығы, лизингтік операциялардың бухгалтерлік және салық есептерін үйлесімді ету проблемаларын шешу мақсатында оларды тәжірибеде енгізудің қажеттілігі, аталмыш зерттеудің өзектілігін айқындап берді.

Отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалық көзқарастары, зерттеудің метдологиялық аспектілерін негіздеу, қаржы лизингінің маңызын айқындауда ғылыми позицияны тұжырымдау мен лизингтік қызмет көрсетулер оның қызметі болып саналатын кәсіпорындар мысалында, есепті және салық салуды жетілдіру бойынша ұсынымдар беру кезінде пайдаланылды.

Инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде, лизингті өлшеу, есебін жүргізу және салық салу бойынша теориялық ережелерді негіздеу мен ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде, лизингтің экономикалық маңызын зерделеу, монографияны жазудың мақсаты болып саналады.

Қойылған мақсаттарға жету үшін монографияда келесі міндеттер алға қойылды:

- инвестициялық қаржыландырудың экономикалық маңызы мен формаларын қарастыру;
- инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде лизингті өлшеу, есебін жүргізу және салық салу тәртібін зерделеу және нақты ұйымдар мысалында лизингті пайдаланудың тиімділігін талдау;
- лизингтік жобаларды бағалау методологиясы мен кезеңдерін ашып көрсету;
- негізгі құралдарды инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде лизингті өлшеуді, есебін жүргізуді және салық салуды жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Лизингтік операциялар есебі, салық салу және талдау методологиясы зерттеу тақырыбы болып пайдаланылды.

ҚР «Қаржылық лизинг туралы» Заңы, ҚР Үкіметінің қаулылары мен қаржылық лизинг мәселелері бойынша өзге де нормативтік-құқықтық құжаттар, монографияның теориялық, методологиялық және ақпараттық базасы болып анықталды. Бұл үшін сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, оған әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдар, ҚР Статистика жөніндегі агенттіктің деректері, елдің министрліктері мен ведомстволарының, жетекші лизингтік компаниялардың материалдары, сондай-ақ ғылыми әдебиеттерде және мерзімді басылымдарда жарияланған деректер пайдаланылды.

Монографияны жазу үдерісінде, монографияның жаңа ережелеріне дәлелдер мен дәйектер алу үшін жүйелілік пен кешенділік, талдау мен синтез, индукция мен дедукция, салыстыру, нысандандыру және модельдеу, тарихи және логистикалық тәсілдемелер пайдаланылды.

Монографияда әзірленген ұсыныстар мен ұсынымдарды пайдалану лизингтік операциялар есебі мен салық салудың қолданыстағы тәжірибесін жетілдіруге, сондай-ақ алынған нәтижелерді (заңнамалық деңгейде құқықтық, салық салаларындағы және бухгалтерлік есептегі лизингтік қызмет көрсету нарығының дамуын тежейтін факторларды анықтау мәселелеріндегі) нақты ғылыми-тәжірибелік ұсынымдарға және оларды шаруашылық қызметіне пайдалануға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Мұнан өзге, олар нормативтерді, сондай-ақ субъектілердің лизингтік қызметін реттейтін есеп саясатын одан әрі жетілдіру үшін бағдарлар ретінде пайдаланылуы мүмкін. Берілген ұсынымдар ұйымдардың есеп қызметі, оқыту жүйелері шеңберлерінде, сондай-ақ тиісті нормативтік актілерде, жоғары оқу орындарында пайдаланылуы мүмкін. Монографияның материалдарын жоғары оқу орындары «Бухгалтерлік есеп» және «Қаржылық есеп» курстарын зерделеу кезінде пайдалана алады.

Әзірленген ұсыныстар мен ұсынымдарды пайдаланудың лизингтік операциялар есебі мен салық салудың қолданыстағы тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік беретіні, сондай-ақ алынған нәтижелерді (заңнамалық деңгейде құқықтық, салық аяларындағы және бухгалтерлік есептегі лизингтік қызмет көрсету нарықтарының дамуын тежейтін факторларды анықтау мәселелеріндегі) шаруашылық қызметінің нақты субъектілеріне дейін жеткізуге мүмкіндік беретіні, орындалған зерттеулердің практикалық маңызын айқындайды.

Жүргізілген зерттеудің жаңалығын анықтайтын неғұрлым маңызды нәтижелерге келесілер жатады:

- әр түрлі дерек көздеріндегі «қаржылық лизинг» терминін түсінудегі қарама-қайшылықтар ашып көрсетілді;

- лизинг затын анықтау және оны бухгалтерлік және салық есебінде тану мәселелері бойынша нормативтік заңнамалық база талданды және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді;

- мемлекеттік деңгейде: салық салу және бухгалтерлік есеп аясында, лизингтік қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында лизингтің дамуын тежейтін факторлар анықталды;

- лизинг затын анықтау және оны бухгалтерлік және салық есебінде тану мәселелері бойынша нормативтік заңнамалық база талданды, сондай-ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді;

- қаржылық есептіліктерде лизингтік операциялардан сыйақы төлеу бойынша кірістер мен шығыстарды көрсету әдістемесі ұсынылды.

Зерттеудің алдыға қойған мақсаттары мен міндеттері монографиядағы материалдардың құрылымын, логикасын, мазмұнын және баяндау тізбектілігін анықтады. Оның негізгі бөлімі үш тараудан тұрады.

Бірінші тарауда авторлар инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде, лизингті өлшеудің, есебі мен салық салудың теориялық-әдістемелік ережелерін зерттеді.

Монографияның екінші тарауында, инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде, лизингті өлшеу, есебі мен салық салу анықталды және талданды.

Үшінші тарауда, инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде, лизингті өлшеудің, есебі мен салық салудың жаңа қолданыстық тәсілдемелері әзірленді.

1 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕГІ ЛИЗИНГТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ

1.1 Лизинг – инвестициялау әдісі ретінде. Лизингтің түрлері, артықшылықтары және кемшіліктері

Лизинг қазақ тіліне аударғанда, ұзақмерзімді негіздегі жалға беруді білдіреді. Экономикалық сөздікте белгілі бір ақысына мүлікті уақытша пайдалануға тапсыру, жалға беру болып түсіндіріледі, яғни жалға беруші қазіргі уақытта оған қажет емес мүлікті жалға өткізеді, сол арқылы оны ұстау шығындарын өтеп, белгілі бір пайда алады [1].

Сонымен бірге, ел экономикасында нарықтық қатынастардың дамуымен, шет елдерде бұрыннан және жеткілікті кең түрде пайдаланылатын жаңа қаржылық құралдар пайда болуда және олар қосымша инвестициялар тартудың маңызды көзіне айналуда. Қаржы лизингі (одан әрі – лизинг) осындай құралдардың бірі болып пайдаланылады.

Осы терминнің пайда болуы жалгерліктің жаңа түрі – отандық экономикада бұрын пайдаланылмаған қаржылық жалгерлікті (лизингті) бөліп көрсету қажеттілігін туғызды. Қаржылық лизинг – бұл жабдықты меншікке сатып алумен және оны белгілі бір ақысына уақытша пайдалануға жалға тапсырумен байланысты, экономикалық және қаржылық қатынастар жүйесі. Қаржылық лизинг кезінде жабдықты өндіруші мен оны пайдаланушы арасында, негізінен, осы мәмілені қаржыландыратын делдал қатысады. Уақытша жұмсалмай жатқан бос қаражаты жоқ лизинг алушының, лизингтік мәміле жасау туралы лизинг компаниясына ұсыныспен кіруі, мәміленің мәні болып табылады. Тиісті уағдаластық болған кезде лизинг алушы қажетті жабдықты сатушыны немесе өндірушіні таңдайды, ал лизинг беруші лизинг шартындағы белгілі бір ақыға лизинг алушы үшін уақытша пайдалануға лизинг затын сатып алады. Осындай шарт аяқталғаннан кейін аталмыш жабдық я лизинг алушының меншігіне өтеді (шарт талаптарына қатысты), я лизинг берушіге қайтарылады [1].

Осылайша, лизингтің табиғаты екіжақты. Лизинг қайтару негізінде қаражатты негізгі құралдарға салу болып көрінеді. Ал, негізгі құралдардың жекелеген элементтерін белгілі бір кезеңге бере отырып, меншік иесі белгіленген уақытта оларды кері қайтарып алады, яғни мерзімділік пен қайтарушылық қағидаттарының болатындығы көрініп тұр. Өзінің көрсеткен қызметтері үшін мүліктің меншік иесі, ақылық қағидатын жүзеге асыру сол арқылы қамтамасыз етілетін, комиссия түрінде сыйақы алады.

Мәмілеге жаңа қаржы көздерін тарту есебінен қымбат тұратын жобаларды жүзеге асыру кезінде, лизингтік мәмілеге қатысушылар саны артуы мүмкін.

Егер лизинг шартында оның аяқталу мерзімі өткеннен кейін аталмыш жабдықты сату анықталған болса, онда мүлікті уақытша пайдалану қатынасы лизинг беруші мен лизинг алушы арасындағы сатып алу-сату қатынасына ауысады. Бұл ретте мүлікті уақытша пайдалануға табыстау қатынасы лизингтік қатынастардың аса маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Жабдықты сатып

алу-сату жөніндегі қатынасқа қатысты айтатын болсақ, онда ол екінші кезекті рөл атқарады. Сол мезгілде шарттар кешені мен бұл ретте туындайтын мүліктік және қаржылық қатынастардың күрделі ұштастырылуы, тұтастай алғанда лизингке тән екенін атап көрсету қажет.

Өзінің экономикалық табиғаты бойынша лизинг несие қатынастарымен және инвестициялармен аса ұқсас. Мәселен, лизинг кезінде (сол сияқты несие қатынастары кезінде) меншік иесі, оны уақытша пайдалануға табыстай отырып, белгіленген мерзімге сәйкес оны кері қайтарып алады, ал көрсетілген қызмет үшін тиісті комиссиялық сыйақы алады. Айырмашалық мынада болып табылады: лизинг кезінде мәмілеге қатысушылар ақшалай қаражаттармен емес, нақты мүлікпен операция жасайды.

Нәтижесінде лизинг жиі түрде, пайдалануға табысталатын негізгі құралдар формасында лизинг беруші лизинг алушыға беретін тауар несиесі ретінде сараланады және оны дәстүрлі банк ссудасына балама, машиналар мен жабдықтарды сатып алуды несиелеу формаларының бірі ретінде қарау қажет. Осылайша, лизинг алушыны несиелеу (инвестициялау) ақша түрінде емес, зат түрінде жүзеге асырылатындығы, лизингтің маңызды жағы болып саналады. Бұл қымқыруды, сол сияқты тәжірибеде пайданы уыстан шығарып алуды болдырмауға мүмкіндік береді және бұл әсіресе біздің экономикамыздың қазіргі жай-күйі үшін маңызды.

Оның негізгі құралдарға ақшалай қаражат салу формасы, бюджет қаражаты, кәсіпорындардың меншікті қаражаты, ұзақмерзімді несие және өзге де көздер сияқты, қаржыландырудың дәстүрлі арналарына қосымша көз болып саналатындығы, лизингтің қаржылық функциясы болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде лизингтің: қаржылық және жедел екі түрінің аражігі ажыратылады. Жалға табысталатын жабдықты пайдалану мерімдері оларды ажыратудың негізгі өлшемдері болып пайдаланылады. Егер жедел лизинг, оларды пайдаланудың нормативтік мерзімдерімен салыстырғанда (сонымен байланысты лизинг беруші оны лажсыздан әлденеше рет уақытша пайдалануға тапсырады) машиналарды немесе жабдықтарды жалға тапсырудың неғұрлым қысқа уақытымен сипатталса, онда қаржылық лизинг үшін жалға тапсырудың ұзақ мерзімі тән болып саналады, демек, амортизациясы (өтемпұлы) немесе оның құнының бүкіл бөліктері көбірек [2].

Осылайша, бүкіл тәуекелдер мен кірістер, лизинг алушыға табысталатын, жабдықты пайдаланумен байланысты болатын мәмілені, қаржылық лизинг деп түсіну қажет. Бұл ретте лизингтік төлемдер лизинг берушіге жабдықтың құнын қайтаруды ғана емес, сонымен бірге салынған капиталға сәйкесінше пайда алуды да қамтамасыз етуі тиіс. Шарт мерзімі өткеннен кейінгі мүлікке меншік құқығына қатысты айтатын болсақ, онда ол лизинг алушыға берілуі немесе шарттың талаптарына қатысты берілмеуі мүмкін. Жедел лизинг кезінде жабдықты табыстау (беру) мерзімі, негізінен, аса қысқа болып саналады және мүліктің иесіне (иелеріне) тән бүкіл тәуекелдер мен ысыраптар, лизинг берушінің өзінде қалады.

Лизингтің негізгі субъектілері:

− лизинг беруші – тартылған немесе меншікті ақшалай қаражаттар есебінен лизингтік мәмілелерді жүзеге асыру барысында меншігіне мүлік сатып алатын және оны лизинг заты ретінде белгілі бір ақысына лизинг алушыға, белгілі бір мерзімге және белгілі бір жағдайларда уақытша иелік етуге және лизинг алушыға лизинг затына меншік құқығы ауысумен немесе ауысусыз пайдалануға беретін жеке немесе заңды тұлға;

− лизинг алушы – лизинг шартына сәйкес белгілі бір ақыға, белгілі бір мерзімге және белгілі бір жағдайларда уақытша иеленуге және лизинг шартына сәйкес пайдалануға лизинг затын қабылдауға міндетті жеке немесе заңды тұлға;

− сатушы (жеткізуші) – лизинг берушімен сатып алу-сату шартына сәйкес, лизинг заты болып саналатын, өзі өндіретін (сатып алатын) мүлікті лизинг алушыға сататын жеке немесе заңды тұлға. Сатушы (жеткізуші) сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес лизинг затын лизинг берушіге немесе лизинг алушыға тапсыруға (беруге) міндетті (А-қосымшасы).

Екі бөліктен: жабдықты сатып алу-сату туралы лизинг беруші мен жеткізуші арасындағы шарттан және лизинг беруші мен лизинг алушы арасындағы лизинг шартынан тұратын лизинг шарты, лизингтік мәміленің негізгі құжаты болып саналады. Лизинг шартына сатып алынатын және пайдаланушыға берілетін жабдықтың атауы, оның құны мен жеткізу мерзімдері, шарттың қолданыс мерзімінің басталуы мен аяқталуы, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, жабдықты жеткізу және қабылдау тәртібі, оны пайдалану, күтім жасау, жөндеу және сақтандыру, лизингтік төлемдер мен айыппұл санкциялары, дауларды шешу тәртібі, шартты мерзімінен бұрын бұзу жағдайлары, тараптардың деректемелері (реквизиттері) және т.б. кіруі тиіс [1].

Лизингтің аса маңызды тұсы – өтемпұл аударымдарын дұрыс және уақытылы есептеу есебінен негізгі құралдардың толық ұдайы өндірісін қамтамасыз ету. Дәстүрлі тәртіпте өтемпұлдық аударымдар соңғы уақыттарға дейін оларды пайдаланудың бүкіл нормативтік мерзімі ішінде біркелкі өндіріс шығындарына есептен шығарылып келді және бұл, біріншіден, негізгі құралдардың жекелеген түрлерінің өтемпұлын толық есептемеуге әкелді, ал екіншіден, оларды тез жаңалап отыру үшін қаржылық мүмкіндіктер жасауға оң ықпал етпеді.

ҚР Салық кодексіне сәйкес өтемпұлдарды есептеу жүйесі түбегейлі жетілдірілді. Өтемпұлдық қызмет мерзімдері қысқартылды және бұл үлкен қаржылық мүмкіндіктер туғызу үшін неғұрлым маңызды фактор болып саналады. Ғылым мен техниканың жетістіктерін өндіріске енгізуді жеделдету мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдарға мүліктің өтемпұлдарын жеделдетілген есептеу тетігін пайдалану құқығы берілген. Аталмыш тетік нормативтік мерзімдермен салыстырғанда негізгі активінің өзіндік құнын өндіріс шығындарына ауыстыруды жеделдетуге және сол арқылы кәсіпорындарға олардың негізгі құралдарының: машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының актив бөлігін жаңалауды және техникалық дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді [4].

Қазақстандық тәжірибеде қаржылық қызмет саласында біздің көзқарасымызша, белгілі бір артықшылыққа ие қаржылық лизинг соның бірі болып саналатын, жаңа несиелік құралдарды пайдалануға көшу қажеттілігі пайда болды.

Қаржы лизингі (халықаралық тәжірибеде – «капитал лизингі» немесе лизингтелетін активтің толық өзін-өзі ақтайтын лизингі): жалгерлік, сауда, несие және т.б. экономикалық қатынастар жүйесін біріктіреді. Қаржы лизингі қаржылық несие формаларының бірі болып саналады және оның жұмыс істеуімен және басқарудың өзіндік ерекшелігімен байланысты несие қатынастарын сипаттайды [5, 67-б.].

Банктік несиемен салыстырғанда несиені ресімдеудің неғұрлым оңайлатылған рәсімі, қаржы лизингінің оң сипаттамасы болып саналады. Қазіргі отандық және шетелдік тәжірибе растап отырғандай, лизингтік келісімдер кезінде уақыт шығындарының көлемі мен қаржылық құжаттамаларды табыс ету үшін қажет тізбе, ұзақмерзімді несие беру туралы банкпен жасалатын шартты ресімдеу кезіндегіге қарағанда, түбегейлі түрде аз болып саналады. Алынған несиені қатаң түрде мақсатты пайдалану және оны сенімді қамтамасыз ету, елеулі дәрежеде осыған сәйкес келеді.

Мұнан өзге, қаржы лизингі ұйымда, лизинг объектісі өтемпұлының бірте-біртелігімен байланысты негізгі қарызды өтеуге резерв қалыптастыруын қажет етпейді. Өйткені қаржы лизингі кезінде негізгі қарызға қызмет көрсету және лизингтелетін активтің өтемпұлы бірмезгілде жүзеге асырылады (яғни лизингтік төлемдер құрамына кіргізілген), лизинг кезеңі аяқталғаннан кейін лизинг активі бойынша негізгі қарыз құны нөлге келтіріледі.

Жалгерлер үшін қаржы лизингінің артықшылықтары болып мыналар саналады: жалгерлік 100-пайыздық қаржыландыруды болжайды және қарыздың бүкіл сомасын тез қайтаруды талап етпейді; жалгерлік жалгерді қаржыландырылатын активтерге қажеттіліктермен дәл сәйкестікте қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Жалгерлік шарт жалгерлердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып әзірленуі мүмкін; жалгерлік кезінде активтерді сатып алу және қаржыландыру мәселелері бір мезгілде шешіледі; жалгерлік шешім қабылдаудағы жалгердің икемділігін арттырады. Сол мезгілде сатып алу кезіндегі сияқты «сатып алмау» баламасы ғана болады, жалгерлік кезінде жалгердің таңдауы неғұрлым кеңірек болады. Жалгерлік шартына сәйкес, жалгер оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне неғұрлым дәл жауап беретін жағдайды таңдауы мүмкін, өйткені жалгерлік төлемдер белгіленген кесте бойынша жүзеге асырылады, жалгердің капитал жұмсауды қаржыландыру шығындары мен өнімдерді өткізуден түскен түсімдерді үйлестіруге және сол арқылы қаржылық жоспарлардың жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етуге үлкен мүмкіндіктері бар және бұл жабдықтарды сатып алу кезінде орын алады; жалгерлік елеулі қаржылық ресурстары жоқ жалгерге, ірі жобаны бастауға мүмкіндік береді.

Жалға беруші үшін лизингтік жалгерліктің артықшылықтары болып мыналар саналады: жалға берушінің жалға тапсырылған мүлікті сала отырып немесе жалгерлік төлемдер талабы құқығын бере отырып, қызметін жалғастыру

және кеңейту үшін қосымша қаржылық ресурстар іздестіру мүмкіндігі бар; жалгерлік қаржылық ресурстарды материалдық активтерді сатып алуға тура бағыттайды және сол арқылы несие қаражаттарын мақсатсыз пайдалану проблемасын жояды.

Лизингтің негізгі кемшіліктері болып келесілер саналады:

− лизинг беруші жабдықтың моральдық ескіру тәуекелі мен лизингтік төлемдер алуды өзіне алады, ал лизинг алушы үшін лизинг құны, сатып алу бағасынан немесе банк несиесінен үлкен. Сондықтан лизинг мәмілесенің алдында оны сараптау бойынша үлкен алдын ала жұмыстар жүргізіледі;

− лизинг алушы, өзінің негізгі құралдарының меншік иесі болып саналмайтындықтан, банк зайымы қажет болған жағдайда кепіл ретінде оларды бере (сала) алмайды және бұл, неғұрлым тиімді жағдайларда осындай займ алуға деген оның мүмкіндіктерін азайтады;

− меншікті қаржыландыру көзі жоқ лизинг беруші, лизинг алушының инвестицияларын қаржыландыру үшін ол лажсыз алатын несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің күрт өзгеру тәуекеліне тартылған және бұл лизингтік жобаның құны қымбаттайды. Егер лизингтік компания ірі банктің филиалы болып саналса, жоғары айтқан тәуекел бейтараптандырылады [6].

Біздің пікірімізше, жалгер үшін жалгерліктің кемшіліктері болып келесілер саналады: қаржылық жалгерлік кезінде жалгерлік төлемдер келісімшарттың соңына дейін тоқтатылмайды, тіпті егер ғылыми-техникалық прогресс мүлікті ескіргеннің қатарына шығарса да, жалгер жабдықтың теңгерімдік құнын арттырудан ұтпайды.

Тұтастай алғанда лизинг мәмілелердің бүкіл қатысушылары үшін жеткілікті түрде пайдалы қаржыландыру болып саналады. Лизинг алушы үшін бұл:

- төлемдер кезеңі мен мерзімі әр түрлі қаржыландыру;
- негізгі құралдарды жаңалау, қымбат тұратын жабдықтарды сатып алу немесе ірі инвестициялық жобаны бастау;
- қысқа мерзімді активтерді үнемдеу;
- төлемдердің әр түрлі сызбалары: ақшалай, өтемақылық, аралас, сондай-ақ негізгі қарызды өтеудің құбылмалы мөлшерлемелерін тиянақтау немесе белгілеу.

Лизинг беруші үшін оң тұтастары болып келесілер саналады:

- қаражатты қайтармау тәуекелін төмендету (несие тетігінен өзгешелігі);
- моральдық және физикалық тозу тәуекелін төмендету, өйткені мүлікті қаржылық лизинг кезінде ең алдымен лизинг алушы сатып алады;
- мемлекет тарапынан салық жеңілдігін алу мүмкіндігі.

Жеткізуші немесе сатушы аталмыш жағдайда:

- өз өнімдерін өткізудің қосымша мүмкіндіктеріне ие болады;
- тәуекел төмен болады, өйткені лизинг беруші мүліктің құнын қайтармау тәуекелін өзіне алады.

Лизинг тұтастай алғанда мемлекет үшін үлкен маңыз атқарады, атап айтқанда:

- лизинг тетігі арқылы инвестициялардың құйылуы есебінен салаларды дамытады, капитал жұмсаудың жалпы деңгейін арттырады;

- қаржыландыру көздері арасындағы бәсекелестікті күшейтеді;

- мемлекеттік халықаралық лизинг кезінде алдағы лизингтік төлемдер сомасы ұлттық қарызды (берешекті) санау кезінде ескерілмейді, яғни жекелеген елдер бойынша Халықаралық валюта қоры белгілеген, несие (кредиторлық) берешектерінің лимиттерін арттыру мүмкіндігі пайда болады [6].

Осылайша, біздің пікіріміз бойынша, лизингке тән оң тұстары, теріс тұстарына қарағанда анағұрлым көп, ал көптеген елдердегі лизингті дамытудың тарихи тәжірибесі, өндірісті жаңалаудағы, өнімдер өткізуді кеңейтудегі оның маңызды рөл атқаратынын растайды.

1.2 Қазақстан Республикасында лизингтік қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеу

Қазіргі біздің уақытымызда лизинг жай жалгерлік қатынастарға дейін өсіп, оның қуатты тұтқасы болып санала отырып, мемлекеттердің көпшілігінің экономикалық саясатының бөлігіне айналды.

Лизингтік қатынастарды мемлекеттің қатысуынсыз белсенді дамыту мүмкін емес екені сөзсіз. Атап айтқанда мемлекет, лизингтің экономикалық сүйенетін тұтқасы, сондай тірек нүктесі болып саналады. Лизингтік қатынастарды дамытуға, сондай-ақ инвестицияларға қолайлы кепілдіктер жасауға және салық преференцияларын беруге жан-жақты оң ықпал етуі тиіс, қалыпты, өмірлік қабілетті нормативтік-құқықтық база жасау, ең алдымен, лизингті дамытудағы мемлекеттің негізгі міндеттері болып саналады.

Қазақстандағы лизингтік қатынастарды құқықтық реттеу ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заң қабылданғаннан кейін белсенді дами бастады. Осыған дейін 90-шы жылдардың басына дейінгі кезеңде лизингті арнайы құқықтық реттеу болған жоқ. Қазақ КСР-дың Азаматтық кодексінде мүліктік жалдау (жалға беру) ұғымы болды, ал «лизинг» ұғымы оған таныс емес болды [7].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (ерекше бөлім, 29-тараудың 2 параграфы «Лизинг») лизингтік мәмілелерге сипаттамалар беріледі. Ол сегіз баптан тұрады, онда лизинг шарты, шарт заты, шарт затын табыстау (беру) тәртібі, кездейсоқ жойылу тәуекелінің жалгерге ауысуы, сатушының жауапкершілігі анықтамалары берілген [7].

ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңы лизингтік операцияларға тән негізгі ұғымдар мен анықтамаларды ашып көрсетеді, лизингтік қатынастарға қатысушыларды анықтайды. Мұнда тараптардың құқықтары мен міндеттері тұжырымдалған; лизингтік шарттың негізгі талаптары; лизингтік мүлікті сақтандыру тәртібі; тараптар арасындағы, оның ішінде, халықаралық лизингтегі дауларды шешу тәртібі берілген; лизингтік төлемдердің құрылымы мен құрамы; лизингтік қызметті лицензиялау талабы белгіленеді. Заңның аталмыш жобасы лизингтік жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік кепілдіктерді, лизингтік операцияларға қатысушыларға жабдықтың өтемпұлдарының мерзімдерін дербес анықтау құқықтарын беруді, компанияны құрғаннан кейін 1 жыл бойы салық төлемдерінен босатуды, белгілі бір салаларда жұмыс

жасайтын лизингтік компаниялар үшін бірқатар салық жеңілдіктерін беруді көздейді [1].

Лизинг Қазақстанның кәсіпкерлік қызметіндегі жаңа бағыт ретінде, біздің пікіріміз бойынша, қабылданатын нормативтік-құқықтық актілерді үнемі талдап отыруды және нормативтік құжаттардың қолданыстағы жүйесіне үнемі жүргізілетін мониторингті ескере отырып, оларға жүйелі түзетулер жасауды, лизингтің дамуына кедергі келтіретін ережелерді анықтауды және оларды уақытылы жоюды көздейді.

Лизингке лизинг беруші бұрын пайдаланған мүлік емес, жаңа, оны лизингке табыстау айрықша мақсатында лизинг беруші арнайы сатып алған мүліктің тапсырылатындығы, лизингтің негізгі ерекшелігі болып табылады. Оның мерзімінің жабдықтың қызмет мерзіміне жақындайтындығы, лизинг үшін тән болып саналады. Лизингтің мерзімі аяқталғаннан кейін шарт талаптарына сәйкес лизинг алушы мүлікті меншігіне алуға, шартты неғұрлым жеңілдікті жағдайларда қалпына келтіруге, я мүлікті лизинг берушіге қайтаруға құқылы [1].

ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес «ғимараттар, құрылыстар, машиналар, инвентарь, көлік құралдары, жер телімдері мен өзге де уақытша пайдаланылатын тұтыну объектілері лизинг заты болуы мүмкін. Бағалы қағаздар мен табиғи ресурстар лизинг заты болуы мүмкін». Өйткені лизинг шартының мазмұны бөтен затты уақытша пайдалануды құрайды, сондықтан уақытша пайдаланылмайтын тұтыну объектілері ғана лизингке тапсырылуы мүмкін. Лизинг затына жалға алған затты кәсіпкерлік мақсаттар үшін пайдалану талабы қойылады [7].

Лизинг мүлкін сатып алуды қаржыландыруды меншікті немесе займ қаражаттар есебінен лизинг берушілер (лизингтік компаниялар) жүзеге асырады.

Лизингтің жабдық сатып алуға берілген несиемен ұқсастығы бар. Бізді көзқарасымызша, шынында да, лизингті лизинг компаниясының мерзімділік, қайтарушылық, ақылылық жағдайларында лизинг алушыға несие беру негізіндегі мүліктік қатынасы ретінде қарастыруға болады. Алайда, бұл лизинг сипаттамаларының бірі ғана. Өзге негізгі сипаттамалар меншік қатынастарға негізделеді. Лизинг кезінде жалгерлік затына меншік лизинг берушіде сақталады, ал лизинг алушы оны уақытша пайдалануға ғана сатып алады, яғни мүлікті пайдалану құқығы оған иелік ету құқығынан бөлектенеді. Осы құқыққа ие болғаны үшін лизинг алушы лизингтік компанияға, тиісті сомаларды (лизингтік төлемдерді) төлейді, аудару мөлшері, түрі мен кестесі екіжақты лизингтік шарттың талаптарымен анықталады.

Өйткені көпшілік жағдайларда сатушыны таңдау жауапкершілігі лизинг алушыға жүктеледі, егер лизинг шартында басқалай көзделмесе, лизинг беруші, лизинг шартының талаптарына сәйкес сатушыны таңдауды лизинг беруші жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда, сатып алу-сату шарты бойынша оның міндеттерін сатушының орындауына лизинг алушы алдында жауап бермейді. Сатушыны лизинг беруші таңдаған жағдайда, сатып алу-сату шартының талаптарын орындамағаны үшін лизинг алушы алдында лизинг беруші сатушымен ынтымақты жауапкершілік көтереді [1].

Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі туралы» Заңының 12-бабының 5-тармағына сәйкес «лизинг алушы лизинг мүлкін ұстап тұру, егер лизинг шартында басқалай қарастырылмаса, лизинг беруші алдында өзінің жауапкершілігін сақтандыруды қоспағанда, оны сақтандыру бойынша бүкіл шығыстарды өзі көтереді» [1].

Мүліктік сақтандыру шарты бойынша келесі мүліктік мүдделер сақтандырылуы мүмкін:

- белгілі бір мүліктің жоғалу (жойылу), жетпей қалу немесе зақымдану тәуекелі;
- өзге тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі, сондай-ақ шарттар бойынша жауапкершілік тәуекелі – азаматтық жауапкершілік тәуекелі;
- кәсіпкер контрагенттігінің өз міндеттемелерін бұзуынан немесе кәсіпкерге қатысты емес мән-жағдайлар бойынша осы қызмет жағдайларының өзгеруінен кәсіпкерлік қызметтен шеккен шығындар тәуекелі, оның ішінде күткендегідей кірістер алмау тәуекелі – кәсіпкерлік тәуекел. Мүлік, заңда негізделген өзге құқықтық актідегі немесе шарттағы тұлғаның (сақтандырушының немесе пайда алушының) пайдасына осы мүлікті сақтандыру мүддесі үшін сақтандыру шарты бойынша сақтандырылуы мүмкін. Әрі сақтандырылушының немесе пайда алушының мүлікті сақтандыруға мүддесі жоқ болған кезде жасалған мүлікті сақтандыру шартының заңды күші жоқ [6].

Қазақстанда бухгалтерлік есепті жүргізу 2007 жылдың 28-ақпанындағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңымен және 17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартымен (ХҚЕС (IAS)) реттеледі.

Салық салу мақсатында қаржы лизингі мәмілені тану үшін, қаржы лизингі шарты Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі туралы» Заңына сәйкес жасалуы тиіс.

Салық салу мақсатында қаржы лизингі танымайтын лизингтік операцияларды, қаржы лизингі үшін ҚР Салық кодексі белгіленген. Мәселен, жер, өтемпұлға жатпайтын ұзақмерзімді актив болып саналады, демек, жер телімі лизингі салық салу мақсатында қаржы лизингі болып танылмайды. Қаржы лизингінің корпоративтік табыс салығы мен ҚҚС бойынша жеңілдіктер түрінде өз ерекшеліктері бар [8].

Корпоративтік табыс салығының (КТС) салық салу объектілері болып келесілер саналады: салық салынатын кіріс; төлем көзінен салынатын кіріс; тұрақты өкілдік арқылы Қазақстанда қызметін жүзеге асыратын, резидент емес заңды тұлғаның таза кірісі. Салық салынатын кіріс жиынтық кіріс пен Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 91 және 122-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдер мен кіріске түзетулер жасауды ескере отырып анықталады. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20% мөлшерінде белгіленген [8].

Лизинг берушінің салық салынатын кірісі, кейін оларды лизинг алушыға берумен үш жылдан асатын мерзімге берілген негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша сыйақы сомасына азайтылады. Лизинг берушінің лизинг затын сатып алуға несиелер бойынша несие алушы резидентке төлейтін сыйақысы, толық көлемде шегерімдерге жатқызылады. Егер несие алушы Қазақстанның резиденті емес болып саналса, осы резидент емеске төленген сыйақы сомасы, лизинг берушінің меншікті капиталының орташа жылдық міндеттемелеріне қатынасы және белгіленген шекті коэффициенті (қаржы ұйымдары үшін коэффициент 7-ге, ал өзге заңды тұлғалар үшін – 4-ке тең) ретінде анықталады [8].

1-формула бойынша келесі түрде көрсетуге болады:

$$ЕС = ОК \div ОМ \times С \times К \qquad (1)$$

мұндағы, ЕС – есептік сома шектеріндегі шегерімдер;

ОК – лизинг берушінің меншікті капиталының орташа жылдық сомасы;

С – сыйақы сомасы;

К – шекті коэффициент;

ОМ – орташа жылдық міндеттемелер сомасы.

Қаржы лизингі шарты бойынша лизинг берушіге төлейтін сыйақы сомасын лизинг алушының шегерімдерге жатқызу тәртібі, лизинг компанияларының несиелері бойынша сыйақы шегерімдеріне жатқызудың жоғарыда айтылған тәртібіне ұқсас.

Салық есебінде лизинг затын лизинг алушы есепке алады, яғни лизинг алушының белгіленген активтерінің ішкі топтарының құндық теңгеріміне кіргізуге жатады. Сәйкесінше лизинг затының құны ҚР Салық кодексімен белгіленген нормалар бойынша өтемпұлдық аударымдар түрінде лизинг алушының шегерімдеріне жатқызылады. Бұл ретте лизинг алушы Қазақстан аумағында алғаш рет енгізілген негізгі құралдарды пайдалану бойынша бірінші жылы екі (қосарлы) норма бойынша өтемпұл есептеуге құқылы [8].

Өйткені лизинг инвестициялық қызметтің түрі болып саналады, лизинг алушылар – заңды тұлғалар – ҚР Салық кодексінің 138-140-баптарына сәйкес корпоративтік табыс салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша инвестициялық салық преференцияларын алу мүмкіндігіне ие [8]. Инвестициялық салық преференциялары, салық салудың арнайы режимі қолданылатын заңды тұлғалар қызметіне қатысты, сондай-ақ егер бұл қызмет 2003 жылдың 8-мамырындағы №436 Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, қызметтің басым түрлерінің Тізбесіне кірмесе, соған қатысты берілмейді [9]. Преференциялар инвестор мен Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті арасында жасалған келісімшартта белгіленген мерзімге беріледі, бірақ:

− инвестициялық жоба шеңберлерінде пайдалануға берілген белгіленген активтер бойынша мүлік салығынан босату;

− жер салығынан босату – инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін сатып алынған немесе пайдаланылатын жер телімдері бойынша;

− инвестициялық жоба шеңберлерінде пайдалануға енгізілген белгіленген активтер құнын, преференциялардың қолданыс мерзімі ішінде тең үлестермен шегерімдерге жатқызу түрінде 5 жылдан артық емес.

Қазақстан аумағында қаржы лизингіне мүлікті беруден алған резидент емес лизинг берушінің кірістері сыйақыларды қоспағанда төлем көзінен салық салуға жатпайды. Осындай шарттар бойынша төленетін сыйақы сомасы 10% мөлшерлеме бойынша көзден салық салуға жатпайды [9, 45-б.].

Салық агенттері (аталмыш жағдайда бұл, түпкі лизинг алушылар немесе жабдықтарды сублизингке беретін лизинг компаниялары болуы мүмкін) резидент емес лизинг берушіге кірістерді (сыйақыларды) төлу кезінде, екі (қосарлық) салық салуды болдырмау туралы қолданыстағы Халықаралық шарттың нормаларын қолдануға құқылы.

ҚР Салық кодексіне сәйкес ҚҚС-тан босатылғандарды қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан өткізу орны болып саналмайтын, ҚҚС төлеушілері жасайтын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу айналымы, ҚҚС бойынша салық салынатын айналым болып саналады. Мұнан өзге, Қазақстан аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар импорты (ҚҚС-тан босатылғандарды қоспағанда), салық салынатын айналым болып саналады. ҚҚС мөлшерлемесі – 12 % [8].

Бюджетке төлеуге жататын қосымша құнға салынатын салық, салық салынатын жеткізілімдер бойынша есептелген салық сомасы мен есепке алуға жатқызылатын сома арасындағы айырма ретінде анықталады. Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) оның ішінде салық салынатын жеткізілімдер үшін пайдаланылатын импортталған тауарлардың есепті кезеңі ішіндегі нақты өзіндік құнның бағасына салынған салық, есепке алуға жатқызылатын, қосымша құнға салынатын салық сомасы болып саналады.

Мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде салық салынатын айналым мөлшері, оған сыйақы мен ҚҚС сомасын кіргізусіз, қаржы лизингі шартына сәйкес белгіленген, лизинг төлемінің мөлшері негізінде анықталады. Мүлікті қайтарылатын лизинг шарты бойынша беру кезінде, салық салынатын айналым мөлшері, сыйақы сомасын қоспағанда, бүкіл лизингтік төлемдердің жалпы сомасы ретінде анықталады.

Импорттың салық салынатын айналымының мөлшері импортталатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ импортқа салынатын ҚҚС-ты қоспағанда, Қазақстанға тауарлар импорты кезінде бюджетке төлеуге жататын салықтар мен өзге де міндетті төлемдер сомалары негізінде анықталады.

ҚР Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген негізгі құралдар импорты, кейін қаржы лизингіне беру үшін ҚҚС-тан босатылған [9, 76-б.].

Лизинг берушілер әдетте ҚҚС төлеушілері болып саналады және сәйкесінше, лизингке беруге жататын тауарлар жеткізушілеріне төленген, жеткізушілерге салынған ҚҚС сомалары толық көлемде есепке жатқызылады (бөлек әдіс). Лизингке беруге арналмаған, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша ҚҚС, негізінен айналымның жалпы

сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағы негізінде, пропорционалдық әдісі бойынша есепке алуға жатқызылады. Салық салынбайтын айналымға келетін ҚҚС үлесі, салық салынатын кірісті анықтау кезінде шегерімдерге жатқызылады.

Егер ол ҚР Салық кодексінің 207-бабына сәйкес ҚҚС төлеушілері болып саналса, лизинг шартымен белгіленген, лизингтік төлемдер төлеу мерзімдерінің лизингтік мәмілелер бойынша ҚҚС-ты есепке алуға жатқызады. Қайтарылатын лизинг шарты бойынша мүлікті алу кезінде лизинг алушы ҚҚС сомасын толық мөлшерде есепке алуға жатқызуға құқылы. Егер лизинг алушы ҚҚС төлеушісі болып саналмаса, сол жағдайда, ҚҚС сомасы лизинг затының қымбаттауына жатқызылады және өтемпұлдар аударымдары құрамында шегерімдерге жатқызуға жатады [8].

Жер салығын төлеу кезінде, жер телімі салық салу объектісі болып саналады. Өзінің:

- меншік;
- тұрақты жер пайдалану;
- бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығында жер телімдері бар жеке және заңды тұлғалар жер салығын төлеушілер болып саналады.

Жер телімі ауданы (алаңы), жер салығын анықтау үшін салық базасы болып саналады. Салық мөлшерлемесі, жердің санатына, топырақтың сапасына, жекелеген санаттарға белгіленген коэффициенттерге қатысты жер телімі ауданының бірлігіне есептеумен белгіленеді.

Жер телімі лизингі кезінде, лизинг беруші жер салығын төлеуші болып саналады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) Қазақстанда есепте тұратын, тіркеуіштерді қоспағанда, көлік құралдары салық салу объектілері болып саналады. Келесілер:

- жүк көтергіштігі 40 тонна және одан жоғары карьерлік автосамосвалдар;
- мамандандырылған медициналық көлік құралдары салық салу объектілері болып саналмайды [8].

Көлік құралдарын лизингке беру кезінде лизинг беруші, сәйкесінше салық төлеуші болып саналады. Салық мөлшерлемелері көлік құралының түріне, қозғалтқыштың көлеміне, жүк көтергіштігіне, қуатына қатысты, айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген.

Бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталатын материалдық емес активтер мен негізгі құралдардың орташа жылдық құны, заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер үшін салық салу объектісі болып саналады. Лизинг алушы қаржы лизингі объектісі бойынша салық төлеуші болып саналады.

Қызметтің жекелеген түрлері мен олар үшін салық мөлшерлемесі 0,1% құрайтын, кейбір ұйымдық-құқықтық формадағы (мысалы, әлеуметтік аяда қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мен коммерциялық емес ұйымдар) кәсіпорындарды қоспағанда, салық мөлшерлемесі 1%-ды құрайды. Арнайы экономикалық аймақтарда қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін, салық мөлшерлемесі 0%-ды құрайды [8].

Енді кеден төлемдерін қарастырып көреміз. Қазақстанның кеден заңнамасы Кеден кодексінен, сондай-ақ өзге нормативтік-құқықтық актілерден тұрады [10].

Қазақстанда келесі негізгі кеден төлемдері қолданылады:

- кеден баждары;
- кендендік алымдар (кендендік ресімдеу үшін алым, кендендік сүйемелдеу үшін алым, тауарларды сақтағаны үшін алым);
- импортқа салынатын ҚҚС;
- акциздер [10].

Қазақстанның кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарлар бойынша акциз және ҚҚС-ты есептеу мен төлеу тәртібі ҚР Салық кодексінде белгіленген.

ҚР Салық кодексімен тізбесі бекітілген, Қазақстанға әкелінетін акциздік тауарлар салық салу объектісі болып саналады, ал акциз мөлшерлемелерін ҚР Үкіметі белгілейді. Лизинг заттары болуы мүмкін импортталатын акциздік тауарлардың қатарына жеңіл автомобильдер жатқызылады.

Импорттық кеден баждарының мөлшерлемелерін Қазақстан Үкіметі тауарлардың кендендік құнынан пайыздармен немесе тауардың заттай бірлігі үшін еуромен белгілейді. Дамушы елдерден әкелінетін тауарларға қатысты, белгіленгеннен 75% мөлшеріндегі мөлшерлемелер қолданылады. Нашар дамыған елдерден әкелінетін тауарлар баждар салынудан босатылған. Дамушы және нашар дамыған елдер мен тауарлар тізбесін, сондай-ақ Қазақстан Үкіметі белгілейді.

Оның қай елден шыққаны анықталмаған мемлекеттерден импортталатын тауарларға қатысты, екі есе ұлғайтылған кендендік баждар мөлшерлемелері қолданылады.

ТМД елдерінен шығарылатын және Қазақстан аумағына әкелінетін және Қазақстан мен ТМД елдері арасында жасалған екіжақты келісімдердің ықпалына түсетін тауарларға кеден баждары салынбайды.

Тауарлар мен көлік құралдарын кендендік ресімдегені үшін алым, жүк кендендік декларацияларының әрбір негізгі парақшасы үшін 50 еуро мөлшерінде және жүк кендендік декларацияларының әрбір қосымша парақшасы үшін 20 еуро мөлшерінде белгіленген [10].

Лизингтік мәмілелерді кендендік реттеу:

- резидент лизинг алушы лизинг затын шетелдік лизинг берушіден тікелей алған немесе Қазақстанның резидент лизинг компаниясы лизинг затын, одан әрі сублизингке беру үшін шетелдік лизинг берушіден алған немесе Қазақстанның резидент лизинг компаниясы лизинг затын шетелдік лизинг алушыға берген кездегі халықаралық лизинг;
- Қазақстанның резидент-лизинг компаниясы, одан әрі лизингке беру үшін лизинг затын шетелдік жеткіушіден сатып алады [10].

Халықаралық лизинг шарттары бойынша Қазақстанға әкелінетін тауарларға қатысты, тауарларды еркін айналысқа шығару және уақытша әкелу кендендік режимдері қолданылуы мүмкін.

Тауарларды еркін айналысқа шығару, бүкіл көзделген кеден төлемдері мен салықтарын төлеген кезде ғана болуы мүмкін. Лизингке қатысты осындай режим, халықаралық лизинг шартында меншік құқығының лизинг берушіден лизинг алушыға (сублизинг берушіге) ауысуы көзделген жағдайда немесе лизинг компаниясы одан әрі лизингке беру үшін лизинг затын шетелдік жеткізушіден сатып алған жағдайларда қолданылады.

Уақытша әкелу режимі, меншік құқығының лизинг алушыға (сублизинг берушіге) ауысуын көздемейтін, халықаралық лизинг шарты бойынша әкелінетін лизинг заттарына қатысты қолданылады.

Уақытша әкелу мерзімі 3 жылдан артып кете алмайды. «Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі қолданылатын лизинг затының Тізбесіне» енгізілген тауарлар бойынша, уақытша әкелу мерзімі лизинг шартының мерзімдеріне сәйкес белгіленеді.

Осылайша, еркін айналысқа шығару режиміне уақытша әкелу режимі өзгерген жағдайда (мысалы, меншік құқығының ауысуын көздейтін лизинг шартының талабына өзгеріс енгізу кезінде) кеден төлемдері мен салықтар толық көлемде немесе кеден төлемдері мен салықтарды төлеуден ішінара босатылған кезде бұрын төленген сомаларды ескере отырып төленеді. Бұл ретте ҚҚС-тан босатылған негізгі құралдар Тізбесіне кіретін лизинг заттары бойынша импорт кезінде кейін қаржы лизингіне беру үшін ҚҚС төленбейді [10].

1.3 Лизингтік және қаржылық жалгерлікті салыстырмалы талдау. Қаржылық жалгерлікті және лизингті танудың мән-маңызы мен өлшемдері

Қазақстандағы лизинг, негізгі құралдарды жаңалаудағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын ұзақмерзімді инвестициялаудың басты құралдарының бірі болып саналады.

Қаржы лизингін танудың мән-маңызы мен өлшемдері ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңда көрініс тапқан. Қаржылық жалгерлік ұғымы мен жіктеу белгілері 17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартында (ХҚЕС) көрсетілген.

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес, тәуекелдер мен пайдалардың жалгерге ауысатындығы қаржылық жалгерліктің маңызы болып табылады [6].

Қаржы лизингінің маңызы ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңға сәйкес анықталады. Бұл, лизинг беруші сатушыдан меншікке сатып алынған және шартта келісілген лизинг затын, белгілі бір ақысына және кәсіпкерлік мақсаттар үшін кем дегенде үш жыл мерзімге уақытша иелену және пайдаланудың белгілі бір жағдайларында лизинг алушыға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі [1].

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IAS) бойынша қаржылық жалгерлікті тану өлшемдері:

- жалға алған мүліктің пайдалы қызметінің мерзіміне жалгерлік кезеңі сәйкес келеді немесе аса жуық;

- жалгерлік мерзімнің басында ең төменгі жалгерлік төлемдердің дисконтталған құны, ең аз деген шекте, жалға алатын активтің тәжірибеде бүкіл әділетті құнын құрайды;

- активтерге меншік құқығы жалгерлік мерзімінің соңында жалгерге ауысады;

- жалгерлік шартында, жалгерлік мерзімінің соңында немесе жалгерлік мерзім ішіндегі кез келген өзге сәтте жалға алған мүлікті әділетті құнынан анағұрлым төмен баға бойынша, жалгердің сатып алу құқығы көзделген;

- жалға алған мүліктің өзіндік ерекшелігі бар екені соншалықты, жалгер ғана пайдалана алады [1].

Соның негізінде жалгерлікті қаржы жалгерлігі ретінде саралауға болатын қосымша белгілер болып келесілер саналады:

1) жалгердің жалға алуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, осындай мерзімінен бұрын тоқтатумен байланысты, жалға берушінің бүкіл шығындары (залалдары) жалгерге ауысады;

2) жалгерлік мерзімінің соңында жалгер активтің қалған құнының ауытқуынан алған кірістерді өзі алады немесе шығындарды өзі жабады (мысалы, жалгерлік мерзімінің соңында сатудан түскен түсімдердің үлкен бөлігіне тең жалгерлік ақылардан жеңілдіктер түрінде);

3) жалгердің жалгерлікті созуға мүмкіндігі бар, әрі ұзартылған кезеңдегі жалгерлік төлемдер нарықтық төлемдерден анағұрлым төмен болады [1].

ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңға сәйкес қаржы лизингін тану өлшемдері:

- лизинг затын лизинг алушыға тапсыру және (немесе) белгіленген баға бойынша лизинг затын сатып алуға лизинг алушыға құқық беру лизинг шартымен анықталады;

- лизинг мерзімі лизинг затының пайдалы қызмет мерзімінен 75 пайыз артып кетеді;

- лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі лизинг төлемдерінің ағымдағы (дисконтталған) құны лизингтің тапсырылатын заты құнынан 90 пайыз артып кетеді [1].

Осылайша, қаржылық жалгерлік пен қаржы лизингін салыстыру нәтижелері бойынша, «қаржылық жалгерлік» пен «қаржы лизингі» ұғымдары маңызы бойынша да, сол сияқты тану өлшемдері бойынша да өзгешеленеді.

Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі туралы» Заңының 22-бабына сәйкес, лизинг есебі бухгалтерлік есеп жөніндегі заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс [1].

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес қаржы лизингі (қаржылық жалгерлік) бойынша тәртіпте лизинг алушының (жалгердің) бухгалтерлік есебінде көрсетіледі [6].

Жалгер қаржы лизингінің шарты мен объектіні қабылдау-тапсыру актісінің негіздерінде ең төменгі лизингтік төлемдердің дисконтталған құны мен әділетті құнынан ең төменгі құн бойынша актив және міндеттемелер ретінде қаржылық жалгерлікті көрсетуі тиіс.

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (IAS) талаптарына сәйкес, жалгерлік қаржылық жалгерлік болып танылуы мүмкін, бірақ ол ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңға сәйкес қаржы лизингін танудың өлшемдерін қанағаттандырмауы мүмкін (мысалы, мерзімі кем дегенде үш жыл қаржылық жалгерлік) [1].

Актив ретінде бастапқы тану өзіндік құны бойынша жүргізілуі тиіс. Өндіруші немесе дилер болып саналатын, жалға беруші жалгерлік мерзімінің басында таныған сатудан түскен түсім, екі мәнінің – активтің әділетті құнының немесе сыйақының нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептелген, жалға берушіге есептелетін ең төменгі жалгерлік төлемдерінің келтірілген құнының ең төменгі құны болып көрінеді.

Жалгерлік мерзімінің басында танылған сатудың өзіндік құны, кепілдендірілмеген қалдық құнның келтірілген мәнін шегергендегі заты болып саналатын мүліктің өзіндік құны немесе теңгерімдік құны (егер ол өзіндік құннан өзгешеленетін болса) болып көрінеді. Кәдімгі сатуларға қатысты кәсіпорынның есеп саясатына сәйкес танылатын, сатудан алған пайда, сатудан алған пайда мен сатудың өзіндік құны арасындағы айырманы құрайды [6].

Міндеттемелер ретінде бастапқы тану, актив болып танылған сомаға қосылатын кез келген бастапқы шығындарды қоспағанда, актив және дисконтталған құн болып танылған сомаға қосылатын, кез келген бастапқы шығындарды қоспағандағы әділетті құннан ең төменгі құнға тең сомада танылады.

Қаржылық жалгерлік пен қаржы лизингін салыстыру нәтижелері бойынша, «қаржылық жалгерлік» пен «қаржы лизингі» ұғымдары маңызы бойынша да, сол сияқты тану өлшемдері бойынша да өзгешеленеді деген қорытынды жасауға болады.

Осылайша біз, қаржы лизингі жағдайларында оларды жалға беру, ұзақмерзімді активтерді жаңалауды қаржыландырудың неғұрлым тиімді формасы деп санаймыз.

Қаржы лизингі (қаржылық жалгерлік) – тез және алдын ала болжап білуге болмайтын түрде ескіретін зат орнына, көптеген жоғары технологиялы өнімдерді пайдалану үшін тартымды балама болып саналады [1].

Осылайша, мүлікті жаңалауды қаржыландырудың әр түрлі формалары кезінде төлемдердің қосынды (жиын) ағындарын салыстыру, ұзақмерзімді материалдық активтердің жекелеген түрлерін сатып алу немесе жалға алу туралы басқару шешімдерін қабылдаулың өлшемі болып саналады. Ақша ағындарының тиімділігі шешімдердің осындай негізгі нұсқалары бойынша қазіргі құнымен салыстырылады: 1) меншікті қаржы ресурстары есебінен жаңаланатын ұзақмерзімді материалдық активтерді меншікке сатып алу; 2) ұзақмерзімді банк несиесі есебінен жаңаланатын ұзақмерзімді материалдық активтерді меншікке сатып алу; 3) жаңалауға жататын ұзақмерзімді материалдық активтерді жалға алу (лизинг).

1.4 Лизингті өлшеу қағидаттары

Қаржы лизингі келесі функцияларды орындайды:

- заем капиталының неғұрлым тапшы түрі – ұзақмерзімді несиеге деген қажеттілікті қанағаттандырады. Қазіргі кезеңде ұйымдарды ұзақмерзімді банктік несиелендіру аса азайып кетті және бұл ұзақмерзімді активтер құрамын жаңалаумен және кеңейтумен байланысты олардың инвестициялық қызметін тежейді;

- ұйымдардың заем қаражаттарға деген мақсатты қажеттіліктерін толық қанағаттандырады. Ұзақмерзімді активтердің құрамын жаңалау және кеңейту нақты мақсаттарында қаржы лизингін пайдалану ұйымның – заем капиталының неғұрлым тапшы түріне – ұзақмерзімді несиеге деген қажеттілігін болдырмауға мүмкіндік береді;

- несиені толық қамтамасыз етуді автоматты түрде қалыптастырады және бұл, оны тарту құнын төмендетеді. Ол, лизингке алынған активтің өтемпұлының бірте-біртелігімен байланысты, ұйымның негізгі қарызды өтеуін қажет етпейді;

- ұйымның қаржылық қауқарсыздығы (банкроттығы) жағдайында, лизингтік төлемдердің төленбеген бөлігі мен мәміле бойынша тұрақсыздық таныту сомасын өтеу мақсатында несие алушының өзі жүзеге асыруы мүмкін лизинг затының өзі, несиені осындай қамтамасыз ету формасы болып табылады. Лизинг берушінің (лиссор) пайдасына лизинг алушының (рейтор) лизинг затын міндетті сақтандыруы, несиені осындай қамтамасыз етудің қосымша формасы болып саналады. Лизинг берушінің несие тәуекелі деңгейін төмендетуі, ұйымның қаржы ресурсының осы түрін тарту құнын сәйкесінше төмендету үшін алғышарттар жасайды.

- қарызға қызмет көрсетумен байланысты, төлемдер формаларының неғұрлым кең диапазонын қамтамасыз етеді. Оның негізгі сомасын қайтару және қарызға қызмет көрсету ақшалай төлемдер формасында жүзеге асырылатын банк несиесінен өзгешелігі, қаржы лизингі осындай төлемдерді басқалай формаларда, мысалы, лизинг берілетін активтердің қатысуымен жүргізілетін, өнімдерді жеткізу формасында жүзеге асырылады [1];

- қарызға қызмет көрсетумен байланысты, төлемдер мерзімдерінің үлкен икемділігін қамтамасыз етеді. Банк несиесін өтеу мен оған қызмет көрсетудің дәстүрлі практикасынан өзгешелігі, қаржы лизингі, лизингке берілетін активті пайдалану сипаты мен мерзімін ескере отырып, ұйымдарға лизингтік төлемдерді сызбалардың неғұрлым кең диапазоны бойынша жүзеге асыру мүмкіндігін береді және бұл несие құралын пайдалануды неғұрлым артықшылықты етеді.

Өндірістік, өткізу және инвестициялық функция, лизингтің маңызды функциялары болып саналады.

Өндірістік функция әр түрлі салалардағы (құрылыс, жеңіл және ауыр өнеркәсіп, ауыл шаруашылық өндірісі) кәсіпорындар өндірісін дамытуға оң ықпал етеді. Осы салалар кәсіпорындары үшін лизинг – бұл қымбат тұратын негізгі құралдарды сатып алу тәсілдерінің бірі.

Сатушы (өндірістік құралдарды жасаушы) үшін өткізу функциясы – қаржы лизингінің өз өнімдерін өткізу (өткізу арнасы) тәсілдерінің бірі болып көрінетіндігі болып табылады.

Келесілер инвестициялық функция болып саналады. Лизинг беруші, кейін лизингке беру мақсатында, сатушыдан мүлікті сатып ала отырып, негізінен өндірістік мүлікке қаражат салуды жүзеге асырады және болашақта пайда алуды күтеді, яғни мүліктің құны өзін-өзі ақтап қана қоймай, оған табыс әкеледі.

Лизинг өлшемін зерттеудегі оның маңызды тұсы келесі болып саналады:

- мерзімділік, ақылылық, қайтарушылық – лизингті қаржыландыру қағидаттары;
- инновациялық, үнемділік, мақсатты бағытталушылық, мүліктік жауапкершілік;
- шарттық қатынастар, тараптардың теңқұқылығы, қатынастардың еріктілігі;
- меншік иесінен пайдаланудың мүліктік құқығымен айрықшалану, мүліктің меншік иесінің өзгеруі кезінде шарттың үзілмеушілігі.

Лизингпен жасалатын инвестициялық жобаларды бағалаудың өзіндік ерекшелігі. Инвестицияларды қаржыландырудың әр түрлі формаларын пайдалану оларды талдауды және неғұрлым оңтайлы және қолайлы сызбаларды таңдауды болжайды. Инвестицияларды қаржыландырудың келесі негізгі формалары қолданылады: меншікті капитал есебінен немесе заем капиталы есебінен.

Инвестициялық жобалар. Онда лизинг жағдайларында жабдықтарды сатып алудың баламасы қарастырылады, негізгі тиімділік көрсеткіштерін анықтау кезінде ерекше тәсілдемені қажет етеді. Осындай жобалар бағалаудың төмендегідей өзіндік ерешелігімен өзгешеленеді:

- өзін-өзі ақтаушылықтың классикалық мерзімі, капитал шығындары мен айналым капиталының өсімінен қалыптасатын, жұмсалған инвестициялық шығындарды ескере отырып есептеледі. Жабдықтар лизингі кезіндегі шығындар – лизингтік төлемдер – ағымдағы шығындар болып саналады. Сондықтан жобаны жүзеге асырудың бастапқы кезеңдеріндегі капитал шығындары соншалықты көп емес немесе нөлге тең. Бұл жағдайда, есептеу, мысалы, инвестициялардың өзін-өзі ақтаушылық мерзімін классикалық әдістеме бойынша есептеу толықтай шекте дұрыс бола бермейді: бірқатар жобаларда ол өте аз болуы мүмкін;
- жобаның тиімділік көрсеткіштерін есептеу үшін классикалық нұсқадағы ақшалай қаражаттардың таза ағыны, қаржыландырудың – меншікті және займ көздерін есепке алусыз, жобаның ақша ағындарының сомасы ретінде анықталады. Толық инвестициялық шығындардың тиімділігін анықтау ағындары, меншікті капитал көзқарасы тұрғысынан жобаның тиімділігін анықтау ағындары, сондай-ақ есептеліп шығарылады. Лизинг тетігі арқылы қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін «шартты көрсеткішті» - «жиынтық дисконтталған ақша ағынын» пайдалауға болады. Аталмыш көрсеткіш ақша қаражатының жылыстауындағы лизингтік

төлемдерді ескере отырып есептелуі мүмкін. Бұл ретте, лизинг сызбаларын, өзге де маңызды тұстарды пайдалану кезінде туындайтын, салық аударымдарын қысқартуды ескеру қажет: лизинг кезінде лизинг затына 3-ке дейінгі жеделдету коэффициентімен жеделдетілген өтемпұлды қолдану мүмкіндігі бар, бұл пайдаға және мүлікке салынатын салық бойынша төлемдерге түбегейлі әсерін тигізуі мүмкін (қосымша шығындар – лизинг кезіндегі құрастыру, жеткізу, мүлікті сақтандыру лизинг шарты бойынша төлемдерде ескерілуі мүмкін); несие жағдайында, бұны қалай болғанда да, мысалы, меншікті қаражаттан қаржыландыру керек.

Осылайша, біздің пікіріміз бойынша, талдау үшін ақша ағынын қалыптастыру кезінде бір уақыт кезеңіндегі нұсқаларға салыстырулар жүргізу қажет. Қаралатын көкжиекті (горизонтты) таңдау айқындаушы болып саналады. Бұл, жобаны жүзеге асыру баламаларын салыстыру үшін негіз береді. Мысалы, бізге не тиімдірек – меншікті/заем қаражаттары есебінен жабдықтар сатып алу ма немесе жабдықты лизингке алу ма деген тұрғыдан. лизингтік мәмілелердің елеулі саны несиелер негізінде жасалады, бұл ретте лизинг компаниясы өз маржасын қосады және бұл, несиемен салыстырғанда лизингтің тиімділігі туралы кейбір күмән туғызады. Лизинг шартының мерзімі аса жиі түрде жабдықтың толық өтемпұлдарының мерзімімен сәйкес келеді, ұзақ мерзімге несие алу қиындау. Несие шартын жасағанға қарағанда, әдетте лизинг шартын жасау оңайырақ, өйткені төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету бойынша талап, несие бойынша қойылатын талапқа қарағанда төмен болып саналады.

2 ЛИЗИНГ ЕСЕБІ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ – ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

2.1 Лизингтік төлемдерді есептеу әдістемесі

ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңға сәйкес, лизинг алушының лизинг берушіге шарт заты – мүлікті пайдалануға оған құқығын бергені үшін төленетін жалпы сома, лизингтік төлемдер болып түсіндіріледі [1].

ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заң негізінде лизингтік төлемдерге: лизинг шартының бүкіл қолданыс мерзімі ішіндегі лизингтік мүліктің өтемпұлы, комиссиялық сыйақы, лизинг шартында көзделген, лизинг берушінің қосымша қызмет көрсетулері үшін төлеу, сондай-ақ егер шартта сатып алу көзделсе, сатып алатын мүліктің құны және көрсетілген құнды лизингтік төлемдер құрамындағы үлестер түрінде төлеу тәртібі кіреді [1].

Шарт тараптары лизинг төлемін төлеу формасын белгілейді. Төлемдер ақшалай, өтемақылық (өнімдермен немесе лизинг алушының қызмет көрсетулерімен) және аралас формада жүзеге асырылуы мүмкін.

Лизинг төлемін есептеу әдісін келісу кезінде тараптар келесі әдістерді таңдауы мүмкін:

– «жалпы сомасы белгіленген» әдіс, бұл кезде төлемдердің жалпы сомасы, тараптар келіскен мерзімділікке сәйкес шарттың бүкіл мерзімі ішінде тең үлестермен есептеледі;

– «алғытөлеммен («аванспен») төленетін әдіс, бұл кезде лизинг алушы шарт жасау кезінде – талаптар келіскен мөлшерде лизинг берушіге алғытөлем (аванс) төлейді, ал лизингтік төлемдердің жалпы сомасының қалған бөлігі (алғытөлемді алып тастағандағы) есептеліп, жалпы сомасы белгіленген төлемдерді есептеу кезіндегі сияқты, шарттың қолданыс мерзімі ішінде төленеді;

– «ең төменгі төлемдер» әдісі, бұл кезде төлемдердің жалпы сомасына шарттың бүкіл қолданыс мерзімі ішіндегі лизингтік мүліктің өтемпұл сомасы, лизинг берушінің пайдаланған заем қаражаттары үшін төлеу, комиссиялық сыйақы және шартта көзделген, лизинг берушінің қосымша қызмет көрсетулері үшін төлеу, сондай-ақ егер сатып алу шартта көзделсе, сатып алынатын лизингтік мүліктің құны.

Лизингтік төлемдер мерзімді: жыл сайын, тоқсан сайын, ай сайын, апта сайын, сондай-ақ ай күндері бойынша төлем жасау мерзімдерінде жүргізілуі мүмкін [1].

Төлемдерді азайту, мысалы, егер комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі тараптардың келісімімен, мүліктің өтелмеген құнына пайыздармен белгіленсе, сол уақытта жүргізілуі мүмкін. Егер лизинг затын сатып алу кезінде лизинг беруші несие ресурстарын тартқан болса, онда несиені өтеу кезінде, сондай-ақ пайдаланылатын несиелер үшін төлемақы мөлшері азайтылады.

Лизингтік төлемдерді есептеу, 1-кестеде көрсетілген формулалар бойынша жүргізіледі.

1-кесте

Лизингтік төлемдерді есептеу

Лизингтік төлем құрамы	Лизингтік төлеуді есептеу тәртібі
1.Өтемпұл аударымы (ӨА)	ӨА=*Nөа х ТҚ* (2) мұндағы, Nөа – объектіні есепке алу (қабылдау) кезінде анықталатын, өтемпұл аудырымдарының нормасы (объектіні пайдалану мерзіміне көп байланысты), ТҚ – объектінің теңгерім бойынша құны, лизингтік мәміленің тікелей заты
2.Пайдаланылған несие қаражаты үшін лизинг берушіге өтемақы	НТ =*ТҚ х НбМ (%)* (3) мұндағы, НТ - (несие үшін төлем), НҚ – лизинг объектісін сатып алуға пайдаланылған несие қаражаты, НбМ – несие бойынша мөлшерлеме *КСп=(Қбас+Қсоң) х D* (4) мұндағы, КСn – n жылдағы пайдаланылатын несие ресурстары үшін төлем, Қб, Қс – жыл басындағы және оның соңындағы лизинг объектісінің қалдық құны, D – лизинг объектісінің жалпы құнындағы заем қаражат үлесі
3.Комиссия я объектінің теңгерімдік құнынан, я жылдық орта қалдық құнынан есептелуі мүмкін	*Кп=ТҚ х Мөлшерлеме К(%)* (5) мұндағы, Кn – n жылдағы комиссия, ТҚ – теңгерім бойынша объекті құны, лизингтік мәміленің тікелей заты *Кп=(Қбас+Қсоң) х Мөлшерлеме К(%)* (6) мұндағы, Қбас, Қсоң – жылдың басындағы және оның соңындағы лизинг объектісінің қалдық құны, мөлшерлеме К – қандай да бір базаға қатынасы бойынша есептеліп шығарылатын комиссия бойынша мөлшереме
4.Лизинг берушінің қосымша (көмекші) қызмет көрсетулері	*Уп=У1+У2+…+Уm* (7) яғни лизинг беруші тарапынан лизинг алушыға әрбір көрсетілетін қызметке төлеу шығыстарының сомасы
5. Қосымша құн салығы (ҚҚС)	*ҚҚСп = Вп х Мөлшереме ҚҚС (%)* (8) мұндағы, В – n жылдағы лизинг шарты бойынша мәміледен түскен түсім.
Е с к е р т у: лизингтік есептеу негізінде авторлар құрастырды.	

Тараптардың келісуі бойынша төлемдер азаятын немесе көбейетін мөлшерлерде, тең үлестермен жүзеге асырылуы мүмкін. Лизингтік төлемдерді есептеу барысында лизингтік төлемдер құралдарын бір 9-формулаға біріктірген орынды болып көрінеді:

$$Вn=ӨАn+Кn+НТn+Уn \quad (9)$$

мұндағы, ӨА – өтемпұл аударымы,

Км – пайдаланылған несие қаражаттары үшін лизинг берушіге өтемақы,

НТn – n жылдағы несие үшін төлем,

Уn – лизинг беруші тарапынан лизинг алушыға әрбір көрсетілетін қызметті төлеу шығыстарының сомасы.

Аталмыш формула лизингтік төлемдерді есептеуді оңайлатуға мүмкіндік береді.

Ұсынылған формула бойынша лизингтік төлемдерді есептеу мысалы 2-кестеде көрсетілген.

Бастапқы деректер:

Теңгерім бойынша объекті құны: 100 000 000 тг. (несие қаражаттары есебінен толық сатып алынады)

Пайдалану мерзімі: 5 жыл

Шарт мерзімі: 3 жыл

Несие бойынша мөлшерлеме: 15 %

Лизинг берушінің комиссиясы: 10 %

Лизинг берушінің қызмет көрсетулері: 600 000 тг.

ҚҚС мөлшерлемесі: 12 %.

2-кесте

Бірінші жыл үшін лизингтік төлемдерді есептеу

Көрсеткіштер	Төлемді есептеу (тг)	1-ші жыл үшін төлемдер (тг)	2-ші жыл үшін төлемдер (тг)	3-ші жыл үшін төлемдер (тг)
1	2	3	4	5
Жоба сомасы	100 000 000/ 5 жыл	20 000000	20 000 000	20 000000
Несие үшін төлеу	100 000 000 + (100 млн.- - 20 млн.) х 15/100	27 000 000	21 000 000	15 000 000
Комиссия	(100 000 000 +80 000 000) х х 10/100	18 000 000	14 000 000	10 000 000
Қызмет көрсетулер	0,6 млн./3 жыл	200 000	200 000	200 000
Түсім ҚҚС	20 000 000 + 27 000 000 + +18 000 000 + 200 000 65,2 млн. х 18/100	65 200 000 1 736 000	55 200 000 9 936 000	45 200 000 8 136 000
Жыл үшін жиынтық лизингтік төлем	20 000 000 + 27 000 000 + + 18 000 000. + 0,2 млн.+ + 11,736 млн.	76 936 000	65 136 000	53 336 000
Е с к е р т у: құрастырған авторлар, лизингтік төлемдерді бөлу кестесін ай сайын тараптар тікелей лизинг шартымен анықтайды.				

Осылайша, біздің пікірімізше, лизингтік операциялар жасау үшін лизингтік жобалардың әр түрлі нұсқаларын, сол нұсқаларды жасау талабын, атап айтқанда, лизингтік төлемдерді төлеудің өзіндік ерешелігін бағалау қажет. Мұнан өзге, лизинг шарты, лизинг алушының лизинг объектісін қалдық құны бойынша (қосымша сатып алу-сату шартын жасау арқылы) алдағы уақытта сатып алуын қарастыруы мүмкін.

2.2 Лизинг беруші лизингінің есебі және салық салу

Лизингке тапсырылған жабдықтар лизинг берушінің де, сол сияқты лизинг алушының да теңгерімінде болуы мүмкін (ол лизинг шартында көрсетіледі). Объектінің өтемпұлын кім төлейтіні (амортизациялайтыны), соған байланысты болады.

Лизинг берушінің лизинг заты активінің өзіндік құнын қалыптастыру тәртібі ортақ белгіленген өзіндік құннан өзгешенбейді. Бухгалтерлік және салық есебінде активтің өзіндік құны, мысалы, негізгі құралды сатып алуға алынған несие бойынша лизинг беруші төлейтін сыйақыға өзгешеленуі мүмкін. Инвестициялық актив болып саналмайтын объектілер бойынша сыйақы, осындай тәртіпті есеп саясатында алдын ала бекітіп, бірден шығыстарға есептеп шығарылады. Біздің пікірімізше, бұл мүлік салығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Салық есебінде несие үшін төлеу бөгде шығыстарға есептелініп шығарылады. Есептеу әдісі кезінде несие үшін төлеу, өтеуге қатыссыз жатқызылатын есептік кезеңде көрсетіледі.

Мүлік лизинг компаниясының теңгерімінде болған кезде, негізгі құралдар активінің өзіндік құны өтемпұл есептеу жолымен есептеп шығарылады. Салық есебінде өтемпұлдың негізгі нормасына көтеріңкі коэффициент қолдануға болады, бірақ 3-тен жоғары емес [8].

Егер лизинг шартының қолдану уақыты аяқталса, ал негізгі құралдың толық өтемпұлы шығарылмаса (амортизацияланбаса), қалдық құны, лизинг алушыға мүлікке меншік құқығын беру кезінде (егер осылай ауысу лизинг шартында көрсетілсе) шығыстарға жатқызылады. Осындай операциялар қорытындылары бойынша залал (шығын) болған кезде, ол сондай-ақ белгілі бір кезең ішінде тең үлестермен есептен шығарылады. Соңғы объектінің пайдалы пайдалану мерзімі мен өткізгенге дейінгі оны пайдаланудың нақты мерзімі арасындағы айырма ретінде есептеліп шығарылады.

Оның сыйақысы, негізгі құралдарды сатып алуға, жеткізуге, орнатуға және т.б. жұмсайтын оның шығыстарын өтеу кіретін лизинг төлемдері, лизинг берушінің түсімі болып танылады. Яғни нақтысында, пайдаға салынатын салыққа сыйақы (өтемпұлға азайтылған төлемдер және өзге де шығындар) ғана жатады. Әрі сатып алу құны, тіпті егер онымен бірге бірыңғай сомамен төленсе де, лизингтік төлеуге кірмейді.

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (IAS) талаптарына сәйкес, лизинг берушінің қаржылық жалгерлік (лизинг) есебі

бойынша, жалға берушілер қаржылық жағдай туралы өзінің есебінде, қаржылық жалгерлік активтерін тануы және оларды, жалгерлікке таза инвестицияларға тең сомада дебиторлық берешек ретінде табыс етуі тиіс [1].

Қаржылық жалгерлік кезіне жалға беруші, активке иелік етумен байланысты бүкіл тәуекелдер мен пайда алуды іс жүзінде беруді (табыстауды) жүзеге асырады және осылайша, аламын деп есеп құрған жалгерлік ақыны, жалға беруші, оның инвестициялары мен көрсетілген қызметтері үшін жалға берушінің сыйақысын және өтемақысын білдіретін, қаржылық кіріс, сондай-ақ активтің негізгі құнын қайтару ретінде қарайды.

Бастапқы тікелей шығындар жиі түрде жалға берушінің иығына артылады және оған комиссиялық сыйақылар, заңгерлердің көрсеткен қызметтерінің ақылары, жалгерлік шартын дайындаумен және жасаумен тікелей байланысты ішкі шығындар кіреді. Ал оған, жалпы жанама шығыстар, мысалы, маркетинг және өткізу бөлімінің шығыстары сияқты шығыстары кірмейді. Жалға берушілер өндірушілер немесе дилерлер болып саналмайтын кездегі қаржылық жалгерлік кезінде, бастапқы тікелей шығындар қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекті бастапқы бағалауға енгізіледі және жалгерлік мерзімі ішінде танылатын кіріс сомасын азайтады. Жалгерлік шартында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесі, бастапқы тікелей шығыстар қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекке автоматты түрде енгізілетіндей түрде анықталады. Өндірушілер немесе дилерлер болып саналатын, жалға берушілер көтерген, жалгерлік шартын дайындау және жасау шығындары, бастапқы тікелей шығындар құрамынан шығарылып тасталады. Нәтижесінде олар жалгерлікке таза инвестициялар құрамынан шығарылады және қаржылық жалгерлік жағдайында әдетте жалгерлік мерзімінің басында болатын, сатудан түскен пайданы тану кезінде шығыстар ретінде танылады.

Қаржылық кірісті тану, жалға берушінің қаржылық жалгерлікке таза инвестициялары бойынша табыстылықтың тұрақты мерзімдік нормасын көрсететін графикте негізделуі тиіс.

Жалға беруші, жүйелік және ұтымды тәсілдемені пайдалана отырып, жалгерлік мерзімі ішінде қаржылық кірісті бөлуге ұмтылады. Кірісті осылай бөлу, жалға берушінің қаржылық жалгерлікке таза инвестициялары бойынша табыстылықтың тұрақты мерзімдік нормасын көрсететін графикте негізделеді. Қызмет көрсетуге жұмсалған шығындарды қоспағанда, есепті кезеңге жататын жалгерлік төлемдер, берешектің жалпы сомасын, сол сияқты таппаған қаржылық кірісті азайтуға әкеле отырып, жалгерлікке жалпы инвестициялардан шегеріледі.

Жалға берушінің жалгерлікке жалпы инвестицияларын есептеу кезінде пайдаланылған кепілдендірілмеген қалдық құнын есептік бағалау, үнемі тексеруге жатады. Бағалаудың кепілдік берілмеген қалдық құнының азаюы кезінде жалгерлік мерзімі ішіндегі кірісті бөлу, бұрын есептелген сомалардың азаюын тез арада тани отырып, қайта қаралады.

Қаржылық жалгерлік заты болып саналатын және 5 «Сату үшін арналған қызмет» Халықаралық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес, сату үшін (немесе сату үшін арналған ретінде, шығып қалған топқа енгізілген) арналған ретінде

сараланатын актив, Халықаралық қаржылық есептілікте (IFRS) көрсетілгенге сәйкес, есепте көрсетілуі тиіс [6].

Өндірушілер немесе дилерлер болып саналатын жалға берушілер, әдеттегі сатуларға қатысты кәсіпорын қабылдаған есеп саясатына сәйкес, есепті кезең ішіндегі сатудан алған пайданы немесе шеккен шығынды тануы тиіс.

Егер сыйақының жасанды түрде төмендетілген мөлшерлемелері пайдаланылса, сатудан алған пайда, сыйақының нарықтық мөлшерлемелерін пайдалану кезінде алынған шамамен шектелуі тиіс. Өндірушілер немесе дилерлер болып саналатын, жалға берушілер көтерген жалгерлік шартты дайындау және жасау шығындары, сатудан алған пайданы тану кезінде шығыстар ретінде танылуы тиіс.

Өндірушілер мен дилерлер клиенттерге жиі түрде активті жалға алу мен сатып алу арасында таңдау құқығын жиі береді. Өндіруші немесе дилер ретінде әрекет ететін жалға берушінің қаржылық жалгерлікке активті беруі, кірістің төмендегідей екі түрінің пайда болуына әкеледі:

- қолданылатын көтерме немесе сауда жеңілдіктерін ескере отырып, кәдімгі сату бағалары бойынша, жалгерлік затына айналған активті тез арада сатудан алған пайдаға немесе шеккен шығынға эквивалентті пайда немесе шығын (залал);
- жалгерлік мерзімі ішіндегі қаржылық кіріс.

Өндіруші немесе дилер болып саналатын жалға берушінің жалгерлік мерзімінің басында танылған, сатудан түскен түсім, екі мәннің ең аз – активінің әділетті құнын немесе сыйақының нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептелген, жалға берушіге есептелетін, ең төменгі жалгерлік төлемдердің келтірілген құнын білдіреді.

Жалгерлік мерзімінің басында танылған, сатудың өзіндік құны, кепілдендірілген қалдық құнның келтірілген мәнін шегергендегі жалгерлік заты болып саналатын мүліктің өзіндік құнын немесе теңгерімдік құнын (егер ол өзіндік құннан өзгешеленсе) білдіреді. Сатудан түскен түсім мен сатудың өзіндік құны арасындағы айырма, кәдімгі сатуларға қатысты кәсіпорынның есеп саясатына сәйкес танылатын сатудан алған пайданы құрайды.

Өндірушілер немесе дилерлер болып саналатын жалға берушілер, клиенттер тарту үшін кейбір уақытта сыйақының жасанды түрде төмендетілген мөлшерлемелерін жариялайды. Осындай мөлшерлемелерді пайдалану, сату кезінде операциялардан алған жалпы кірістің аса үлкен бөлігі танылатындығына әкеледі. Егер сыйақының жасанды түрде төмендетілген мөлшерлемелері жария етілсе, онда сатудан алған пайда, сыйақының нарықтық мөлшерлемелерін пайдалану кезінде алынатын шамамен шектелуі тиіс.

Өндіруші немесе дилер болып саналатын жалға беруші көтерген, қаржылық жалгерлік шартын дайындау және жасау шығындары, жалгерлік мерзімінің басындағы шығыстар ретінде танылады, өйткені олар негізінен, өндірушінің немесе дилердің сатудан пайда алуына жатқызылады.

Жалгерлік төлемдер жылдың соңында төленетін, ал мәмілеге қатысушылар ҚҚС-тан босатылатын жағдай кезіндегі жалға берушінің жалгерлік төлемдер кестесін жасап көрейік.

Жалгер жалгерлік шарты бойынша 5 жыл бойы жыл сайын 700000 теңгеден жалгерлік төлемдерді төлеуге міндеттенеді. Жабдықтың пайдалы пайдалану мерзімі 8 жылды құрайды. Жалгерлік мерзімі аяқталғанда жабдыққа меншік құқығының жалгерге ауысуы шартта көрсетілмеген. Бұл ретте жалгер жалға берушіге 350000 теңге сомасында жабдықтың қалдық құнының мөлшеріне кепілдік береді.

Шартта көзделген сыйақы мөлшерлемесі 8%-ды құрайды.

Жабдықтың әділетті нарықтық құны ең төменгі жалгерлік төлемдердің дисконтталған құнына тең.

Сыйақының мөлшерлемесі 8% және бес жыл кезіндегі дисконттау коэффициенті төмендегіні құрайды:

- қалдық құны үшін – 0,6806;
- жыл сайынғы жалгерлік төлем үшін – 3,9927.

Қолда бар ақпараттар негізінде:

- оның қаржылық немесе операциялыққа қатынасына жалгерлікті тестілейміз;
- жалға беруші үшін келесілерді есептеп шығарамыз:
- ең төменгі жалгерлік төлемдер;
- жалгерлікке жалпы инвестициялар;
- жалгерлікке таза инвестициялар;
- алынбаған қаржылық кіріс.

Жалгерлік төлемдерді бөлу кестесін жасаймыз.

Жалға берушінің бухгалтерлік есеп шоттарындағы жалгерлік есебі бойынша операцияларды көрсетеміз:

- жалгерлік мерзімінің басына;
- жалгерліктің бірінші жылының соңына;
- жалгерлік мерзімінің соңына.

Жалгерлікті тестілейміз:

- жалгерлік кезеңі жабдықтың пайдалы қызмет мерзімінен 62,5%-ға (5/8х100) тең;
- жалгерлік төлемдердің дисконтталған құны жабдықтың әділетті құнына тең. Жалгерлікті аталмыш талап негізінде қаржылық жалгерлік ретінде саралауға болады.

Келесі көрсеткіштерді есептеуді ұсынамыз:

- ең төменгі жалгерлік төлемдер = Жыл сайынғы жалгерлік төлем х Жалгерлік мерзімі + Кепілдендірілген қалдық құны = 700000 х 5 + 350000 = 3850000 теңге;
- жалгерлікке жалпы инвестициялар = Ең төменгі жалгерлік төлемдер + Кепілдендірілмеген қалдық құн = 3850000 + 0 = 3850000 теңге;
- жалгерлікке таза инвестициялар – шартта көрсетілген сыйақы мөлшерлемесіне дисконтталған жалпы инвестициялар. Жалгерлікке таза инвестициялар тең = жыл сайынғы жалгерлік төлемнің дисконтталған құны + дисконтталған қалдық құны = $PV_{\text{жалгерлік төлем}} + PV_{\text{ликв. құн}}$

Ағымдағы қалдық құн = $350000/ x(1+0,08)^5$ = 238210 теңге.

Жалгерлік төлемнің ағымдағы құны = 700000 х 1/ 0,08 х [1-1/(1+0,08)^5]. = 2794890 теңге.

Жалгерлікке таза инвестициялар = 238210 + 2794890 = 3033100 теңге

- алынбаған қаржылық кіріс = Жалгерлікке жалпы инвестициялар – Жалгерлікке таза инвестициялар = 3850000 – 3033100 = 816900 теңге.

Жалгерлік төлемдерді бөлудің кестесі 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

Жалгерлік төлемдерді бөлу кестесі

Жылдар	Негізгі қарыз (тг)	Сыйақы (жалгерлік бойынша, тг), 8%	Жалгерлік бойынша дебиторлық берешекті өтеу (тг)	Жалгерлік бойынша дебиторлық берешек (тг)
1	2	3	4	5
Жалгерлік мерзімінің басында				3033100
2009	700000	242648	457352	2575748
2010	700000	206060	493940	2081808
2011	700000	166545	533455	1548353
2012	700000	123868	576132	972221
2013	700000	77779	622221	350000
Жабдықты қайтару	350000	----	350000	0
Барлығы:	3850000	816900	3033100	Х
Е с к е р т у: жалгерлік төлемдерді есептеу негізінде авторлар құрастырған.				

Лизинг берушінің қаржылық жалгерлік есебі бойынша шоттардың типтік корреспонденциясын қарастырамыз (4-кесте).

Жалгерліктің бірінші жылындағы қарастырылған мысал шеңберлерінде қаржылық жалгерлік есебі бойынша лизинг берушінің бухгалтерлік өткізбелері (проводка) 5-кестеде көрсетілген.

Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес, жалгерлік шарттарын дайындаумен және жасаумен байланысты жалға берушілер көтеретін бастапқы тікелей шығындар, жалгерлік объектісінің теңгерімдік құнына енгізілуге және жалгерлік кіріс сияқты негізде, жалгерлік мерзімі бойында яғни жалгерлік объектісі өтемпұлының әдісіне қатыссыз, жалгерлік объектінің теңгерімдік құнына енгізуге жатады [1].

Шығындар, оның ішінде жалгерлік кіріс алуды қамтамасыз ететін өтемпұл есепті кезең шығыстарының құрамына енгізіледі. Өтемпұлдық саясат, компаниялардың ұқсас активтеріне қатысты қолданылатын саясатқа сәйкес келуі, ал өтемпұл шамасы 16 «Негізгі құралдар» Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IAS) мен 38 «Материалдық емес активтер» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес келуі тиіс. Жалға беруші есепті кезең аяқталғаннан кейін, қалдық құнның шамасы мен жалгерлік объектісін пайдалы пайдалану мерзімін қайта қарауы, сондай-ақ жалгерлік объектісінің

құнсыздануына (36 «Активтерді қамтамасыз ету» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының талабы) тексеру жүргізуі тиіс [6].

4-кесте

Жалға берушінің қаржылық жалгерлік есебі бойынша шоттардың типтік корреспонденциясы

№ п/п	Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		
		Сомасы (тг)	Дебет (тг)	Кредит (тг)
1	2	3	4	5
1	Қаржылық лизинг (жалгерлік) бойынша дебиторлық берешек танылды	3033100	2160	2310, 2410, 2740
2	Жалгерлік бойынша дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі бөлінді	457352	1260	2160
3	Қаржылық жалгерлік шарты бойынша сыйақы бойынша кіріс есептелді	242648	1270	6130
4	ҚҚС сомасына	54882 (457352х12%)	1270	3130
5	Лизингтік төлем құрамында лизинг алушының негізгі қарызды өтеуі	512234	1010, 1030	1260
6	Қаржылық жалгерлік мерзімінің аяқталуы бойынша актив алынды (егер жалгерге меншік құқығы ауыспаса, сондай жағдайда)	2520866	2310, 2410	1260
Е с к е р т у: жалға берушінің қаржылық жалгерлік есебін талдау негізінде авторлар құрастырды.				

5-кесте

Лизинг берушінің (жалға берушінің) қаржылық лизинг есебі

№ п/п	Операциялар мазмұны	Сомасы, мың теңге	Шоттар корреспонденциясы	
			Дебет	Кредит
1	2	3	4	5
1	Қаржылық лизинг (жалгерлік) бойынша ұзақмерзімді дебиторлық берешек танылды	3033100	2160	2410
2	Жалгерлік бойынша дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі бөлінді	457352	1260	2160
3	Жалгерліктің бірінші жылындағы қаржылық жалгерлік шарты бойынша сыйақы бойынша кіріс есептелді	242648	1270	6130
4	ҚҚС сомасына	54882 (457352х12%)	1270	3130
5	Лизингтік төлем құрамындағы (ҚҚС-ты ескере отырып) негізгі қарызды лизинг алушының өтеуі	512234	1030	1260
6	Сыйақы бойынша берешекті өтеу	242648	1030	1270
Е с к е р т у: жалға берушінің қаржылық жалгерлік есебін талдау негізінде авторлар құрастырды.				

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартында, жалгерлік бойынша кірісті жалгерлік мерзімінің бойында бірқалыпты тану қажет, «тіпті егер, өзге жүйелік негіз, сол бойынша жалға алған активтен пайда алу азаятын, уақыт кестесін неғұрлым анық көрсететін жағдайларды қоспағанда, түсімдер өзге негізде жүргізілсе де». Жалгерлік кірістің құрамына жалгерлік объектісіне қызмет көрсету және жөндеу бойынша жалгерге қызмет көрсетулерден түскен түсім кірмейді [6].

Жалгерге шарт жасаудың ынта туғызатын жеңілдіктерін беру жағдайында, жалға беруші тиісті шығындарды, жалгер жеңілдіктерінің жалгерлік бойынша шығыстарының кемуіне көрсеткен сияқты, соған ұқсас жалгерлік мерзімі бойында (ішінде) бірқалыпты түрде жалгерлік бойынша кірістің кемуіне жатқызады.

2.3 Лизинг алушы лизингінің есебі және салық салу

Лизингтік операциялардан ҚҚС төленеді және өтеледі. Бұл ретте лизинг шарты бойынша берешек заем қаражаттарының құрамында теңгерім пассивінде көрсетілмейді және оның көрсеткіштерін нашарлатпайды.

ҚР Азаматтық заңнамасында лизинг, жалгерлік қатынастар түрлерінің бірі ретінде қарастырылады [7].

Жер телімдерінен және өзге табиғи объектілерден өзге, кез келген тұтынылмайтын заттар, лизинг шарты бойынша мүлік болуы мүмкін [1].

Кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын мүлік қана лизинг шартының заты болуы мүмкін және бұл кәсіпкерлік мақсаттары үшін пайдаланылмайтын мүлікті лизингке беру мүмкіндігін жоққа шығарады [1].

Жалға беруші лизинг шарты бойынша, жалгер өзі таңдайтын сатушыдан лизинг затын сатып алу бойынша міндеттемені өзіне алады.

Бұл ретте, біздің көзқарасымызша, лизинг беруші мүлікті лизингке беру үшін сатып алушыға арналғаны туралы мүліктің сатушысын хабардар етуге міндетті.

Осылайша, кәдімгі лизинг шарты мүліктің сатып алушысы, мүліктің сатушысы мен лизинг компаниясы арасындағы үш жақты келісімді білдіреді.

Лизинг компаниясы сатып алушы таңдап алған сатушымен мүлікті сатып алу-сату шартын жасайды, содан кейін сатып алушы – лизинг алушымен қаржылық жалгерлік шартын жасайды.

Лизингтік мүлікке меншік құқығы сатып алушы – лизинг берушіге, ал мүлікке иелік ету және пайдалану құқығы – лизинг алушыға тиесілі.

Лизинг алушы мүлікті сатушыға:

– сапасы мен жиынтықтамалығына қойылатын талапты;
– тауарды беру міндеттерін орындау мерзімдері бойынша талаптарды;
– сатушы немесе лизинг беруші арасындағы сатып алу-сату шартымен және заңнамамен белгіленген, өзге де талаптарды тікелей білдіруге құқылы [1].

Лизингалушы, егер ол көрсетілген мүліктің сатып алу-сату шартының тарапы болған болса, сондай реттегі сатып алған мүлікті төлеу міндеттерінен

өзге, сатып алушылар үшін көзделген құқықтарға ие болады және міндеттерді көтереді.

Бірақ лизинг алушы лизинг берушінің келісімінсіз мүлікті сатып алу-сату шартын бұза алмайды.

Қаржылық жалгерлік шарты бойынша лизинг алушы өзіне қажет мүлікті және оған иелік ету құқығын алады, ал лизинг беруші – осы мүлікті лизинг алушыға беруден кіріс алады.

ҚР заңнамасында сондай-ақ сублизингке мүлік алу мүмкіндігі көзделген.

Біздің көзқарасымызша, қаржылық жалгерліктің міндетті элементтері болып келесілер саналады:

– жазбаша түрде қаржылық жалгерлік шартын жасау;

лизинг заты ретінде лизинг алушыға беруге жататын мүлікті белгілі анықтауға мүмкіндік беретін деректер мазмұны.

Мұнан өзге шартта төмендегілер көрсетіледі:

– лизинг шарты кімнің теңгеріміне есепке алынатын болады;

– лизингтік төлемдерді төлеу тәртібі, мөлшерлері мен мерзімдері;

– лизингтік төлемдерді төлеудің мөлшерлері мен мерзімдерінің өзгеру тәртібі;

– лизингтік төлемдер төлеу бойынша міндеттемелердің туындау мезеті;

– лизингтік мүлікті сатып алу немесе оны лизинг берушіге қайтару болатыны, я болмайтыны;

– сатып алғанда – сатып алу бағасын көрсету немесе сатып алу бағасы шарттағы төлемдер сомасына кіретінін көрсету;

– лизингтік мүліктің меншік иесі құқығының лизинг алушыға ауысу тәртібі, жағдайы мен мерзімдері;

– мүлікті мемлекеттік тіркеу тәртібі (осындай тіркеу қолданыстағы заңнамада көрсетілген жағдайда) және осындай мүлік және (лизинг берушіге немесе лизинг алушыға) тіркелетін болады;

– салық есебінде лизингтік мүліктің өтемпұлының жеделдетілген коэффициентіне құқықты тараптардың пайдаланатыны;

– пайда алушыны, сақтандыру мерзімдерін және сақтандыруға жұмсалатын шығыстарды көрсете отырып, мүлікті сақтандыру тәртібі;

– лизинг шартының тараптары арасындағы тәуекелдерді бөлу тәртібі;

– ұйымдар үшін өзге де маңызды лизинг шартының талаптары.

Лизинг алушының теңгерімдегі лизингтік мүлік есебінің талабымен лизинг шартын жасау кезінде, лизинг алушы осындай мүлікті дербес есепке алады және амортизациялайды.

Мұнан өзге, лизинг алушы мүлік салығын, сондай-ақ көлік салығын (егер лизингке көлік құралдары сатып алынатын болса) төлеуші болып саналатын болады.

Ілгеріде келтірілген зерттеулерге сүйене отырып, қорытынды жасасақ, оларды төлеу кестесіне қатыссыз, жалгерлік төлемдер, жалгердің пайдалар мен залалдар (шығындар) туралы есебінде көрсетілетін шығыстар бабын қарастырады.

Жалпы жағдайда жалгерлік ақы төлем мерзімі келген кезде және есептілік мерзімі аяқталған мезетте есептелуі тиіс. Төлем жасалған күн мен сомасына қатысты жалгердің теңгерімінде, жалгерлік төлемдері бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер немесе алдын ала төлем (жалға берушінің жалгер алдындағы берешегі) көрсетілген болуы мүмкін.

Жалгер теңгерімдегі жалға алған объектіні де, болашақтағы есептік кезеңдерге жатқызылатын жалгерлік бойынша міндеттемелерді де танымауы (мойындамауы) тиіс.

Міндеттемелер ретінде бастапқы тану, актив ретінде танылған сомаға қосылатын кез келген бастапқы шығындарды қоспағанда, актив және дисконтталған құн ретінде танылған сомаға қосылатын кез келген бастапқы шығындарды қоспағанда, әділетті құнының ең төменгі мөлшеріне тең сомасында танылады.

Қаржылық лизинг жағдайларында қабылданған активтер, талдамалық субшоттардың бөліп көрсетілуімен 2410 «Негізгі құралдар» шотының дебеті бойынша және 3370 «Ұзақмерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі», 4150 «Жалгерлік бойынша ұзақмерзімді берешек» шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Лизинг заты үшін тиесілі сыйақы сомасына 7310 «Сыйақы бойынша шығыстар» шоты дебеттеледі және 3380 «Төлемге қысқамерзімді сыйақылар», 4160 «Төлемдерге ұзақмерзімді сыйақылар» шоттарына кредиттеледі [3].

Қаражаттарды аудару кезінде 3370 «Ұзақмерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі» шоты – белгілі бір есепті кезең ішіндегі лизинг затының құнын өтеу бөлігіндегі сомаға дебеттеледі; 3380 «Төлемге қысқамерзімді сыйақылар» шоты – есепті кезең ішіндегі сыйақы бойынша шығыстар сомасына дебеттеледі және ақшалай қаражаттар есебі үшін арналған шоттарды кредиттейді.

Қаржы лизингі шарттары бойынша лизинг алушы лизинг заттарының өтемпұлын есептеуді жүзеге асырады. Активтердің қайда пайдаланылатынына қатысты, 7110 «Өнімдерді өткізу және қызметтер көрсету бойынша шығыстар», 7210 «Әкімшілік шығыстар», 8415 «Негізгі құралдар өтемпұлдарын есептеу» шоттарын дебеттейді және талдамалық шотта олардың керек-жарағы бөліп көрсетіле отырып, 2420 «Негізгі құралдар өтемпұлы» шоты кредиттеледі. Қаржы лизингі шартының қолданысы ішінде лизинг алушы лизинг затын мерзімінен бұрын сатып алуы мүмкін. Бұл ретте есеп үшін арналған ақшалай қаражаттар шоттарын қалған сома бойынша, 3360, 4150 «Жалгерлік міндеттемелер» шоттары бойынша кредиттейді. 3370 «Ұзақмерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі», 4150 «Жалгерлік бойынша ұзақмерзімді берешек» шоттары бұл ретте жабылады, ал талдамалық есепте 2410 «Негізгі құралдар» шоты бойынша сатып алынған лизинг заттарын, біздің көзқарасымызша, меншікті негізгі құралдар санатына ауыстырған орынды болады. Есепте кейін меншікті активтер бойынша көрсетілетін, лизинг заттарының өтемпұлдары бойынша тиісті өзгерістер енгізіледі. Бұл операциялар тиісті шоттар бойынша талдамалық есепте көрсетіледі.

Мүлікті қаржы лизингіне беру келесі талаптарды:

- осындай беру (тапсыру) Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке өзге де міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 78-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес келуін;

- лизинг алушы мүлікті негізгі құрал, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, биологиялық активтер ретінде сатып алуын сақтаған кезде, лизинг берушінің алуына жататын сыйақы сомасының бөлігі бойынша қосымша құн салығынан босатылуын қамтамасыз етеді [8].

Егер лизинг алушысы ҚҚС төлеушісі болып саналса, онда оған берілетін лизинг затына лизинг беруші жазып беретін шот-фактура бойынша төлеуге жататын салық сомасы, лизинг алушының есепке алуына жатқызылатын ҚҚС сомасы болып саналады. Салық салынатын айналым мөлшері, қаржы лизингінің шартына сәйкес (қайтарылатын лизинг шартын қоспағанда) бүкіл лизингтік төлемдердің жалпы сомасынан шығарыла отырып көрсетіледі, бірақ айналым жасалатын күнге анықталатын, лизинг алушының айналым мөлшеріне келетін салық сомасынан көп емес.

Салық салынатын айналым мөлшері:

− қаржы лизингі шартында белгіленген, мерзімді лизинг төлемін алу мерзімінің келу күніне;

− егер қаржы лизингі шарты бойынша лизинг төлемін алу мерзімінің келу күні мүлікті лизинг алушыға беру күніне дейін белгіленсе, онда мүлікті қаржы лизингіне беру күні айналым жасау күні болып саналатын сол жағдайда;

− түпкілікті есеп айырысу күні, қаржы лизингінің аталмыш шарты бойынша айналым жасаудың соңғы күні болып саналатын, лизинг алушының қаржы лизингі шартында көзделген лизингтік төлемдерді мерзімінен бұрын өтеген кезде анықталуы тиіс.

Алғытөлеммен (аванспен) төленген жалгерлік ақы жалгердің есептілігінде, болашақ кезеңдердің шығыстары емес, атап айтқанда, берешек ретінде көрсетілетініне назар аудару қажет және бұл аталмыш міндеттемелердің құқықтық және экономикалық мазмұнына сәйкес келеді. Жалгерлік шарттары тараптарының есебінде кірістер мен шығыстар ретінде, ағымдағы есептік кезеңге жатқызылатын жалгерлік төлемдер ғана, яғни жалға берушінің шарт бойынша орындалғаны үшін жалгердің (өтелген және/немесе есептелген) оған берешегі көрсетіледі.

Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес аталмыш есептік кезеңге жатқызылатын, желгерлік бойынша шығыстардың шамасын анықтау үшін, біздің пікірімізше, жалгерлік ақының құрамын назарға алу қажет.

Жалгерлікпен байланысты, бірақ ең төменгі жалгерлік төлемдерге жатқызылмайтын, аталмыш есептік кезеңдегі бүкіл шығындар, аталмыш есепті кезең шығыстарына жатқызылуы тиіс.

Шығыстар құрамына сондай-ақ жиынтық ең төменгі жалгерлік төлемдердің бөлінген бөлігі енгізілуі тиіс. Бұл ретте жалгерлік ақылардың болашақтағы ықтимал өзгерістері назарға алынбайды.

Сол мезгілде, шартта жалгерлік төлемдердің нақты мерзімдерінің өсуі көзделген жағдайларда, аталмыщ өсуді жиынтық жалгерлік ақыларды анықтау және оны бөлу кезінде ескеру қажет.

Мысалы, «Агро-думан» шаруа қожалығы ғимарат-жайды бес жыл мерзімге жалға алған. Жалгерлік ақы жылдың соңында салынады, бірінші жыл үшін ол 100 000 теңгеге тең болады және әрбір одан кейінгі жылы ол 3 %-ға арттырылып, бес жыл ішіндегі жиынтық жалгерлік ақы 530 914 теңгені құрады, ал жалгерлік бойынша жыл сайынғы бірқалыпты шығыс – 106 183 теңге. Жалгерліктің әрбір дербес жылының соңындағы жалгердің есептілік көрсеткішіне бұл келесі түрде әсер етеді (6-кесте).

6-кесте

Жалгерліктің әрбір бес жылының соңындағы жалгердің есептілігіндегі көрсеткіштер

№	Бухгалтерлік теңгерім			Пайдалар мен залалдар туралы есеп	
	Бап	Активтегі сома	Пассивтегі сома	Шығыстар бабы	Сомасы
1	2	3	4	5	6
1	Жалгерлік бойынша есеп айырысулар (міндеттемелер)		6 183	Жалгерлік бойынша шығыстар	(106 183)
	Ақшалай қаражаттар	(100 000)			
	Пайда		(106 183)		
2	Жалгерлік бойынша есеп айырысулар (міндеттемелер)		9 366	Жалгерлік бойынша шығыстар	(106 183)
	Ақшалай қаражаттар	(103 000)			
	Пайда		(106 183)		
3	Жалгерлік бойынша есеп айырысулар (міндеттемелер)		9 366	Жалгерлік бойынша шығыстар	(106 183)
4	Ақшалай қаражаттар	(106 090)			
	Пайда		(106 183)		
5	Жалгерлік бойынша есеп айырысулар (міндеттемелер)		6 369	Жалгерлік бойынша шығыстар	(106 183)
	Ақшалай қаражаттар	(109 273)			
	Пайда		(106 183)		
6	Жалгерлік бойынша есеп айырысулар		0	Жалгерлік бойынша шығыстар	(106 182)
	Ақшалай қаражаттар	(112 551)			
	Пайда		(106 182)		
Е с к е р т у: 2011-2013 жылдардағы қаржылық есептілік негізінде авторлар құрастырды.					

Лизингтік қатынастар саласындағы компанияның саясатын зерделеу нәтижесінде, жалгерлік туралы келісім жасауға ынталандыру мақсатында жалға беруші жалгерге белгілі бір жеңілдік жағдайлар береді және ол жалгердің кейбір шығындарын өтеуден немесе жалгерлік ақыдан босатудан көрінуі мүмкін. Халықаралық қаржылық есептілік стандартын түсіндірулер бойынша Комитеттің арнайы нұсқауына сәйкес, осындай жеңілдіктер «тараптардың келісуі бойынша, жеңілдіктер табиғатына немесе төлеу тәсілі мен мерзімдеріне қатыссыз, объектіні пайдалану құқы үшін төленетін таза сыйақының ажырағысыз бөлігі ретінде көрсетілі тиіс». Осылайша, жалгер, жалгерлік бойынша шығыстарды жалгерліктің бүкіл мерзімі ішінде бірқалыпты кеміте отырып, берілген жеңілдікті ескереді.

Мысалы, жабдықты жалға алу, пайдалану үшін алаң дайындаумен байланысты, жалгерден 50 000 теңге мөлшерінде қосымша шығындарды қажет етеді. Жалға беруші жалгерлік туралы шартты (5 жыл мерзімге және жыл сайын 15 000 теңге мөлшерінде жалгерлік ақымен) ынталандыру мақсатында осы шығындарды жалгерге өтейді. Жалгер нақты дайындық шығындарын, олар қай уақытта көтерген болса, сол есепті кезеңнің шғындарына апарады, ал жалға берушінің алынған құралдары, олардың жыл сайынғы мәнін 140 000 теңгеге дейін жеткізе отырып, жылына бірқалыпты 10 000 теңгеден жалгерлік бойынша шығыстарды кемітуге есептен шығарылатын болатын, болашақ кезеңдердің кірісі ретінде ескерілетін болады.

Жалгерге берілетін жеңілдік жалгерлік арқылы кемітуді білдіретін жағдайда, болашақ кезеңдерде кіріс болмайды, бірақ жиынтық бөлінетін жалгерлік ақыны анықтау кезінде төлемдердің жеңілдік жағдайы ескеріледі.

Мысалы, шарт 50 000 теңге мөлшеріндегі жыл сайынғы жалгерлік ақымен 10 жыл мерзімге жасалады. Бұл ретте жалгерді ынталандыру мақсатында, алғашқы екі жыл ішінде оны жалгерлік ақыдан босатады. Жалгерлік бойынша жыл сайынғы шығыс келесі түрде анықталады: 50 000 теңге мөлшеріндегі ай сайынғы төлем төленетін 8 жылға көбейтіледі, алынған сома жалға алған 10 жылға бөлінеді, барлық – жалгерлік бойынша жыл сайынғы шығыс 40 000 теңге.

Алғашқы екі жыл ішінде жалгерлік бойынша шығысты, оны төлеуге жұмсалатын шығындарды көтерусіз есептеу қажет.

Кестеде жалгердің қаржылық жалгерлік есебі бойынша шоттардың типтік корреспонденциясы көрсетілген (7-кесте).

«Агро-думан» шаруа қожалығы мысалында лизингтік операциялар есебін қарастырудан көрініп тұрғандай, «Агро-думан» ШҚ өндірістік жабдықты қаржы лизингі шарты бойынша жалға алды. Барлық төлемдер әрбір есепті кезеңнің соңында жүзеге асырылды. Тиісті күнтізбелік жылдың алғашқы жұмыс күні жүзеге асырылатын, 2013 жыл үшін төлем айрықшалықты құрайды. Көрсетілген активті жалға беруші 150000 теңгеге (әділетті құнмен) сатып алынған болатын. Активтің пайдалы пайдалану мерзімі жасалған жалгерлік шартының мерзімімен сәйкес келеді. Тараптардың келісілген жылдық сыйақы мөлшерлемесі 8,36%-ды құрайды. Қаржылық (пайыздық) төлемдерді бөлу актуарлық әдісті пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

7-кесте

Жалгердің қаржылық жалгерлік есебі бойынша шоттардың типтік корреспонденциясы

№ п/п	Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
		Дебет	Кредит
1	2	3	4
1	Қаржылық жалгерлік (лизинг) шарты бойынша объектілер алынды	2310, 2410, 2740	4150
2	Берешектің ағымдағы бөлігі бөлінген	4150	3370
3	Қаржылық жалгерлік шарты бойынша сыйақы есептелді	7320, 2930	3380
4	Негізгі қарыз бөлігі бойынша жалгерлік (лизингтік) төлем төленді	3040	1010, 1030
5	Жалгерлік (лизингтік) төлем бойынша сыйақы төленді	3380	1010, 1030
Е с к е р т у: жалгердің қаржылық есебін талдау негізінде авторлар құрастырды.			

Жалгерлік жіктеуі – қаржылық болып саналады, өйткені шарттың қолданыс мерзімі активті пайдалы пайдалану мерзіміне сәйкес келеді. Қаржылық есептілікті жасау кезінде, ең төменгі жалгерлік төлемдердің дисконтталған құны жалгерлік объектісінің әділетті құнынан артып кететін, ұйғарымды қабылдаймыз. Сыйақылар төлемдері мен жалгерлік міндеттемелер шамаларын есептеуді шарттың бүкіл қолданыс мерзімі ішінде жүргіземіз (8-кесте).

8-кесте

Жалгерлік төлемдерді бөлу кестесі

Кезең	Кезең басындағы берешек, мың теңге	Қаржылық шығыстар, мың теңге	Жалгерлік төлем, мың теңге	Кезең соңындағы берешек, мың теңге
1	2	3	4	5
2013	150000	0	35000	115000
2014	115000	9614	35000	89614
2015	89614	7492	35000	62106
2016	62106	5192	35000	32298
2017	32298	2702	35000	0
Барлығы:	Х	25000	175000	Х
Е с к е р т у: жалгерлік төлемдерді бөлу жалгерлік шарты мен компанияның есеп саясатына сәйкес жүргізіледі.				

2013 жылдағы сыйақылар бойынша қаржылық шығыстар 9614 мың теңгені құрайды және негізгі жалгерлік міндеттемелерді өтеумен бір мезгілде 2014 жылға төлеуге жатады. Көрсетілген төлем кезеңнің басындағы берешек пен келісілген сыйақы мөлшерлерінің көбейтіндісі ретінде анықталады. 2013 жылы жүзеге асырылатын төлемнің пайыздық құрауыштары жоқ, өйткені жалгерлік шартын жасаумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Жабдық лизингінің мерзімі 6 жыл, жалгер жыл сайын 7500 мың теңге мөлшерінде лизингтік төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенеді.

Кепілдендірілмеген қалдық құн 200 мың теңгеге тең, шартта көзделген мөлшерлеме 10%-ды құрайды. 9-кестеде мерзімдік лизингтік төлемдерді есептеу нәтижелері мен оларды бөлу кестесі көрсетілген.

9-кесте

Лизингтік төлемдерді бөлу кестесі (мың теңге)

Кезеңдер	Лизингтік төлем (мың теңге)	% бойынша шығыстар (мың теңге)	Жалгерлік міндеттемелерді өтеу (мың теңге)	Кезең соңындағы жалгерлік міндеттемелер (мың теңге)
1	2	3	4	5
Жалгерлік мерзімінің басындағы				32664
1	7500	3266	4234	28430
2	7500	2843	4657	23773
3	7500	2377	5123	18650
4	7500	1865	5635	13015
5	7500	1301	6199	6816
6	7500	684	6816	-
Барлығы	45000	12336	32664	Х
Е с к е р т у: жалгерлік төлемдерді бөлу негізінде автор құрастырды.				

Аталмыш шарт бойынша өткізбелер 10-кестеде көрсетілген.

Лизинг бойынша өткізбелер:

1) лизинг мерзімінің басында:

2410 «Негізгі құралдар» шотының дебеті – 32664 мың теңге.

3040 «Ұзақмерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» шотының кредиті - 4234 мың теңге.

4150 «Жалгерлік бойынша ұзақмерзімді берешек» шотының кредиті - 2843 мың теңге.

2) 1-ші жылдың соңында:

а) қаржылық жалгерлік бойынша шығыстарды есептейміз:

7320 «Қаржылық жалгерлік бойынша сыйақы төлеу шығыстары» шотының дебеті – 3266 мың теңге.

3380 «Төлемге қысқамерзімді сыйақылар» - 3266 мың теңге.

б) лизингтік төлемдерді төлеу:

3040 «Ұзақмерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» шотының дебеті - 4234 мың теңге.

3380 «Төлемге қысқамерзімді сыйақылар» - 3266 мың теңге.

1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражаттар» шотының кредиті - 7500 мың теңге.

в) лизинг бойынша қысқармезімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігін бөлеміз:

10-кесте

Жалгердің қаржылық жалгерлік есебі бойынша шоттарының типтік корреспонденциясы

№ п/п	Операциялар мазмұны	Сомасы, мың теңге	Шоттар корреспонденциясы	
			Дебет	Кредит
1	2	3	4	5
1	Лизингтік мәмілелер объектісі кіріске алынды	150000	2410	4150
2	Жалгерліктің басында берешектің бір бөлігі төленді	35000	4510	1030
3	Лизинг бойынша (жылдық) ағымдағы берешектің бір бөлігі бөлінді	25386 (35000-9614)	4510	3040
4	ҚҚС сомасына	3046 (25386х12%)	1420	3040
5	Бірінші жыл үшін лизинг шарты бойынша сыйақы есептелді	9614	7320	3380
6	ҚҚС-ты ескере отырып, бірінші жыл үшін негізгі қарыздың бір бөлігіндегі жалгерлік (лизингтік) төлем төленді	28432 (25386 +3046)	3040	1030
7	Бірінші жыл үшін жалгерлік (лизингтік) төлем бойынша сыйақы төленді	9614	3380	1030
8	Жалгерліктің келесі жылының соңында өтеуге жататын берешектің ағымдағы бөлігі бөлінді	27508 (35000– 7492)	4150	3040
Е с к е р т у: жалға берушінің қаржылық жалгерлік есебін талдау негізінде авторлар құрастырды.				

4150 «Жалгерлік бойынша ұзақмерзімді берешек» шотының дебеті - 4657 мың теңге.

3040 «Ұзақмерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» шотының кредиті - 4657 мың теңге.

- 2 жыл:

а) лизинг бойынша шығыстарды есептейміз:

7320 «Қаржылық жалгерлік бойынша сыйақы төлеу» шығыстары - 2843 мың теңге.

3380 «Төлемге қысқамерзімді сыйақылар» шотының кредиті - 2843 мың теңге.

б) лизингтік төлемдерді төлеу:

3040 «Ұзақмерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» шотының дебеті - 4657 мың теңге.

3380 «Төлемге қысқамерзімді сыйақылар» шотының дебеті - 2843 мың теңге.

1030 «Ағымдағы банк шоттарындағы ақшалай қаражаттар» шотының кредиті - 7500 мың теңге.

в) лизинг бойынша қысқамерзімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігін бөлеміз:

4150 «Жалгерлік бойынша ұзақмерзімді берешек» шотының дебеті - 5123 мың теңге.

3040 «Ұзақмерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» шотының кредиті – 5123 мың теңге.

Қаржылық жалгерлік амортизацияланатын активтерге қатысты өтемпұлға жұмсалатын шығыстардың, сондай-ақ әрбір есепті кезеңдегі қаржылық шығыстардың туындауына әкеледі.

Жалға алынатын активтердің өтемпұлдары бойынша есеп саясаты, меншіктегі амортизацияланатын активтерге қолданылатын есеп саясатына сәйкес келуі тиіс және өтемпұлдың танылатын сомасы 16 «Негізгі құралдар» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) және 38 «Материалдық емес активтер» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес есептелуі қажет. Егер жалгерлік мерзімінің соңында жалға алынған активке жалгердің меншік құқығын алуға негізді сенімділігі жоқ болса, онда актив екі мерзімнің – жалгерлік мерзімінің немесе активті пайдалы пайдалану мерзімінің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде толық өтемпұлы өтелуі (амортизациялануы) тиіс.

Жалгерлік заты болып саналатын активтің амортизацияланатын шамасы, амортизацияланатын меншікті активтерге қатысты жалгер қабылдаған өтемпұл бойынша есеп саясатына сәйкес, жүйелі негізде оның пайдаланылуы болжанған мерзім ішінде бүкіл есепті кезең бойынша бөлінеді. Егер, жалгердің жалгерлік мерзімінің соңында меншік құқығын алуға негізді сенімділігі бар болса пайдаланылады деп болжанған кезең, активті пайдалы пайдалану мерзіміне сәйкес келеді [6].

Бұған керісінше жағдайда актив екі мерзімнің – жалгерлік мерзімі мен пайдалану мерзімінің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде амортизацияланады.

Кезең ішіндегі қаржылық шығыстар мен өтемпұлға жұмсалатын шығыстар активіне жататын сома, осы кезеңде төлеуге жататын жалгерлік төлемдердің сомасына сирек түрде сәйкес келеді, демек, төлеуге жатқызылатын жалгерлік төлемдерді шығыстар ретінде жатқызған дұрыс болып саналмайды. Актив пен оған жатқызылатын міндеттеменің жалгерлік мерзімі басталғаннан кейінгі шама бойынша тең болатынына деген ықтималдық сәйкесінше аздау.

Активтің амортизацияланатын шамасын өтеу үшін оны пайдалы пайдалану мерзімінің ішінде өтемпұлдардың әр түрлі әдістері қолданылуы мүмкін. Оған сызықтық әдіс, қалдықты азайту әдісі мен өнімдер өндіру бірліктері әдісі жатқызылады [9].

Егер бұл ретте активтің қалдық құны өзгермейтін болса, активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде өтемпұлдың тұрақты сомаларын есептеу, негізгі құралдардың сызықтық өтемпұлдары әдісі болып табылады.

Қалдықты азайту әдісін қолдану нәтижесінде есептелетін өтемпұлдар сомасы пайдалы пайдалану мерзімі ішінде азайтылып отырады.

Болжалды пайдалану немесе болжалды өнімділік негізінде өтемпұл сомасын есептеу, өнімдер өндіру бірліктері әдісі болып табылады. Кәсіпорын,

актив салынған болашақтағы экономикалық пайдаларды тұтынудың болжанатын құрылымын неғұрлым дәл көрсететін әдісті таңдайды. Таңдап алған әдіс, осы болашақ экономикалық пайдаларды тұтыну құрылымындағы өзгеру жағдайларынан өзге, бір есепті кезеңнен екінші есептік кезеңге тізбектілікпен қолданылады.

Пайдалану үшін ол қолжетімді болған кезде, яғни оның орналасқан жері мен жай-күйі басшылықтың ниеттеріне сәйкес оны пайдалануды жүзеге асыруға мүмкіндік берген кездегі сол уақытта активтің өтемпұлы басталады. Келесі екі күннің (датаның) бірінен: Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес, сатуға арналған активтер құрамына ауыстыру (немесе сатуға арналған ретінде жіктелетін, шығарылатын (кететін) топтар құрамына енгізу) күнінен немесе активті тану тоқтатылған күннен, активтің өтемпұлын есептеу тоқтатылады [6].

Актив толықтай амортизацияланған кездегі жағдайларды қоспағанда, жай активтің іркіліспен бос тұрып қалуы жағдайында активті белсенді пайдалану тоқтатылған жағдайда, сәйкесінше, өтемпұлды есептеу тоқтатылмайды. Сондай-ақ активті пайдалану негізінде өтемпұлдар әдістерін қолдану кезінде, егер актив өндіріс үдерісіне қатыспаса, өтемпұлдық аударым сомасы нөлге тең (жоқ) болуы мүмкін.

Қандай да бір кезеңдегі өтемпұлдық аударымдар сомасы, әдетте пайда немесе залал (шығын) құрамында танылады. Бірақ кейбірде, активте салынған, болашақ экономикалық пайдалар, өндіріс үдерісінде өзге активтерге ауыстырылады. Бұл жағдайда өтемпұлдық аударым сомасы өзге активтің өзіндік құнының бөлігі болып саналады және оның теңгерімдік құнына енгізіледі. Мысалы, өндірістік негізгі құралдардың өтемпұлы босалқы қорларды қайта өңдеу шығындарының құрамына енгізіледі (ХҚЕС (IAS) 2) [6].

Осыған ұқсас түрде, әзірлемелер мақсаттарында пайдаланылатын негізгі құралдар өтемпұлы 38 «Материалдық емес активтер» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес ескерілетін, материалдық емес активтердің өзіндік құнына енгізілуі мүмкін.

Жалгерлік заты болып саналатын активті кәсіпорынның құнсыздануына тексеру үшін 36 «Активтердің құнсыздануы» Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IAS) қолданылады.

Егер оның теңгерімдік құны өтелетін құннан артып кететін болса, актив құнсызданады.

Құнсыздануды білдіретін белгілер бар болған кезде, кәсіпорын өтелетін құнға формалды бағалау жүргізуі тиіс.

Кәсіпорын әрбір есепті кезеңнің соңында, активтердің құнсыздануының қандай да бір белгілерінің бар-жоқтығын бағалауы тиіс. Қандай да бір осындай белгілер бар болған жағдайда, кәсіпорын активтің өтелетін құнын бағалауы қажет.

Лизинг шарты бойынша алынған жабдықты «Агро-думан» ШҚ қалдықты азайту әдісімен амортизациялайды.

Бірінші жыл үшін лизингтік жабдыққа өтемпұл есептеу келесі өткізбемен көрсетіледі:

8410 «Үстеме шығыстар» шотының дебеті - 60000 мың теңге,

2420 «Негізгі құралдар өтемпұлы» шотының кредиті - 60000 мың теңге.

Лизинг объектісіне жөндеу жасалуы мүмкін.

Осындай шығындардың туындауына қарай тану қағидатын басшылыққа ала отырып, кәсіпорын 16 Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (IAS) 10-тармағына сәйкес, негізгі құралдарға жататын өзінің бүкіл шығындарын бағалауы тиіс. Осындай шығындарға, негізгі құралдар объектілерін сатып алумен немесе салумен (құрылысымен) байланысты, бастапқы бетте көтерген шығындар, сондай-ақ қосымша құрылыс салумен байланысты көтерген шығындар кіреді. Негізгі құралдарды жөндеу бойынша кейінгі шығыстар есебі олардың сипатына қатысты болады. Егер бұл үшін негіздер бар болса, мысалы:

− шығындар активтерді пайдалану мерзімін ұзартуға әкелсе;

− шығындар оларды стандартты пайдаланудан алатын бастапқы бетте бағаланған пайдалардан жоғары қосымша пайда алуды түбегейлі молайтуға әкелсе, онда реконструкцияға және жаңғыртуға жұмсалатын шығындар капиталдандырылады.

11-кестеде оның пайдалы пайдалану қызметінің бүкіл мерзіміне лизингтік жабдықтардың өтемпұлдарын есептеу көрсетілген.

11-кесте

«Агро-думан» ШҚ лизингтік жабдықтарының өтемпұлдарын есептеу тәртібі

Жыл	Жылдың басындағы теңгерімдік құны, мың теңге	Өтемпұлдың жылдық нормасы, %	Өтемпұлдар есептеу формасы, мың теңге	Жылдың соңындағы теңгерімдік құны, мың теңге
1	2	3	4	5
1	150000	40	60000	90000
2	90000	40	36000	54000
3	54000	40	21600	32400
4	32400	40	12960	19440
5	19440	—	19440	0
Барлығы:		Х	150000	Х
Е с к е р т у: жалгерлік төлемдерді бөлу негізінде авторлар құрастырды.				

Лизинг алушының лизинг объектілерін жөндеу бойынша шығындар есебін қарастырамыз (13-кесте).

13-кесте

Лизинг алушының лизинг объектілерін жөндеу бойынша шығындар есебі

№ п/п	Операциялар мазмұны	Сомасы, теңге	Дебет	Кредит
1	2	3	4	5
Негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу шығындарының есебі				
1	Мердігерлік ұйымдардың жөндеу жұмыстарын орындауы		7110, 7210	3310
2	Шаруашылық тәсілмен орындалған, негізгі құралдарды жөндеу бойынша шығындардың көрсетілуі			
2.1	– материалдық шығындар сомасына	54300	7110, 7210, 8310	1310, 1350
2.2	– еңбек шығындары сомасына	25100	7110, 7210, 8310	3350
2.3	– еңбек шығындарынан аударымдар сомасына	2485	7110, 7210, 8310	3150, 3210
2.4	– бөгде шығындар	16700	7110, 7210, 8310	2420, 3390 және басқалары
2.5	– ұйым ішінде ағымдағы кезең шығыстарына, жөндеу цехы орындаған жөндеу жұмыстарының өзіндік құны есептен шығарылды	95595	7110, 7210	8310
Негізгі құралдарды күрделі жөндеу шығындарының есебі				
1	Мердігерлік ұйымның жөндеу жұмыстарын орындауы			
1.1	– шығындар есебі	95595	2930	3310
1.2	– жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін негізгі құралдар құнын арттыруға шығындарды капиталдандыру	95595	2410	2930
2	Шаруашылық тәсілмен орындалған, негізгі құралдарды жөндеу бойынша шығындарды капиталдандыру:			
2.1	– материалдық шығындар сомасына	54300	2930, 8310	1310, 1350
2.2	– еңбек шығындары сомасына	25100	2930, 8310	3350
2.3	– еңбек шығындарынан аударымдар сомасына	2485	2930, 8310	3150, 3210
2.4	– бөгде шығыстар	16700	2930, 8310	2420, 3390 және басқалары
2.5	– жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін негізгі құралдар құнын арттыруға шығындарды капиталдандыру	95595	2410	8310, 2930
Е с к е р т у: лизинг алушының лизинг объектілерін жөндеу бойынша шығындар есебін бөлуді құрастырған – авторлар.				

2.4 Лизингтік операциялар есебінің және салық салудың тәжірибедегі проблемалары және оларды шешу жолдары

Қолданыстағы есеп методологиясының бірмағыналы еместігі, лизинг компаниясының да, лизинг алушының да нақты қаржылық жағдайын қажетті сенімділікпен көрсетуге мүмкіндік бермейді. Қосымша ақпараттарсыз тәжірибеде компанияның нақты активтері мен міндеттемелерін талдау және бағалау мүмкін емес. Аталмыш проблема бірінші кезекте, мүліктің теңгерім иесіне қатысты, есепте лизингтік операцияларды көрсетудің әр түрлі тәсілдемелеріне негізделген.

Шетел валюталарында көрсетілген активтер мен міндеттемелер есебі және қайта бағалау, лизинг компанияларының бухгалтерлік есебі мен есептілігінің негізгі проблемаларының бірі болып саналады. Әсіресе, бұл проблема елеулі валюталық міндеттемелері бар және өз теңгерімінде лизинг заты есепке алынатын компанияларда анық байқалады. Атап айтқанда, проблема мынада болып табылады. Егер лизинг заты лизинг компаниясының теңгерімінде есепке алынса, несиелер мен займдар бойынша компаниялардың міндеттемелері және ағымдағы лизингтік төлемдер бойынша дебиторлық берешек, негізінен, қайта бағалауға жатады. Бұл ретте теңгерім активтері, ал бұл дегеніміз табыс әкелетін қаражат салымы (лизинг заты) рубльдермен көрсетіледі және қайта бағалауға жатпайды. Бұл, теңгерім баптарының да, сол сияқты қаржылық нәтижелердің де, есептілік көрсеткіштерінің айтарлықтай елеулі бұрмалануына әкеледі. Басқалай айтсақ, біз қаржылық есептілікте; нақты іс жағдайына сәйкес келмейтін, алдамшы пайдалар мен залалдарға (шығындарға) ие боламыз. Егер лизинг заты лизинг алушының теңгерімінде есепке алынатын болса, онда компанияның несиелер және займдар бойынша міндеттемелері, сол сияқты аталмыш жағдайда ағымдағы лизингтік төлемдерді төлеу бойынша берешектер мен лизинг шарты бойынша берешектерден тұратын лизинг бойынша дебиторлық берешегі қайта бағалауға жатады. Аталмыш жағдайдағы активтер мен міндеттемелер арасындағы теңгерімсіздік шамалы ғана болады [9, 69-б.].

Лизинг алушы бухгалтерлік есепті жүргізуі кезінде теңгерімде лизинг затын көрсету кезіндегі негізгі проблемалар болып, біздің пікірімізше келесілер саналады:

- лизинг алушының теңгеріміндегі мүлік активінің өзіндік құны, лизинг шартының талаптарына қатысты лизинг берушінің теңгеріміндегі мүлік активінің өзіндік құнынан түбегейлі өзгешеленеді және бұл лизинг берушінің теңгеріміндегі мүлік есебімен салыстырғанда мүлікке салынатын салық бойынша неғұрлым жоғары салық салынатын базаға әкеледі;
- егер лизинг шартында өтемпұл әдісі мен лизинг затының пайдалы пайдалану мерзімі жазылмаған болса, онда олар, лизинг алушының лизингтік төлемдерін есептеудің негізгі параметрлері ретінде, лизинг шарты бойынша өтемпұлдың нақты қабылданған талабы ретінде, лизинг берушінің деректерінен түбегейлі өзгешеленуі мүмкін. Бұл мәмілелерді үзу және оның аяқталуы кезінде үлкен қиндықтарға әкеледі, атап айтқанда:

– - бухгалтерлік есепте лизинг алушы әдетте, оны есептеудің сызықтық әдісін қолдана отырып, шығыстарға өтемпұлды ғана жатқызады. Егер лизингтік төлемдер кестесі бірқалыпты емес болса, онда нақты есептелетін лизингтік төлемдерден өтемпұлдың артып кетуі туындайды;

– - лизинг алушының мәмілені үзуі кезінде есепте мүліктің істен шығуын (шығарылуын) көрсетуде қиындық туындайды. Бұл бухгалтерлік есепке де, сол сияқты салық есебіне де қатысты;

– - лизинг шартының сомасын өзгерту кезінде лизинг алушыда аталмыш өзгерістерді бухгалтерлік есепте көрсетумен байланысты проблемалар туындайды, өйткені 17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарты, мүлікті пайдалануға бергеннен, іске қосқаннан кейін, мүлік активінің өзіндік құнының өзгеруін (жаңғыртуды, реконструкциялауды қоспағанда) қарастырмайды [6].

Несие бағасы, лизингтің дамуын жетілдіруді айқындайтын аса маңызды факторлардың бірі болып саналады. Инвестициялық жағдайды жақсарту және қайта қаржыландыру мөлшерлемелерін төмендету басымдық танытатын үдерістер болып саналады. Осыны ескеретін болсақ, лизингтік операциялардағы несие бағаларын ескерту тәртібін қайта қарау үшін негіз бар деп айтуға болады.

Қолданылатын ережелерге сәйкес, лизинг шартының бүкіл қолданыс мерзімі ішінде несие үшін сыйақының өзгермейтін мөлшерлемелері қолданылады. Бірақ несие бағасы өзгеріссіз қалмайды. Несие үшін төлемді белгілеудің бұрынғы тәртібін сақтау лизингтік мәмілелер тараптарының (несие алушының немесе лизинг алушының) мүдделеріне қысым жасауы (шек қоюы) мүмкін. Сондықтан қайта қаржыландыру мөлшерлемелерінің өзгеруіне шамалас өзгеретіндей, лизингтік жабдықты сатып алуға берілетін несиелер бойынша құбылмалы мөлшеремелер белгілеу орынды болып көрінеді.

Лизинг жалгерліктен объекті қатынастарымен де өзгешеленеді. Тәжірибеде кез келген мүлікті жалға алуға болады. Жер телімдерінен және өзге табиғи объектілерден өзге, кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын кез келген тұтынылмайтын заттар, лизинг шартының заты болуы мүмкін.

Жалгерлік кезінде, жалға беруші осыған дейін иелік ететін мүлік, жалға беруші мен жалгер арасындағы шарт объектісі болып саналады. Лизингте бұл сирек болады. Лизинг алушы өзіне қажетті мүлікті өзі таңдайды, сатып алу-сату шартының талаптары мен жеткізушіні өзі анықтайды, аталмыш мүлікті жеткізушіден тікелей қабылдауды өзі жүзеге асырады.

Лизингтік фирма жеткізушімен сатып алу-сату шартына ғана қол қояды және лизинг алушы өзі таңдаған мүлікке төлемді жүзеге асырады. Лизинг беруші, сатып алынатын мүліктің меншік иесі болып санала отырып, лизинг затын табыстау кезінде қатыспауы мүмкін. Бірақ біздің пікірімізше, қаржы лизингі шартында келісілген лизинг затының техникалық сипаттамаларының сәйкестігін бақылау мақсатында, лизинг беруші тарап қызметкерлерінің қатысуымен лизинг затын қабылдау-тапсыру актісін жасауы және жылына екі рет оған мониторинг жүргізуі қажет [9, 79-б.].

Қарастырылып отырған ұғымдарды алмастыру, лизингтің инвестициялық мағынасы мазмұнының өзін жоғалтады. Лизинг – бұл инвестициялық қызмет түрі, сонымен бірге елдің жұмыс істеп тұрған ғана емес, алғы төлем төленген капиталын да кеңейту. Дәстүрлі жалгерлік ондай болып саналмайды. Ол осыған дейін бар ұзақмерзімді активтерді пайдалану құқығын білдіреді, бірақ бизнесті кеңейту және дамыту емес. Сондықтан лизинг пен жалгерлікті ұқсастыру, лизингтік қатынастар субъектілері қолдауына сүйенемін деп есеп құруға құқылы, мелекеттік қолдаудан бас тартумен қолайсыздыққа ұшырайды.

Жалгерлік кезінде пайдаланушының жалға беруші – меншік иесімен ғана қарым-қатынасы болады. Лизингте пайдаланушы лизинг алушы – меншік иесімен қаржылық міндеттемелермен ғана байланысады. Жабдықты жеткізуге, негізінен, оны пайдалануға қатысты барлық мәселелерді, ол тікелей жабдықты жасаушы – жеткізушімен тікелей шешеді.

Жауапкершілік және тәуекелдің ауысу мәселелерін шешуде жалгерлік пен лизинг шарттарының неғұрлым анық айырмашылықтары көрінетін болады. Жалгерлік шартында жалға беруші жалгердің иелігіне мүлікті уақытылы бермегені үшін, анықталған сәйкессіздіктер және т.б. үшін жалгер алдында жауапкершілік көтереді. Лизинг шартында шарттың затына (сапасына, пайдалану мақсаттарына сәйкес келмеуіне) жататын талаптарды бұзғаны үшін, әдетте жабдықты жасаушы жауапкершілік көтереді. Пайдаланушы алдында жабдықтың меншік иесі емес, лизинг затын жасаушы жауап береді. Жалгерлік шартында кездейсоқ жойылу тәуекелін жалгер-меншік иесі, ал лизинг шартында, негізінен – лизинг алушы – пайдаланушы көтереді. Демек, лизинг мазмұны кәдімгі жалгерлік шегінен анағұрлым шығып кетеді.

Қазақстан Республикасында лизингті кеңейту үшін белгіленген мақсаттарға жетудің сенімді құралдарымен нығайтуға көпуәделі ниет және ең алдымен елдің инвестициялық қорын қалыптастырудағы және пайдаланудағы мемлекеттің рөлін түбегейлі арттыратындай және инвестициялық ахуалды нақты жақсартатындай шараларды көздейтін, инвестициялық серпіліс бағдарламаларын әзірлеу қажет. Бұл бағдарламаға келесілер кіруі тиіс:

– өтемпұлдық аударымдардың инвестициялық функцияларын толық қалпына келтіру, мемлекеттік қана емес, сонымен бірге бүкіл кәсіпорындардың қаражаттарын қатаң қалыптастыру және пайдалану;

– негізгі капиталға, инвестицияларға бағытталатын пайдаларды салық салудан босату, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді қаржыландыру және жаңа технологияларды меңгеру;

– заңнамамен белгіленген нормалар деңгейінде инвестицияларды мемлекеттік қаржыландыруды кеңейту;

– несие үшін сыйақы мөлшерлемелерін төмендету және өндірістік қызметті қайта қаржыландыру тетіктерін жасау, Қазақстан үшін жаңа несиелендіру бағыттарын дамыту және бірінші кезекте ипотекалық несиелендіру мен лизингті дамыту;

– мемлекеттік кепілдіктердің, мемлекеттік банктердің несие ресурстарының көмегімен өндірістік аяларды дамытуға инвестициялық

ресурстарды жұмылдыруға қабілетті даму институттарын құру, өндірістік инвестицияларды қайта қаржыланыру арналарын қалыптастыру;

– өндірістік инвестицияларды қаржыландыру мақсатында корпоративтік бағалы қағаздар нарығын дамыту [5].

Осы шараларды жүзеге асыру мемлекеттің ақша-несие және салық-бюджет саясатына, олардың мақсатты бағытталушылығына, ең алдымен инвестициялық үрдістің қарқындылығы мен тиімділігін арттыруға және экономикалық өсудің жоғары және орнықты қарқынын қамтамасыз етуге түбегейлі түзетулер жасауды қажет етеді. Меншікті қаржы ресурстарының жетіспеушілігі жағдайларында лизинг, өндірісті жаңғыртуға ірі, ауқымды капитал жұмсауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, негізгі қаржы құралдарының бірі болып саналады.

Жалгер мен жалға беруші, қаржы активтері мен міндеттемелері туралы ақпараттарды ашуды реттемелейтін, 32 «Қаржы құралдары: ақпараттарды ашу және табыс ету» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (IAS) талаптарын орындаумен қатар, келесі ақпаратты:

- келесі кезеңдердің әрбірі бойынша: бір жылдан кешіктірмей; бір жылдан бес жылға дейін; 5 жыл өткеннен кейін, бұзылмайтын жалгерлік бойынша болашақтағы ең төменгі жалгерлік төлемдердің жиынтық шамасын;

- жалгерлік шарттарының негізгі қағидаттарының жалпы сипаттамасын (жекелей алғанда: жалгерлік төлемдерді анықтау негіздерін; жалгерлікті қалпына келтіруге құқықтардың болуы мен талаптарын; жалгерлік шарттарымен белгіленген шектеулерді, оның ішінде дивиденттерге, қосымша қарызға және алдағы жалгерлікке қатысты шектеулерді) табыс етуге міндетті [6].

Жалгер мұнан өзге:

- ол есепті күндегі жағдай бойынша шарт негізінде бұзылмайтын субжалгерлік (қосымша жалгерлік) алуды болжайтын, субжалгерлік бойынша болашақ ең төменгі төлемдердің жиынтық шамасын;

- әсіресе ең төменгі жалгерлік төлемдердің шамасын көрсете отырып, есепті кезең шығыстары ретінде танылған жалгерлік және субжалгерлік бойынша төлемдерді, жалгерлік төлемдерді және субжалгерлік бойынша төлемдерді ашып көрсетуі тиіс.

Жалға беруші, өз кезегінде, есепті кезеңнің кірісі болып танылған шартты жалгерлік төлемнің жиынтық шамасын ашып көрсетуге міндетті. Бұдан өзге, жалгерлік жағдайларында пайдалануға берілетін активтерге қатысты, жалға берушілерге, ақпараттарды ашып көрсетуді реттемелейтін 16 «Негізгі құралдар» ХҚЕС (IAS), 36 «Активтерді қамтамасыз ету» ХҚЕС (IAS), 38 «Материалдық емес активтер» ХҚЕС (IAS), 40 «Инвестициялық меншік» ХҚЕС (IAS) және 41 «Ауыл шаруашылығы» ХҚЕС (IAS) талаптары қолданылады.

Жалгер қаржы лизингі шарты және объектіні тапсыруды (беруді) қабылдау актісі негізінде қаржы жалгерлігін, жалгер төменгі әділетті құны және ең төменгі лизингтік төлемдердің дисконтталған құны бойынша активтер және міндеттемелер ретінде көрсетуі тиіс.

«Қаржылық жалгерлік» және «қаржы лизингі» ұғымдары мен өлшемдері мен маңызы боынша олардың айырмашылықтарын салыстыра отырып, осы монографияның 1-3-тармағында, біз, 17 «Жалгерлік» ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес, жалгерлік қаржылық болып танылуы мүмкін, бірақ ол ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңға сәйкес қаржы лизингін тану өлшемдерін (мысалы, қаржылық жалгерліктің мерзімі кем дегенде үш жыл) қанағаттандырмауы мүмкін деген қорытынды жасадық [1].

Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі туралы» Заңының 2-бабына сәйкес лизинг есебі бухгалтерлік есеп жөніндегі заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс [1].

17 «Жалгерлік» ХҚЕС (IAS)-қа сәйкес қаржы лизингі (қаржылық жалгерлік) бойынша шаруашылық операциялары лизинг алушының (жалгердің) бухгалтерлік есебінде белгілі бір тәртіпте көрсетіледі [6].

«... әдістемелік ұсынымдардың» ережесі қолданыстағы салық заңнамасына қайшы келетінін және елеулі түзетулерді қажет ететінін байқау қиын емес. Лизингтік төлемдерді есептеуді реттемелейтін жаңа құжат қабылдау немесе қолданыстағы әдістемелік ұсынымдарға өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды [11].

Ілгеріде айтылғандай, аталмыш ұсынымдардың заңнамалық күші жоқ, ұсынымдық қана сипаты бар. Ескерту ретінде: «лизинг алушының түсімдерін есептеу кезінде қосылатын құрам қосымша құн салығы туралы заңнамамен және салық салынатын базаны анықтау бойынша нұсқаулықтармен анықталады» деп айтылған. Қазіргі уақытта ҚР Салық кодексінде де, тиісті нұсқаулықтарда да, лизингтік төлемдердің жекелеген элементтеріне қосымша құн салығы бойынша салық салынатын базаға енгізілуін немесе одан шығарылып тасталуын реттейтін, лизинг шарты бойынша мәлімеде лизинг берушінің алатын түсіміне қатысты ережелер жоқ [11].

Біздің пікірімізше, бұл проблеманы төмендегі екі тәсілмен шешуге болады:

- міндетті сипатқа ие, лизингтік төлемдерді есептеу тәртібін реттейтін жаңа нормативтік құжат әзірлеу. Лизингтік төлемдерге есептелетін қосымша құн салығын есептеуге қатысты бөлім мәтінін келесі түрде жазу.

- аталмыш салық бойынша салық базасын есептеудің ерекшеліктерін ашып көрсететін ережемен оны толықтырып, лизингтік төлемдерге есептелетін қосымша құн салығын есептеу үшін стандартты формуланы қолдану.

Қосымша құн салығының мөлшерін есептеу 10-формуламен анықталады:

$$ҚҚС = СБ \times СМ / 100 \qquad (10)$$

мұндағы, ҚҚС – есепті кезеңде төлеуге жататын салық шамасы;

СБ – есепті кезеңдегі қосымша құн салығы бойынша салық салынатын база;

СМ – есепті кезеңдегі қосымша құнға салық мөлшерлемесі, пайыздармен.

Одан әрі біздің пікірімізше, келесі ережелерді қосу қажет:

«Лизинг шартындағы қызмет көрсетулер бойынша лизинг беруші төлейтін қосымша құн салығы бойынша салық базасының құрамына, есепті кезеңде

лизинг мүлкі бойынша өтемпұл аударымдары (ӨА), лизинг берушіге сыйақы (ЛС) және лизинг берушінің қосымша қызмет көрсетулері үшін төлем (ҚҚ) кіреді және ол шартта төмендегіше көрсетілген:

$$СБ = ӨА + ЛС + ҚҚ \quad (11),$$

«Әдістемелік ұсынымдардағы» «лизинг шарты бойынша мәмілелерден алынатын түсім» ұғымын «лизинг шартындағы қызмет көрсетулер бойынша лизинг беруші төлейтін қосымша құн салығы бойынша салық базасы» редакциясымен алмастыру ұсынылады [11].

Әр түрлі қызмет түрлері үшін қосымша құн салығы бойынша салық базасын есептеудің ерекшеліктерін реттейтін, ҚР Салық кодексінің ережесіне толықтырулар енгізу. Лизингтік төлемдерге есептелетін қосымша құн салығы бойынша салық базасының құрамына, лизинг мүлкі бойынша өтемпұлдық аударымдар сомасы, лизинг берушіге сыйақылар және шартта көрсетілген лизинг берушінің қосымша қызмет көрсетулері үшін төлем кіретінін анықтау.

Нормативтік құжаттардың тиісті ережелерін әзірлеу кезінде, лизингтік төлемдерге есептелетін қосымша құн салығы бойынша салық базасына енгізілетін элементтер тізбесі жабық болуы тиіс екеніне назар аудару қажет. Осындай жағдайда ғана лизингтік қызметке қатысуышлар мен салық органдары арасындағы келіспеушілік (пікірлер алшақтығы) жойылады. Ең болмағанда, қазіргі уақытта кездесетін, лизингтік операцияларға салық салудағы даулы мәселелерді реттеу қажет. Бұл, елеулі дәрежеде, қосымша құн салығы бойынша салық базасынан, несие ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ретінде, лизингтік төлемдердің осындай элементтерін алып тастауға, сондай-ақ лизингтік төлемдер құрамына кіретін мүлік салығының сомасына қосымша құн салығын есептеуге жол бермеуге қатысты.

3 ЛИЗИНГТІК ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ

3.1 Лизингтік жобаларды талдаудың кезеңдері мен әдістері

Лизингтік қатынастардың дамуы инвестициялаудың өзге формаларымен салыстырғандағы өзінің өзгешелікті сипаттары мен артықшылықтарынан макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне, экономиканың құрылымына әсерін тигізіп, ресурстардың бір саладан екінші бір салаға ауысуына ықпал етеді. Осымен байланысты, осыған дейін индустриялы дамыған елдерде ғана белгілі болған, жаңа ілгерілі өндіріс пайда болады, отандық тауардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жаңа өткізу нарықтарын игеруді қамтамасыз етеді. Осы факторлардың барлығы инновациялық үдерістерді инвестициялау жүйесінде лизингті қалыптастыруға мүмкіндік береді [12, 19-б.].

Лизингтік жобаларды талдау кезінде лизингтік жобаларды ресімдеу әдістері мен кезеңдерін қарастыруға болады.

Әлеуетті лизинг алушының өтініш беруі, лизингтік мәмілені ресімдеудегі алғашқы кезең болып саналады [12, 69-б.].

Кәсіпорын қосымша негізгі құралдар сатып алу немесе оларды жаңалау туралы шешім қабылдаған кезде, онда: егер өзінің меншікті қаражаты есебінен мүмкін болмаса, ақшалай қаражаттардың елеулі көлемін қайдан табуға болады деген сұрақ туындайды. Біздің көзқарасымызша, негізгі құралдарды лизингке алу, осы проблеманы шешу тәсілдерінің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта лизинг, банк несиелерінің өте белгілі баламасы болып саналады, бірақ одан өзгешелігі экономикалық жағынан тиімді бірқатар артықшылықтары бар.

Лизингтік мәмілелерді жасау үдерісі, лизингтік мәмілені ресімдеудің алғашқы кезеңінде лизинг алу үшін өтініш беруден басталады [13].

Лизингтік компанияны таңдау уақытын үнемдеу үшін онлайн өтінімді орналастыру өте ыңғайлы.

Клиент алдымен лизинг затын таңдайды, өзінің байланысатын ақпаратын: аты-жөнін, электрондық пошта мекенжайын, байланыс телефонын қалдырады және шарт талаптарын көрсетеді. Қажет болған кезде клиент қосымша ақпарат енгізе алады.

Өтінімді онлайнмен берудің артықшылығы айқын. Біріншіден, әлеуетті лизинг алушы өзінің уақытын үнемдейді, оған компаниялардың көп санының ұсыныстарын салыстырып жатудың қажеті жоқ. Клиент, бір өтінімді өзінің өңірінде тіркелген бүкіл компанияларға жөнелтеді.

Екіншіден, осындай түрде өтінім беру қарапайым орындалады. Онлайн өтінімнің формасы қажетті мәліметтерді ғана қамтиды. Үшіншіден, өтінімнің бірінші қаралуы, сондай-ақ онлайнда болады. Өтінімді ресімдегеннен кейін, жүйе лизингтік мәмілелердің оңтайлы нұсқасын таңдап алады. Өтінімді ресімдеу қандай да бір шығыстарды қажет етпейді және клиенттерге міндеттемелер жүктемейді. Ол бірнеше лизингтік компаниялардан мақұлдау алған кезде, солардың ішінен неғұрлым тиімді ұсынысты таңдап алады.

Өтінімде көрсетілген байланыс телефоны бойынша, қызметкер, ұсыныстың неғұрлым маңызды егжей-тегжейін талқылау үшін байланысып, сөйлеседі. Талқылап болғаннан кейін, ол мәміле жасау мүмкіндігі туралы ақпарат береді. Одан әрі ол лизингтік төлемдерді есептеудің әр түрлі нұсқаларын ұсынады.

Егер лизингтік төлемдер бойынша талаптар клиентті қанағаттандырса, онда әлеуетті клиент қажетті құжаттар пакетін тапсырады және лизингтік мәмілелер жасау үдерісінің екінші кезеңі: әлеуетті лизинг алушының құжаттарын дайындау және рәсімдеу басталады.

Лизинг шартын жасаудың алдында, лизинг компаниясының қызметкерлері әлеуетті клиентке талдау жүргізуі қажет, сондықтан лизинг алушы компанияға белгілі бір құжаттар пакетін тапсырады.

Лизингтік мәмілелерді ресімдеу үшін дайындау қажет құжаттарды: қаржылық және заңдық деп екі топқа бөлуге болады. Заңдық құжаттардың тізбесі:

- жарғы;
- құру туралы шешім немесе құрылтайшылық шарт;
- мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- салық есебіне қол қою туралы құжат;
- қолдар және мөрлер бедерімен көшірме;
- директор тағайындау туралы шешім және бұйрық;
- шарттарға қол қоюға сенімхат;
- лизинг мәмілесін жасау туралы шешім (қажет болған кезде).

Сондай-ақ қажет болған кезде:директордың немесе бас бухгалтердің төлқұжатының көшірмесі, бас бухгалтерді тағайындау туралы бұйрық, шарттар көшірмелері қажет болуы мүмкін.

Бүкіл осы құжаттар, лизинг алушы растаған көшірмелер немесе нотариатпен расталған көшірмелер түрінде табыс етілуі тиіс. Құжаттарды қарау кезінде қызметкерлер толық ақпаратты: лизинг алушы туралы мәліметті және оның құқықтық мәртебесі туралы мәліметті, фирмалар жетекшілерінің өкілеттігін және шарттарға қол қоюды, мүлікке иелік етумен және ақшалай қаражаттар тартумен байланысты, мәмілелер жасау бойынша шектеулердің бар, я жоқ екенін талдайды.

Қаржылық құжаттарға жататындар: қаржылық есептілік, жасалған лизингтік шарттар мен алынған несиелер туралы мәлімет, ағымдағы банк шоттары және соңғы жарты жылдағы (жылдағы) ағымдағы банк шоттарындағы ақша айналымдары туралы ақпарат. Фирманың қаржылық жағдайын қарау үшін сондай-ақ: аудиторлық қорытындылар, кредиторлық және дебиторлық берешектердің мағынасының ашылуы (расшифровка), қалған контрагенттер және т.б. туралы ақпарат сұратылады. Бұл құжаттар банктің анықтамалары, лизинг алушының қолы қойылған анықтама немесе лизинг алушы растаған көшірмелер табыс етіледі. Сондай-ақ жобаның бизнес-жоспарын табыс ету қажет болуы мүмкін [13].

Бүкіл құжаттарға лизинг алушының қаржылық жағдайын және төлемқабілеттілігін бағалау әдісімен, талдау жүргізу көрсетілген. Шағын мәмілелер бойынша, түсім ағымдағы банк шоттарындағы ақшалай қаражаттар айналымы, меншікті капитал сияқты, қызметтің негізгі көрсеткшітері ғана бағаланады. Ірі жобалар бойынша әлеуетті клиенттің қаржылық жағдайы мен оның бизнес-жоспарына талдау жүргізіледі [13].

Құжаттарда лизингтік компанияның бүкіл талаптары сақталуы және лизинг алушы бизнесінің ерекшеліктері түсіндірілуі тиіс. Сол уақытта, осы айтылғандар лизинг бойынша қаржыландыру алу жолындағы нақты алғашқы қадам болады.

Лизингтік мәмілелер жасау рәсімдерінің үшінші кезеңінде әлеуетті лизинг алушының қаржылық жағдайы зерделенеді.

Компанияның қаржылық жағдайын талдау кезінде, лизингтік компанияға өтініш білдірген кезге дейінгі лизинг алушының жұмысына бағалау жүргізіледі. Бірінші кезекте қаржылық талдау жүргізіп, кәсіпорынның өтімділігі, қаржылық орнықтылығы, аталмыш кәсіпорынның пайда табушылығы динамикада зерттеу қажет, өйткені компанияның қаржылық жағдайының өзгеруі маңызды болып саналады. Аталмыш талдау стандарттық коэффициенттерді есептеумен ғана шектелмеуі тиіс. Одан әрі алынған көрсеткіштер түсіндіріліп, олардың өзгеру себептері анықталады [14, 87-б.].

Осындай талдаудың нәтижелері өте маңызды. Біріншіден, олар кәсіпорын қызметіндегі келеңсіз үрдістерді анықтайды. Екіншіден, олар жобаның бастапқы деректерінің шынайылығын бағалау үшін ақпараттық база болып саналады. Оларды бағалау кезінде өзгермелі және тұрақты шығындар деңгейі жоспарланған деңгеймен салыстырылады. Әлеуетті клиент, егер ол бар болса, алшақтықты растауы тиіс. Бұл жағдайда маркетингтік зерттеулер негіз болуы қажет. Ең соңында, қаржылық талдау нәтижелері болжалдық ақша ағындарын құру кезінде пайдаланылады. Бұл үшін, өткізуден түскен түсімдер, ағымдағы шығындар сияқты, компания қызметінің сандық көрсеткіштері бағаланады.

Кәсіпорынның ағымдағы жағдайын талдау, басты түрде, лизингтік төлемдерді төлеу үшін, сондай-ақ лизингтік міндеттемелердің орындалмау тәуекелін бағалау үшін, кәсіпорын мүмкіндігін анықтау мақсатында, ақшалай қаражаттың жеткілікті санының бөлінуіне әкеледі.

Егер компанияның қаржылық жағдайы қанағаттанарлықсыз болса, сол уақытта лизинг беруші мүлікті лизингке беруден бас таруы мүмкін. Демек, лизинг компаниясының одан әрі есеп айырысуларды жалғастыру қажеттілігі болмайды.

Әлеуетті клиенттің өткен және ағымдағы жағдайын талдау кезінде оны толық бағаламауға болмайды, өйткені жобаның жұмыс істеуі, атап айтқанда, лизинг алушының қаржылық жағдайының орнықтылығына байланысты болады (бірінші кезекте, егер жоба бөлек жұмыс істей алмайтын болса және ол лизинг алушы компания қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болса).

Сараптамалық қорытынды лизингтік мәмілелер жасау рәсіміндегі төртінші кезең болып саналады. Лизинг беруші әлеуетті лизинг алушының бастапқы құжаттар пакетін алып, кәсіпорынның қаржылық жағдайын зерделегеннен

кейін, лизинг беруші компанияның мамандары сараптамалық қорытынды дайындайды. Ол ресми құжат түрінде ресімделеді және оған тұлғаға сараптама жүргізген бүкіл қызметкерлер қол қояды.

Мамандардың сараптамалық қорытындысына келесілер кіреді:

− лизинг беруші компанияның экономисі зерделеген және талдаған, лизинг алушының қаржылық-экономикалық жағдайы;

− жобаның өзін-өзі ақтаушылығы;

− ішкі және халықаралық аспектілер деңгейінде нарықтың болашағын талдау кіретін, лизинг алушының нарығын шолу;

− лизинг затын талдау. Сарапшылар лизинг алушы үшін лизинг затының рөлі мен маңызын, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін арттыруды талдайды;

− лизинг алушы үшін неғұрлым ыңғайлы жеткізушіні іздеу кіретін, жеткізушілерді шолу. Бағаларды, жеткізілімдер мерзімдерін, жеткізілімдер талаптарын, кепілдендірілген және сервистік қызмет көрсетулерді салыстырмалы талдау жүргізіледі.

Бүкіл қажетті зерттеулер аяқталғаннан кейін үш бөлімнен: кіріспеден, зерттеуден және талдау негізінде жасалған қорытындылардан тұратын, қорытынды тұжырым жасалады. Онда: сараптаманы кім (аты-жөні, білімі, мамандығы, атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы), қайда, қашан және қандай негізде жүргізгені, қандай материалдар пайдаланылғаны, қандай зерттеулер жүргізілгені және мамандар алдында қандай міндеттер тұрғаны, дәлелді жауаптар қандай екені көрсетіледі [15, 87-б.].

Мамандардың сараптама қорытындысы 2-3 күнде жасалады және оның нәтижелері несие комитетінің отырысына ұсынылады. Соның негізінде лизинг беруші компанияның комитеті әлеуетті лизинг алушымен алдағы ынтымақтастық туралы, я қаржыландыруды кейінге ауыстыру немесе одан бас тарту туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

Жеткізушіні таңдау лизингтік мәмілелерді жасау кезіндегі кезеңдердің бірі болып саналады. Заң бойынша оны таңдау лизинг алушыға тиесілі.

Қандай да бір техникаға қажеттілікті сезініп отырған лизинг алушы, белгілі бір жеткізушіден өзі үшін лизинг затын алу туралы өтінішпен лизинг компаниясына өтініш білдіруі тиіс. Бірақ егер лизинг алушы жеткізушіні таңдауды әлі айқындамаса, онда лизинг беруші компания оған таңдауға көмектеседі. Жеткізушіні таңдау аталмыш жағдайда қажетті техниканы жеткізу мерзімдеріне, жеткізу талаптарына, көрсетілетін сервистің деңгейіне, кепілдендірілген және сервистік қызмет көрсетуге байланысты болады. Таңдау бойынша шешімді лизинг алушының өзі қабылдайды.

Лизинг алушы жеткізушімен, жеткізу бағасы мен талабын, ал лизинг компаниясымен – лизинг талабын: техника оған қандай мерзімге берілетінін келісуі қажет.

Жеткізу шартына қол қойылған кезде, лизинг компаниясы атап айтқанда, техниканы лизингке алатыны туралы жеткізушіге міндетті түрде хабарлама жасауы тиіс. Сондай-ақ, атап айтқанда қай лизинг алушыға және қай шарт бойынша техника берілетіні туралы ескертіледі.

Қазіргі уақытта көптеген лизинг берушілер, лизинг алушы болашақта лизинг объектісінің техникалық жай-күйі бойынша жеткізушіге бүкіл талаптарын білдіре алатындай болу үшін, арнайы үшжақты сатып алу-сату шарты ресімделеді.

Техниканы алу кезінде лизинг алушы өзінің ақшасын емес, лизинг компаниясының ақшасын төлейді, демек, жеткізушіні таңдау кезіндегі кәсібиліктің төмендігі және сақтықпен қарамаушылық біздің көзқарасымызша, лизинг берушінің өзіне үлкен шығын әкеледі [16, 99-б.].

Тәуекелдерді төмендету үшін лизинг компаниялары өндірушілер мен зауыттардың ресми дилерлерімен, тексерілген сенімді жеткізушілерімен ынтымақтастық жасауға артықшылық береді. Тексерілмеген жеткізушіден техника сатып алғысы келетін лизинг алушы, мәмілені қаржыландырудан бұл жөнінде лизинг компаниясының бас тартуын алуы мүмкін. Сондықтан лизинг беруші компания, техника үшін төлемес бұрын, осы жеткізушіні егжей-тегжейлі тексеруге тырысады.

Осылайша, жеткізушіні таңдау лизингтік мәмілені жасау үдерісінде аса маңызды рөл атқаратыны туралы қорытынды жасауға болады.

Әлеуетті лизинг алушының жеткізу талаптарын келісуі лизингтік мәмілелерді ресімдеудегі алтыншы кезең болып саналады. Лизинг объектісін жеткізудің өзара тиімді жағдайын, жеткізуші мен лизинг алушы бірлесіп анықтайды. Одан әрі оларды сондай-ақ лизинг компаниясымен келіседі.

Лизинг алушы жеткізушімен лизингке тапсырылатын мүліктің бүкіл техникалық-экономикалық сипаттамаларын, сондай-ақ мүліктің сапасы, мерзімдері мен жеткізетін жері бойынша сатушының кепілдіктерінің өзіндік ерекшеліктерін келісуі қажет. Жеткізушімен жеткізу талаптарын келісу үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Егер лизинг алушы сатушының өз бетімен дербес таңдаса, онда ол жеткізушінің жеткізу талаптарын орындамауымен және оның қауқарсыздығымен байланысты бүкіл тәуекелдерді өзіне алады. Лизинг компаниясы, сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушының жағдайын нашарлататын жеткізу талабының алынып тасталуы үшін табандылық танытуы мүмкін.

Жеткізу талаптарының өзара тиімділігін келіскеннен кейін, жеткізуші лизинг затын лизинг берушінің немесе лизинг алушының мекенжайы бойынша жөнелтуі тиіс. Егер жөнелту үшін өзге орын көрсетілсе, онда ол лизинг шартында жазылуы керек. Мүлікті қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдау лизинг берушінің және лизинг алушының міндеті болып саналады. Егер қажет болса, онда жеткізуші лизинг объектісін пайдалануға іске қосуды және құрастыруды жүзеге асырады [17, 28-б.].

Жауапты тараптар лизинг объектісін пайдалануға іске қосқаны туралы құжатқа қол қоюға тиіс. Одан әрі, объектіні алғаны және оның пайдалануға дайын екенін растайтын бүкіл құжаттарды ресімдегеннен кейін, лизинг беруші оның толық құнын төлеуі қажет.

Қазіргі уақытта негізінен, лизинг беруші оны жеткізгеннен кейінгі, лизинг затының жеткізушісіне төлемді емес, сатып алу-сату шартына қол қою кезіндегі алдын ала төлемді жүзеге асырады.

Жеткізушімен жеткізудің бүкіл талаптарын түпкілікті келіскеннен кейін, лизинг шартының өзін жасайды.

Лизинг объектісін беру мерзімі сатып алу-сату шартында жазылған және лизинг берушінің ағымдағы банк шотына алғы төлем келіп түскеннен кейін 7 күн ішінде күшіне енеді (А-қосымшасы).

Лизинг мерзімінің өзі лизинг алушының лизинг объектісін қабылдаған күннен басталады, бұл ретте лизинг объектісін сатып алу-сату шартының талаптарымен анықталған, тапсыратын орында сатушының қатысуымен лизинг алушы лизинг берушіден оны қабылдауды жүзеге асырады [18, 18-б.].

Шартта көрсетілгендерге лизинг заты келгенде, объектіні қабылдау-өткізу актісі ресімделеді және онда мүлікті жеткізудің жиынтықтығы, сондай-ақ коммерциялық келісім шартта көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге оның сәйкестігі көрсетіледі. Қабылдау актісіне бүкіл үш тараптың өкілдері: лизинг беруші, жеткізуші, лизинг алушы қол қояды.

Егер қабылдау-өткізу кезінде ақау табылса, онда оны қабылдау актісінде көрсетеді. Бұл жағдайда лизинг беруші жеткізушіге мерзімдерін көрсете отырып, осы ақауларды жоюға тапсырма береді. Ал егер лизинг алушы лизинг объектісін қалыпты пайдалану оның ақаулығынан мүмкін емес болатын мүлікті қабылдаудан бас тартса, онда ол туралы жазбаша түрде лизинг берушіні құлағдар ету қажет. Лизинг алушы анықталған кемшіліктер мен ақауларды мінетті түрде көрсетуі және дәлелдеуі қажет. Аталмыш мән-жағдай лизинг берушіге лизинг объектісін сатып алу-сату шартын бұзуға құқық береді [19, 19-б.].

Егер ақауды жою мүмкін емес болса, онда жеткізуші лизинг объектісін өзінің есебінен ауыстыруға міндетті. Мұнан өзге, егер жеткізуші тарапынан қандай да бір міндеттеме бұзылса, лизинг алушыға келтірілген залалдар (шығындар) мөлшері анықталуы және оларды өтеуді талап ету қажет.

Лизинг объектісіне меншік құқығы лизинг берушіге тиесілі. Бірақ лизинг алушы қабылдау актісіне қол қойған күннен мүлікті сақтау жауапкершілігі мен оны қорғау міндеттілігін өзіне алуы тиіс. Осы кезден барлық тәуекелдер: зақымдану, ұрлау, өрт болу тәуекелі лизинг алушыға ауысады. Лизинг объектісін пайдалану нәтижесінде алынған кірістер мен өнімдер, лизинг алушының өзінің меншігі болып саналады.

Бірақ лизинг берушінің лизинг объектісінің меншік иесі болып саналатынына қарамастан, оны қабылдағаннан кейін лизинг алушы бүкіл құқықты өзіне алуы мүмкін.

Лизинг затын сақтандыру міндетті кезең болып саналады. Қазіргі уақытта лизинг объектісін сақтандыру сақтандырудың өте кең таралған түрі болып саналады. Лизинг шартында сақтандыру міндеттілігі көрсетілуі мүмкін. Егер осы міндеттілікті өзіне алған тарап, осымен айналыспаса, онда өзге тарап сақтандыруды жүзеге асыруға және сақтандыру төлемдері түрінде өз шығыстарын төлеттіруді талап етуге құқылы [20, 29-б.].

Лизинг объектісін сақтандыру мүлікті сақтандыру тобына (сыныбына) жатқызылады. Лизинг алушы қабылдау кезінен объектінің сақталуына және лизинг объектісін құрастыру, пайдалану кезіндегі бүлінумен, жоғалумен, жымқырумен, ұрлаумен, сынумен байланысты тәуекелдер үшін жауапкершілік көтереді. Өйткені олар техникалық құжаттамаларда көрсетілген көлемде оны пайдаланудың мүмкін еместігіне әкеледі. Лизинг алушы лизинг объектісін кез келген сәтте қалпына келтіру бойынша шығыстарды көтеруі мүмкін, соныктан лизинг объектісі мен табиғат апаттары тәуекелін сақтандыру, лизинг алушының өзі үшін тиімді болады.

Сондай-ақ ол үшін лизинг объектісін пайдалану кезіндегі үшінші тұлғалардың денсаулығына, өмірі мен мүлкіне зиян келтіру тәуекелін сақтандыру маңызды. Ол, сомасы алдын ала болжап білуге болмайтын өте үлкен болуы мүмкін үшінші тұлғалардың талап білдіруінен қорғайтын болады.

Лизинг объектісін сақтандыру тәртібі мен жағдайлары туралы айту үшін, сақтандыру құнын есептеуден бастау қажет. Ол, оның мөлшері көптеген факторларға: мүліктің түріне, оның тағайындалуына, оны пайдалану талаптарына, сақтандыру түріне, сақтандырушының шығындарға (залалдарға) қатысу мөлшеріне қатысты болатын, сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифінің көбейтіндісі ретінде есептеліп шығарылады.

Төлем сомасы тараптардың келісімімен белгіленеді және сақтандыру шартында ескеріледі. Сақтандыру сыйлықтарын төлеу біржолғы болуы және бөліп-бөліп төленуі мүмкін, бұл сондай-ақ клиенттің қаржылық мүмкіндіктері мен сақатандыру сыйлығының мөлшеріне байланысты болады.

Лизинг затын сақтандырудың әдеттегі мерзімі 1 жылды құрайды [1]. Тараптардың келісуі бойынша шарт пролонгациялануы (ұзартылуы) мүмкін. Лизинг берушінің талабы бойынша, сақтандыру шарты лизинг шартының бүкіл қолданыс мерзіміне жасалады және бұл шарттың өзінде ескеріледі.

Өтемді (төлемді) төлеу үшін сақтандырылушы, егер сақтандыру оқиғасы болса, сондай жағдайда сақтандыру компаниясына өтініш береді. Осыдан кейін сақтандырылушы, аталмыш оқиғаның мән-жағдайын және залалдардың (шығындардың) мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін, қажетті құжаттар пакетін табыс етеді, содан кейін сақтандыру компаниясы өтемді төлейді. Төлемді (өтемді) жүзеге асыру мерзімдері сақтандыру шартында көрсетіледі.

3.2 Лизингтік жобалардың тиімділігін бағалау

Лизингтің тиімділігін бағалау үшін дисконттау тәжірибесі жорамалданбайтын оңайлатылған әдістер және дисконттау тұжырымдамасын қолдауға негізделген әдістер қолданылуы мүмкін. Осы әдістерді талдау олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтады және лизингтік инвестициялау саласындағы шешімді IRR (ішкі табыстылық нормасының) салыстырмалы шамалары негізінде қабылдау қажеттілігі туралы ұсыныс жасау мүмкіндігін берді, өйткені бұл тәуекел факторларын анықтауға және «лизинг қауіпсіздігі резервінің» шамасын анықтауға оң ықпал етеді [21, 69-б.].

Лизингтік қатынастарды қалыптастыру және дамыту қазақстандық кәсіпорындардың техникалық әлеуетін реконструкциялау жағдайы мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бірақ қазіргі уақытта республикадағы лизингті дамыту деңгейі оған қойылатын талаптарға әлі де толықтай шекте сәйкес келмейді. Бұл лизингтің қолданылатын ұйымдық-экономикалық тетіктері тиімділігінің әлсіздігімен, лизингті басқару мәселелері бойынша заңнамалық және құқықтық актілердің жетілдірілмегендігімен, ұсынылатын лизингтік қызмет көрсетулердің құрамы мен сипаты туралы ақпараттық базаның жеткіліксіздігімен, лизингтік қатынастарға толыққанды қатысу үшін көптеген әлеуетті лизинг алушылардың психологиялық дайын еместігімен, аталмыш аядағы жұмыс тәжірибесінің аздығынан және қызметкерлер біліктілігінің жеткіліксіздігінен өзінің мүмкіндіктерін әлі де толық шекте пайдалана алмай отырған, көптеген лизингтік компаниялардың инвестициялық әлеуетінің әлсіздігімен түсіндіріледі.

Осымен баланысты бүгінгі күнге көптеген лизингтік компаниялар – лизингтік фирмалардың қызметіне тікелей қатысу арқылы және олардың клиенттерін лизингтік қызметтің аяларын кеңейтуге тарту жолымен, банк және сақтандыру секторының уақытша жұмсалмай жатқан қаржы ресурстарын тарту арқылы – ірілендіру саясатын жүргізуде.

Мұнан өзге, лизингтік компаниялардың өзін қауымдастықтарға және одақтарға біріктіру үрдісі байқалады, бірақ лизингтік қатынастардың осы жағы әлі де пайда болу және қалыптасу сатыларында, сондай-ақ лизингті басқару тетіктерінің әдістемелік тәсілдемелерін жетілдіру бойынша одан әрі зерттеулер жүргізуді және лизингті Қазақстанда пайдалану тиімділігінің ұйымдық-экономикалық факторларын зерделеуді қажет етеді.

Экономиканың басым салаларындағы лизингтік жобаларды тікелей бюджеттік қаржыландыру, үкіметаралық деңгейде лизингтік жобалар жасау, субсидиялау, коммерциялық банктерге мемлектетік кепілдіктер беру арқылы кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін арттыру «Даму», «Самұрық Қазына» сияқты Мемлекеттік қорлар арқылы жүзеге асырылады [22].

Бюджет қаражатының шектеулілігі, шағын және орта бизнес кәсіпорындарын лизингтік үдеріске тартусыз, бөлінетін қаражаттарды ірі кәсіпорындарға шоғырландыру, елдің әр түрлі өңірлерінде ұйымдастырушылық мәселелерді шешу кезіндегі инерттілік, тікелей мемлекеттік лизингтік реттеудің келеңсіз жақтары ретінде атап көрсетіледі.

Осындай жағдайларда, инвестицияланатын капиталдың ауқымдарын кеңейтуге және сапасын арттыруға бағытталған, конкурстық жобалық инвестициялау тетігі маңызды элементке айнала алады. Салынатын бюджет қаражаттары мен жеке инвесторлар қаражаттарының жоғары қайтарымын қамтамасыз ету үшін, оларды қаржыландыруға бюджет қаражатының үлестік қатысуы қағидаттарында инвестициялық ресурстардың жоғары экономикалық тиімділік өлшемдері бойынша орталықтандырылған, сол сияқты жеке инвестициялық ресурстарды конкурстық орналастыру жүйесі одан әрі дамуы тиіс.

Жақын және алыс шетелдердегі (Ресей, Украина, Германия, Түркия) лизингті пайдаланудың тәжірибесіне сәйкес, лизингтік операциялардың тиімділігін арттыру мақсаттарында, біз келесі негізгі бағыттарды ұсынып отырмыз:

- жеке кәсіпкерлікті дамыту және олардың қызметін реттеу бойынша жағдайлар жасау үшін мемлекеттік ынталандыруды белсенді ете түсу;
- зейнетақы жинақтау қорлары арқылы халықтың жинағын пайдалану, кепілдендірілген қарыз алу тетігі арқылы сақтандыру ұйымдарының уақытша жұмсалмай жатқан ресурстарын пайдалану;
- қысқа мерзімді және ұзақмерзімді несиелерден олардың салынған капиталға өлшемдес пайда алуымен, қаржы мекемелерінің корпоративтік табыс салығы бойынша мөлшерлемерін саралау арқылы экономиканың нақты секторын несиелендіруге банктердің қызығушылық жағдайларын жасау жолымен, банктердің және өзге де несие мекемелерінің қаражаттарын тарту.

Лизингтік жобалардың тиімділігін бағалау барысында, біздің пікірімізше, экономикалық көрсеткіштер жүйесін пайдалану және белгілі бір кезеңдерге негізделген тізбектілікті сақтау қажет, ол кезеңдер болып келесілер саналады:

- ақша ағындарының түсуі мен кетуінің динамикасы ғана емес, сонымен бірге салалық, өңірлік, жалпымемлекеттік деңгей бойынша жобаның қоғамдық маңыздылығы базалық өлшемдер болып саналған кездегі, инвестициялық жобаның орынды екенін неғұрлым кеңірек талдау;
- инвестицияланған қаражаттың жеткілікті өсім қарқынын (қор қайтарымы, материалсыйымдылық, еңбекөнімділігі) қамтамасыз етуге жобаның қабілеттілігі, базалық өлшем болып саналған кездегі, экономикалық тиімділікті бағалау;
- базалық өлшемдер тәуекел факторларының әсеріне экономикалық тұрғыдан тиімді (рентабельді), орнықты деп саналған кездегі тәуекелдерді бағалау;
- ресурстардың қамтамасыз етілгендік өлшемдерін анықтау, яғни тиісті профиль және біліктілігі бар мамандардың қажетті ғылыми-техникалық әлеуетінің болуы, бәсекелесуші технологиялардың өндірістік қуаттарының, технологиялық баламаларының болуы;
- лизингтік жобаны жүзеге асыру үшін инвестициялау көздерін іздеу және бөлу. Бұл ретте алғашқы екі кезеңді кейбір ғалымдар (Mihael Wher, Jofsef F.Frank) бөлмейді, оларды экономикалық тиімділіктің бірыңғай (біртұтас) көрсеткіші ретінде қарастырады. Бірақ осылай бөлу өзекті болып саналады, өйткені ол жалпыұлттық, өңірлік, салалық деңгейдегі тиімділіктің жекелеген өлшемдерін талдауға мүмкіндік беретін, инвестициялық жобаның тиімділігін бағалаудың неғұрлым терең тәсілдемесі деп атауға болады [21, 29-б.].

Техникалық құралдарға сұраныстың жоғарылығы, лизинг фирмалары жүзеге асыратын мәмілелер көлемдерінің ұлғаюына әкеледі. Бүкіл жаңа техникалық құралдар лизингтік бизнес орбитасына тартылуда. Осыдан келіп: фирмалардың күйреуі, олардың маманданулы, лизинг фирмасы акциялардың бақылау пакетіне ие болатын, заңды дербес фирмалар құру қажеттілігі

туындайды. Яғни, сөз холдинг типіндегі компанияларға көшу туралы болып отыр [6].

Холдинг типіндегі фирмалар негізінде лизингтік қауымдастықтар мен компаниялар құрудың функционалдық қағидаты, лизингтік операцияларды жүзеге асыру шығыстарын түбегейлі қысқартуға мүмкіндік береді. Мысалы, жарнамалар мен баспа қызметі толықтай компанияның бақылау пакетін ұстаушының иелігінде болуы мүмкін. Холдинг компаниясының клиенттерді зерделейтін ортақ қызметі болуы болжанады. Лизингтік мәмілелерді сақтандыру мәселелері сондай-ақ сақтандыру компаниясымен келісім шарт жасау жағдайында холдинг деңгейінде шешілуі мүмкін [22, 79-б.].

14-кесте

Қазақстанның лизинг нарығын SWOT-талдау

Күшті жақтары	Мүмкіндіктері
1	2
1. Экономиканың басым бағыттарындағы лизингтік бағдарламаларды мемлекеттік қолдау. 2. Лизингтік заңнаманы біріздендіру және үйлесімді ету. 3. Лизингтік жобаларды жүзеге асыру кезінде салық, өтемпұлдық, кеден, инвестициялық жеңілдіктер мен проференциялар бөлу. 4. Адал емес лизинг алушылардан лизинг затын алу кезіндегі сот-әкімшілік рәсімдерін (тәртіптерін) оңайлату. 5. Лизингтік компаниялардың ХҚЕС-қа көшуі. 6. Лизингтік операциялар кезіндегі мемлекеттік жеке әріптестік.	1. Лизингтік стартегиялық бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімді құралдарының бірі ретінде пайдалану. 2. Жаңа лизингтік бағдарламаларды, өнімдер мен қызмет көрсетулерді енгізу. 3. Лизингті, оның ішінде исламдық қаржыландыру есебінен қаржыландыру көздерін әртараптандыру. 4. Лизингтік қызмет көрсетулерді дамыту үшін қор нарығының тетіктерін кеңінен пайдалану. 5. Шетел инвестицияларын белсенді тарту үшін жағдай жасау.
Әлсіз жақтары	Қауіп-қатерлер
1. Нарықта жұмыс істейтін жеке (коммерциялық) лизинг компанияларының орнықсыздығы. 2. Лизингтік компанияларды қорландыру базасының орнықсыздығы мен тарлығы. 3. Инвестициялық үдерісте ақшаның жетіспеушілігі. 4. Лизинг компанияларының ашықтығының жеткіліксіздігі. 5. Сапалы статистикалық есептілік пен ақпараттардың жоқ екендігі. 6. Лизинг шарттарының тауарлық, салалық және өңірлік құрылымдарын әртараптандырудың жеткіліксіздігі.	1. Күшті шетелдік лизинг компанияларының қазақстандық нарыққа шығуы. 2. Лизингтік заңнаманың тұрақсыздығы (нормативтік-құқықтық актілердің жиі өзгеруі). 3. Ұлттық валютаның девальвациясы және ревальвациясы. 4. Инфляцияның өсуі, лизинг компаниялары тартатын қаржылық ресурстар құнының қымбаттауы. 5. Активтердің және тұтастай алғанда лизинг протфелі (қоржыны) сапасының нашарлауы, лизингтік қызмет тәуекелдерінің артуы. 6. Жетекші рейтингтік агенттердің елдік және несие рейтингтерінің төмендеуі.
Е с к е р т у: «Агро-думан» ШҚ талдау деректері негізінде авторлар құрастырды.	

Лизингтік фирмалар қызметінің жаңа аялары ұйымдық құрылымдардың күрделенуіне әкеледі. Бұл жерде жалпы қағидат көрінетін болады, яғни ұйымдық құрылым, біздің көзқарасымызша, лизингтік бизнестегі прогресті қамтамасыз ете отырып, нарық қажеттіліктерін ескеру жағдайларында қайта құрылуы тиіс.

В.И. Осадчая пікірі бойынша, жалгерліктің (лизингтің) негізгі кемшіліктері болып, сондай-ақ мыналар саналады: жалгерлік төлемнің мөлшері, өтемпұлдық аударымдардың мөлшеріне қарағанда, әдетте анағұрлым жоғары болатындығымен байланысты өнімдердің өзіндік құнының қымбаттауы. Бұл, субъектінің баға бәсекелестігіндегі позициясын әлсіретуі немесе оның қызметінің рентабельдігін төмендетуі мүмкін; жеделдетілген өтемпұлды жүзеге асыру (қаржы лизингі кезінде) жалға берушінің келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін, сондықтан бұл қажетті өтемпұлдық саясат жүргізу есебінен меншікті ресурстарды қалыптастырудағы субъектінің мүмкіндігін шектейді; жалға берушінің келісімінсіз пайдаланылатын мүлікті түбегейлі жаңғыртудың мүмкін еместігі, бұл да сондай-ақ пайдаланудың рентабельділігін арттыру мақсатында оны жаңалау және жақсарту жылдамдығын шектейді; ұзақмерзімді банк несиесіне (қаржы немесе қайтарылатын лизингті пайдалану кезінде) қызмет көрсетумен салыстырғанда лизингтік төлемдерге қызмет көрсетудің жекелеген жағдайларда құнының неғұрлым жоғарылығы; егер жалгерлік мерзімі олардың толық өтемпұлының мерзімімен сәйкес келсе, жедел лизинг кезіндегі ұзақмерзімді материалдық активтердің қалдық құны формасында кірісті толық алмау; объектілердің жалға алынған түрлері неғұрлым тиімді пайдаланылған кездегі (бұл, осы форма кезіндегі жалгерлік қатынастардың мерзімдік сипатымен байланысты), жоғары шаруашылық конъюнктуралары кезеңіндегі жедел лизинг кезінде жалгерлікті созбау тәуекелі [22, 101-б.].

Қазақстандағы лизинг нарығының қалыптасуы мен дамуы үдерісінде, лизингтік индустрияны дамытудағы күмәнсіз табыстармен қатар, бірқатар шешілмеген мәселелер мен проблемалар анықталады. Оған, біздің көзқарасымызша, мыналар жатады:

– лизингтік инвестицияларды қаржыландырудың ішкі көздерін табу мен пайдалану проблемасы немесе инвестициялық үдерісте ақшаны пайдалану проблемалары;

– лизингтік мәмілелердегі жеделдетілген өтемпұл тетігін қолдау арқылы экономика салаларының моральдық және физикалық ескірген негізгі капиталын кеңінен жаңалау проблемалары;

– оларды жол полициясы органдарында тіркеу және есепке қою кезінде, көлік құралдарын есепке алу және тіркеу рәсімдерін оңайлату, тәуекелдерді азайту проблемалары;

– Қазақстандағы лизингті дамытудың жалпы параметрлерін көрсететін, қаржы лизингі туралы ресми статистикалық мәліметтерді қалыптастыру проблемасы;

– лизингке беру мақсаттарында әкелінетін жабдықтарды кедендік рәсімдеумен байланысты проблемалар;

лизингтік операциялардың жаңа түрлерінің пайда болуына кедергі келтіретін, сол арқылы және тұтастай алғанда қазақстандық лизинг нарығының кеңеюіне кедергі келтіретін, ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңының 3-бабындағы лизинг формалары мен түрлерінің ықшамдалған сипаттамасы [1].

Қазақстандық лизинг нарығын нығайту мен дамыту үдерісінде, сондай-ақ жаңа үдерістер пайда болды. Олар мыналар:

1. Лизинг нарығында жаңа ойыншылардың пайда болуы: мемлекеттік және отандық жеке лизингтік компаниялармен қатар лизинг нарығында: шетелдік лизинг компаниялары; машиналарды және жабдықтарды өндірушілермен, сондай-ақ жеткізушілермен байланысты лизингтік компаниялар; салалық және өңірлік лизинг компаниялары; қаржылық-өнеркәсіптік топтармен байланысты фирмалар; лизинг компанияларын құрусыз лизингтік операцияларды жүзеге асыратын, коммерциялық банктер жұмыс жасайды.

2. Өңірлерде лизинг фирмалары мен компаниялары филиалдарының, өкілдіктерінің және сервистік орталықтарының құрылуы мен санының өсуі. Бүгінгі күні елдің саяси және экономикалық орталықтарында (Астана және Алматы қалалары) шоғырландырылған жетекші лизинг компанияларының өңірлерге қызмет көрсетуі олардың өңірлік филиалдары мен өкілдіктерін құру және кеңейту арқылы жүзеге асырыла бастады.

3. Лизингтік операцияларды қаржыландыру көздерінің кеңеюі мен құрылымдарының өзгеруі. Нарық көшбасшылары, бұған халықаралық қаржы ұйымдары мен банктерінің (МФК, ЕБРР, АБР, ИБР және т.б.) қаржы желілерін, батыстың сараптама-несие агенттіктерінің, лизинг компанияларының несиелерін, жеткізушілердің коммерциялық несиелерін, лизинг компанияларының («БТА ORIX Лизинг» АҚ, «Альянс Лизинг» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ) облигацияларын шығарып, қарыздарды секьюритизациялауды жүзеге асыра отырып, жергілікті қор нарығының қаражатын қоса алғанда, сыртқы көздерді тарту есебінен қаржыландыру көздерін белсенді кеңейтуде.

4. Тауарлық, салалық және өңірлік лизингтік мәмілелер құрылымдарының: лизингтік операциялардың жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылық, құрылыс-жол және құрылыс техникалары, көлік құралдары үлесінің әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі төмендеуі мен өсуі сияқты үрдістерінің өзгеруі [23, 79-б.].

5. Лизинг берушінің дағдарысқа дейінгі кезеңде лизингтік қаржыландыру жағдайларын жақсартуы. Лизинг компаниялары арасындағы бәсекелестіктің пайда болуы нәтижесінде нарықта алуан түрлі лизингтік өнімдер мен бағдарламалар, сондай-ақ қосымша қызмет көрсетулер ұсыныла бастады; лизинг компанияларының маржалары мен сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерлері төмендеді; техникаларды лизингке беру мерзімдері ұзартылды; қамтамасыз етуді (кепіл, алғы төлем, сақтандыру, жеткізушілердің техникаларды сатып алуы және т.б.) беруге қойылатын талаптарды лизинг компаниялары жеңілдетті [24, 79-б.].

Ең соңында лизинг, ұлттық экономиканың қарқынды дамуы мен жаһандану үрдістерінің өсе түсуі және елдің ДСҰ-ға кіруі жағдайларындағы әлемдік нарықтағы оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторларына айналуы тиіс.

Мәселен, «Агро-думан» ШҚ 15 млн. теңгеге John Deere комбайнын сатып алуды жоспарлайды. «Нұрлизинг» компаниясы оны келесі жағдайларда лизингке сатып алуды несиелейді:

– мерзімі – жеті жылға дейін;
– сыйақы мөлшерлемесі – 4 % жылдық мөлшерде;
– алғы төлем – техника құнынан 15 %;
– мәмілені ресімдегені үшін біржолғы сыйақы – лизинг заты құнының 70%-нан 2% [1].

Лизинг алушы сондай-ақ лизинг затын сақтандыруға міндетті. Сақтандыру компаниясы, компанияның саясатымен белгіленген мөлшерлерде сақтандыру полисін ұсынады [1].

Мәміле жасау шығындарын, бастапқы жарна сомасын, төлемдердің жалпы сомасын, ай сайынғы лизингтік төлем мөлшерін және лизинг бойынша тиімді мөлшерлемені есептейміз. Төлемдерді өтеу кестесін жасаймыз. Егер «Агро-думан» ШҚ лизингтік төлем ретінде ай сайын 250 мың теңге төлеп отыру мүмкіндігі бар болса, лизинг мерзімін азайту мүмкіндігіне талдау жасаймыз.

Сақтандыру бір рет және лизингтің бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Сол уақытта мәміле жасау шығындары 327,6 мың теңге құрайды (210 мың теңге мәмілені ресімдегені үшін плюс 117,6 мың теңге – сақтандыру полисінің құны).

Бастапқы жарна сомасы 2,25 млн. теңге құрайды.

Ай сайынғы лизингтік төлем мөлшерін 12-формула бойынша анықтауды ұсынамыз:

$$A = \frac{PV_{pst}^{a}}{FM4(r;n)} \qquad (12)$$

мұндағы, А – аннуитеттік төлем;

PV_{pst}^{a} - аннуитет постнумерандоның ағымдағы төлемі;

$FM4(r;n)$ - мерзімді аннуитет постнумерандоның ағымдағы құнын анықтау үшін дисконттаушы көбейткіш.

Мәнін қойып, мынаны аламыз:

$$A = \frac{12750000 + 210000 + 117600}{FM4(4\%/12; 7 \times 12)} = 178755\,тенге$$

Лизинг бойынша төлемдердің жалпы сомасын 13-формула бойынша есептеп шығаруды ұсынамыз:

$$FV_{pst}^{a} = A \times FM3(r;\, n) \qquad (13)$$

мұндағы, FV_{pst}^{a} - аннуитеттің болашақтағы құны;

$FM3(r;\ n)$ - бір ақша бірлігіне аннуитет постнумерандоның болашақтағы құнын анықтау үшін мультипликациялайтын көбейткіш.

Мәнін 13-формулаға қойып, біз мынаны аламыз:

$$FV_{pst}^{a} = 178755 \times FM3(4\%/12;\ 7 \times 12) = 15015435\,тенге$$

Осылайша, Б-қосымшасында көрсетілген, лизингтік төлемдерді өтеудің кестесін жасаймыз.

Бастапқы нұсқа бойынша төлемдердің жалпы сомасы жеті жылға 15,02 млн. теңгені құрайды, бұл негізгі қарыз сомасынан 14,82%-ға артып кетеді.

Енді ай сайын 250 мың теңге мөлшердегі жарналармен, лизингтік төлемді өтеудің екінші нұсқасын есептеп шығарамыз. Қарызды толық өтеу үшін қажет кезеңдер санын есептеп шығару қажет. Бұл үшін аннуитеттік төлем мөлшерін анықтаудың 14-формасын пайдаланамыз (В-қосымшасы):

$$A = \frac{PV_{pst}^{a}}{FM4(r;n)} = PV_{pst}^{a} \times \frac{1 - \dfrac{1}{(1+r)^{n}}}{r} \qquad (14)$$

Мәнін қойып, мынаны аламыз:

$$250000\ тенге \times \frac{1 - \dfrac{1}{(1+4\%/12)^{n}}}{4\%/12} = 13077600\ тенге$$

Бүкіл қажетті түрлеріндірулерді жүргізіп, натуралды логарифмді пайдаланғаннан кейін, В-қосымшасындағы несиені өтеудің екінші сызбасы бойынша берілген, 57, 58 кезеңді (немесе 57 ай және 17 күн) аламыз.

Төлемдердің жалпы сомасы 4,8 жыл үшін 14,4 млн. теңге құрайды, бұл негізгі қарыздың сомасынан барлығы 10,07%-ға артып кетеді.

Қаржыландыру нұсқаларының әрбірінің жиын құнын неғұрлым дұрыс салыстыру үшін қаржыландыру тәсілін таңдау туралы шешім қабылдау сәтінде төлемдердің жалпы сомасын қайта санау қажет болады.

$$PV_1 = \frac{15015435}{\left(1 + \dfrac{0{,}04}{12}\right)^{84}} = 11353707\ тенге$$

$$PV_2 = \frac{14394498}{\left(1 + \dfrac{0{,}04}{12}\right)^{58}} = 11867864\ тенге$$

Ай сайынғы төлемді 250 мың теңгеге дейін ұлғайтатын екінші нұсқа неғұрлым оңтайлы болып саналады. Егер шығындардың өтеу бойынша келтірілген құны, бірінші нұсқаға қарағанда жоғары болса, онда үлкен мерзімді төлемдер есебінен лизинг мерзімі азаяды, демек, оған қызмет көрсету арзанға түседі.

3.3 Лизингтік жобаларды бағалаудың модельдері мен әдістерін жетілдіру – инвестициялық қаржыландыру формалары ретінде

Лизингтік инвестициялауды тиімді пайдалану үшін лизинг компанияларының ұйымдық формаларын жетілдіру және ұтымды ету қажеттілігі туындайды. Лизинг компанияларын басқарудың отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу негізінде, лизинг компанияларының ұйымдық құрылымдарын қалыптастырудың келесі тәсілдемесі ұсынылады.

Лизинг компанияларының құрылымы талдамалық қызметтердің үлкен санын, күшті маркетингтік және заңдық қамтамасыз етуді қарастыруы тиіс. Банк мекемелерімен, сақтандыру компанияларымен және әкімшілік мемлекеттік құрылымдармен үнемі іс-қимыл жасау өте маңызды болып саналады [25, 19-б.].

Лизинг компанияларының қағидаттық ұйымдық құрылымы басқарудың: коммерциялық, қаржылық-құқықтық, жалпы үш түрімен жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстандық лизинг компанияларының тәжірибесін талдауға сүйеніп, лизинг шарттары бөлімін қаржылық-құқықтық қызметтен шығарып, коммерциялық блокқа жатқызу керек, өйткені орындайтын функциялары бойынша ол сараптамалық қызметке жақын. Қаржылық-құқықтық қызмет жүргізетін қаржылық есептілік пен олардың заңдылығын талдауға сүйеніп, лизинг шарттары бөлімі сараптамалық бөліммен бірге лизинг келісім шартының талаптарын қарауы және лизинг шартына қажетті түзетулер жасауы қажет, егер лизингтік сервис инфрақұрылымын дамыту қызметінің талдамалық деректері шарттың талаптарына әсер ететін болса. Лизингтік сервис инфрақұрылымын дамыту бөлімінің функциясына лизинг мүлкін лизингке беруге ілеспелі және лизинг алушының техникасының жай-күйін қамтамасыз ететін, қосымша бақылайтын лизингтік сервистің нақты түрлерін зерттеу кіретін болады.

Оларды шарт негізінде салалық, қауымдастықтарға және өңірлік бірлестіктерге ерікті біріктіру бойынша шаралар әзірлеу, лизинг компанияларының инвестициялық әлеуетін жетілдіру және арттыру үшін өзге бір ұйымдық бағыт болып саналады [26, 49-б.].

Аталмыш шаралар, біздің көзқарасымызша, келесі бағыттар бойынша Қазақстанда лизингті дамытуға оң ықпал ететін болады. Атап айтқанда ол бағыттар:

− лизинг алушылардың өтінімдері негізінде лизинг жобаларын таңдау және сараптамадан өткізу;

− жабдықтардың қажетті түрлерінің жиынтықтығы мен кәсіпорынды дамытудың жалпы жоспарына қатысты оларды жеткізу кезеңділігінің оңтайлы жағдайларын анықтау;

– лизинг шарты бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайында бір лизинг алушыдан алынып, өзге лизинг алушыға өткізілуі мүмкін жабдықтың өтімділігін және лизингтелушілігін анықтау;

– лизинг жобаларын жүзеге асыру барысында, құрылуы мүмкін жаңа жұмыс орындарының санын ұлғайту;

– электрондық жүйелерді пайдалануға негізделетін (техника, жабдықтар, қызығушылық туғызатын әлеуетті клиенттер және лизинг жағдайларында көрсетілетін қызметтер; тапсырыс беруші кәсіпорындар; техника жасаушы – жеткізушілер туралы тиісті материалдармен), лизинг жобалары бойынша деректердің бірыңғай ақпараттық қорын құру;

– ұлттық экономиканың технологиялық базасын жаңалау үшін, лизинг тиімді тұтқаға айналатын, неғұрлым қолайлы орта жасау бойынша нормативтік және практикалық ұсыныстардан тұратын, ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу;

– осындай қауымдастықтарды қолдау және құру үшін мемлекеттік муниципалды органдар мен сақтандыру компанияларын тарту;

– инвестициялаудың бұрынғы, қазіргі және болашақтағы осы түрі бойынша қажетті ақпараттар жинау мақсатында, Қазақстандағы лизинг мәселелері бойынша зерттеулер жүгізу.

Біздің елімізде, машиналар мен жабдықтар лизингі сияқты, тиімді қаржы құралы, әлі де нашар дамыған. Біздегі лизингтің, кәдімгі несиеге қарағанда қымбаттығы оның негізгі себебі болып саналады, ал батыста – керісінше. Ең алдымен отандық лизинг компанияларының өзі, банктердің арзан ресурстарын тартудан алыс. Ал, батыста лизинг берушілер, негізінен, меншікті ресурстары есебінен өзінің сатуын қолдайтын және лизинг компанияларына мұрсат (бөліп төлеу мүмкіндігін) беретін, жеткізушілердің несиелерімен жұмыс жасайды. Лизинг берушілер мен жеткізушілер арасындағы тығыз серіктестік есебінен ол төмен мөлшерлемелер ұсынуы мүмкін. Ал жергілікті жеткізушілер қатысатын жобалар бойынша мөлшерлеме едәуір жоғары болып саналады.

Лизинг кәсіпкерліктің барлық формаларын дамыту, тұтастай алғанда мемлекет экономикасын дамыту үшін ынталандырылатын қуатты инвестициялық құрал болып саналады. Ол, мүлікті меншікке сатып алудың тиімді баламасы ретінде пайдаланылуы тиіс. Іс жүзінде лизинг, ақша орнына жабдықтар, мини-зауыттар мен өзге де басқалар алынатын айырмамен несие алу формаларының бірі болып саналады. Лизинг заманауи техникаларды пайдалану қажеттілігі мен оның тез моральдық тозуы арасындағы қарама-қайшылықты шешуге мүмкіндік береді. Ол шаруашылықтың әр түрлі салаларын дамытуға отандық және шетелдік капитал салуды (жұмсауды) ынталандырады [27, 16-б.].

Салық және өңірлік белгілер бойынша лизинг компанияларының қауымдастықтарын құрумен қатар, мемлекеттік лизинг қорының жұмыс істеуі тетіктерін жетілдіруге, сондай-ақ жабдықтар мен техникаларды жасаушы кәсіпорындармен іскерлік байланыстар орнату және оларды лизингтік операцияларға қатыстыру мәселелерімен айналысатындай, мамандандырылған өңірлік лизинг қорларын құруға; лизинг мәмілелеріне қатыстырылған кәсіпорыныдардың салалық өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, лизнг мәмілелерінің өзін әзірлеуге және ұйымдастыруға; кәсіпорындардың лизинг тетігін пайдалануға деген қызығушылық жағдайларын туғызу үшін салық жеңілдіктерін алу мен жеңілдікпен несиелендіруді пайдалана отырып, мемлекеттік және шетелдік инвестицияларды тартуға; елеулі айтарлықтай

капитал жұмсаусыз қазақстандық кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыруға назар аудару қажет.

Өндірістің техникалық жарақтанушылығын арттыру мен өнімдерді қайта өңдеуге келесі іс-шаралардың көмегімен қол жеткізу мүмкін болады, ол:

− отандық машина-сынақ стансаларынан (МСС) сәйкестік сертификатын алған, замануи ауылшаруашылық техникалары импорты;

− лизингке берілетін ауыл шаруашылық техникалары мен технологиялық жабдықтардың номенклатураларын кеңейту;

− арнайы ауыл шаруашылық техникасымен және жабдығымен қамтамасыз ету;

− мемлекеттік реттеу тетіктерін (қаржы лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу) пайдалану арқылы, жеке капиталды лизинг бағдарламасына қатыстыру;

− ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары үшін жабдықтар лизингіне қаражатты ұлғайту;

− жоғары өнімді технологиялық жабдықтар лизингі нарығын кеңейту;

− заманауи шығыны төмен өндіріс технологияларын енгізу.

Бұл, осы үдеріске жеке капиталды барынша көбірек қатыстыра отырып, республиканың машинатрактор паркін техникалық жаңалауға, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарға заманауи өндіріс жабдықтары мен технологияларын іске қосуға, өнімдер сапасы мен жабдықтардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жабдықтар мен техникаларға сервистік қызмет көрсетуді машинатехнологиялық стансалар қызмет көрсетулер түрлері мен олардың қызмет аяларын кеңейту; ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу мен оған қызмет көрсетуді және босалқы бөлшектерді өткізуді жүзеге асыру; техникаларды пайдалану тиімділігін арттыруы мүмкін, жөндеу-қызмет көрсету кәсіпорындарының қызмет көрсетулерін сертификаттау арқылы жүргізу қажет.

Лизинг бойынша несиелеу мен «Агро-думан» ШҚ үшін несие бойынша несиелеуді қаржыландыру нұсқаларының қорытынды құнын неғұрлым сыпайы салыстыруды және қаржыландыру тәсілін таңдау туралы шешім қабылдау сәтіндегі төлемдердің жалпы сомасын салыстыруды қарап болғаннан кейін, қаржыландырудың неғұрлым оңтайлы нұсқасы – бұл, лизинг мәмілелерін ресімдеу арқылы жабдықтар паркін кеңейту екені анықталды, өйткені оған қызмет көрсету «Агро-думан» ШҚ үшін арзанға түседі.

Осылайша, «Нұрлизинг» АҚ ЕМ (ДО)» ЖШС лизинг берушісіне де, сол сияқты лизинг алушы тарапынан да тиімді, «Агро-думан» ШҚ-ның қаржылық жағдайы мен өтімділігінің келесі жобасы мен келесі сызбасын ұсынамыз (15-кесте).

«Агро-думан» ШҚ компаниясының төлемқабілеттілігін зерттейміз.

«Агро-думан» ШҚ 1999 жылдың қарашасында Қарағанды облысында тіркелген, оңайлатылған мағлұмдама негізінде өз қызметін жүзеге асырады. Кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қарағанды қ., Степной-3 шағын ауданы, 4-үй, 28-пәтер. «Агро-думан» ШҚ жүк тасымалдау бойынша қызмет көрсету,

экипажбен арнайы техникаларды жалға тапсыру және өндірістік ғимарат жайларды жалға тапсыру қызметтерін жүзеге асырады.

15-кесте

«Агро-думан» ШҚ жобасының төлқұжаты

1	2
1. Жобаға қатысушылар:	
1.1.Лизинг алушының атауы:	«Агро-думан» ШҚ
1.2.Лизинг затын жеткізушісі:	«КарСпецСервис» ЖШС
1.3.Лизинг затының атауы:	LG956 тиегіші, 2011ж.шыққан, (ҚХР) – 1 бірлік. LG936 тиегіші, 2011 ж.шыққан, (ҚХР) – 1 бірлік.
2. Қаржыландыру шарты:	
2.1.Жоба құны:	14 900 000 теңге (100 000 доллар)
2.2.Алғы төлем төлемі (%; сомасы):	20% - 2 980 000 теңге (20 000 доллар)
2.3.Қаржыландыру сомасы:	11 920 000 теңге (80 000 доллар)
2.4.Қаржы лизингі мерзімі:	38 ай;
2.5.Сыйақының жылдық мөлшерлемесі:	15 % жылдық;
2.6.Лизингтік төлемдерді өтеу сызбасы:	Негізгі қарыз бірдей үлестермен
2.7. ОД және сыйақы бойынша жеңілдік кезең:	Жоқ
2.7.Жобаны қаржыландыру көзі:	«Нұр Лизинг» АҚ
3.1.Жеткізу шарты:	Қарағанды қаласындағы жеткізуші қоймасынан
4. Қосымша мәліметтер:	
4.1.Қызметтің негізгі түрі:	Экипажбен арнайы техникаларды жалға тапсыру бойынша қызмет көрсету
4.2.Жоба бойынша қызметтің жоспарланатын түрі:	Экипажбен арнайы техниканы жалға тапсыру
4.2.Компания менеджменті:	Жетекші – Ауғалиев Қайрат Хаметқалиұлы
4.4.Лизинг алушы компанияның мекенжайы:	Қарағанды қ., Степной-3 ы.а., 4-үй, 28-пәтер
4.5.Телефон/факс, e-mail:	8 (721) 232 34 94 karstat@rambler.ru
4.6.Жоба бойынша байланыстағы тұлға:	Ауғалиев Қайрат Хаметқалиұлы
4.7.Қызмет көрсетуші банк:	«Нұрбанк» АҚ
4.8.Негізгі қаражат:	287 260 000 теңге (1 927 919 доллар)
4.9.2.Бюджет алдындағы берешек:	Жоқ
4.9.3. «Нұрбанк» АҚ алдындағы берешек:	Жоқ
4.9.4.Банктік несиелер бойынша берешек:	Жоқ
4.9.5.Жұмыскерлер саны:	7 адам
5.1 Жоба сараптамасы үшін төлем:	38 800 теңге (30% төленді - 11 640 теңге)
Е с к е р т у: «Агро-думан» ШҚ деректерін талдау негізінде автор құрастырды.	

Осы бағытта жұмыс жасау үшін шарттардың, негізгі құралдардың болуы, «Агро-думан» ШҚ қызметкерлерінің лизинг затын пайдалана білуінің негізгі көрсеткіші болып саналады (Е-қосымшасы).

Экипажбен арнайы техникаларды жалға тапсыру, «Агро-думан» ШҚ қызметінің негізгі түрі болып саналады. «Агро-думан» ШҚ жұмысының маусымдық сипатын байқауға болады: сәуірден қараша айына дейін бүкіл техника жалға тапсырылса, желтоқсаннан наурызға дейін фронтальды тиегіштер ғана жалға тапсырылады. Жұмыстардың осындай маусымдылығы өңірлердің климаттық жағдайларымен және техникаға деген сұраныспен байланысты.

Экипажбен арнайы техникаларды жалға беру құны:

– Т-130/170 шынжыртабады – сағатына 2 500-ден 3 500 теңгеге дейін;

– қарсы алдынан (фронтальды) тиегіш – сағатына 3 000-нан 4 500 теңгеге дейін;

– экскаватор – сағатына 4 000-нан 6 000 теңгеге дейін;

– өзі аударатын Kamaz 5320 – сағатына 3 000-нан 3 500 теңгеге дейін.

Арнайы техникаларды жалға тапсыру кезінде жанар-жағармайдың бүкіл шығыстары мен жүргізушілерді ұстау шығыстарын Тапсырыс беруші төлейді.

Қазіргі мезетте «Агро-думан» ШҚ-ның арнайы техникасы (фронтальды тиегіштен өзге) техникаларды маусымға жалға тапсыруға дайындау үшін, жөндеу-техникалық күтім жасаудан өтуде. Фронтальдық тиегіш қазіргі кезде «Sat plus» ЖШС-мен жасалған шарт бойынша объектіде. Тиегіштің пайдалану мерзімінің ұзақ болуынан және оны үздіксіз пайдаланудан ол жиі істен шығып, жөндеу-техникалық күтім жасауға тұрып қалады.

Сондай-ақ «Агро-думан» ШҚ-ның меншігінде өндірістік ғимарат-жайы бар, оның бір бөлігін ШҚ жалға береді, ал қалған бөлігін меншікті көлік үшін жөндеу және автотұрақ бокстары ретінде өзіндік мақсаттарға пайдаланады.

Лизинг алушының осы бағыттағы жұмыс тәжірибесіне талдау жүргізу мақсаттарында, лизинг беруші «Агро-думан» ШҚ-ның қолданыстағы және пролонгацияланған шарттарын қарайды (Д, Ж-қосымшалары).

Ескерту: сатып алатын техниканы клиент «Sat plus» ЖШС-ның объектілеріндегі жұмыстарды орындау үшін пайдалануды жоспарлайды. Техника алғашқы уақытта жердегі жұмыстарды орындайды, ал содан кейінгі уақыттарда марганец рудаларын тиеуге пайдаланылады. Жұмыстың Техника сағатының құны – 3500 теңгені, ал жұмыс күнінің ұзақтығы – 10 сағатты құрайтын болады.

Арнайы техникалар мен өндірістік ғимарат-жайларын жалға беру бойынша қызметтер көрсету, клиенттің салалық және нысаналы нарығы болып саналады.

Сондай-ақ жүк тасымалдау бойынша қызмет көрсетулер, экипажбен арнайы техникаларды және өндірістік ғимарат жайларды жалға тапсыру, «Агро-думан» ШҚ-ның – лизинг алушының жобасынан қатысушылар қызметінің негізгі түрі болып саналады. Компанияның менеджменті З-қосымшасында таныстырылған, қызмет көрсететін банктер (К-қосымшасы) мен есеп айырысу (валюталық) шоты бойынша ақпарат, несие тарихы, Қарыз алушының төлем тәртібі (Л-қосымшасы), жеткізуші және лизинг заты (М-қосымшасы) туралы ақпарат ұсынылып отыр.

«Агро-думан» ШҚ-ның меншігінде өндірістік ғимарат-жайлары (бокстары, тұрақтары мен құрылыс цехтары) бар, олардың жалпы ауданы

4392,11 шаршы метр, жер телімінің ауданы 1, 6845 га. «Агро-думан» ШҚ 1300 шаршы метр алаңды, меншікті көлігі үшін жөндеу және автотұрақтық емес бокстар ретінде өзіндік мақсаттарға пайдаланады, ал 1500 шаршы метр алаң пайдаланылмайды, өйткені ғимараттар күрделі жөндеуді қажет етеді. «Агро-думан» ШҚ қалған алаңын жалға тапсырады.

Лизинг алушыға қаржылық талдау жүргізу мақсатында «Агро-думан» ШҚ теңгерімін (балансын) қарастырамыз және 31.12.13 жылға теңгерім баптарын ажыратамыз (Н-қосымшасы), сондай-ақ жобаның өзін-өзі ақтаушылығы – лизинг затының қажеттілігін негіздеу болып саналады.

Аталмыш жоба бойынша клиент «Sat plus» ЖШС объектілеріндегі қарсы алдыдан (фронтальды) тиегіштерді пайдалануды жоспарлайды, қазіргі уақытта онда бұрынғы шахталар орнындағы аумақтарды культивациялау жұмыстары жүргізілуде. Клиент сондай-ақ сатып алатын техниканы «Арман 100» ЖШС объектілеріне пайдалануды жоспарлайды, қазіргі уақытта онда карьер ашу, марганец рудаларын алу және оны теміржол вагондарына тиеу жұмыстары жүргізілуде.

«Агро-думан» ШҚ «Sat plus» ЖШС объектілерінде 2013 жылдың наурызынан бастап жұмыс жасайды және 2012 жылдың мамыр айынан бастап, «Арман 100» ЖШС объектілерінде жұмыс жасайды (2010 жылдың мамырынан 2014 жылдың қаңтарына дейін ШҚ «Road Construction Technics» ЖШС-ның делдалы арқылы жұмыс жасады, бірақ 2014 жылдың наурызынан бастап «Арман 100» ЖШС-мен тікелей ынтымақтастық жасайтын болды). «Sat plus» ЖШС объектілерінде топырақ пен сазды тиеу жұмыстары орындалуда; «Арман 100» ЖШС объектілерінде марганец рудаларын тиеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар орта есеппен жыл бойы күніне 10 сағаттан жүргізіледі, бұл ретте тиегіш сағатына 3500 теңгеден беріледі (О-қосымшасы), жанаржағармай (ГСМ) шығыстары мен жүргізушілерді ұстау шығыстарын арнайы техникаларға тапсырыс беруші төлейді.

Жұмыс көлемінің үлкендігінен алдынан тиейтін (фронталды) тиегіш жұмыс көлемін әрқашан орындай бермейді және жиі істен шығады, жұмыстың бүкіл көлемін орындау үшін ШҚ-ның жаңа техникалар сатып алу қажеттілігі туындайды. Сатып алынатын техника жұмысы екі объектіде бірмезгілде жүргізуге мүмкіндік береді (П-қосымшасы).

Осылайша, қосымшалардан көрініп тұрғандай сатып алынатын техника жалға тапсырылатын техникалардың санын көбейту есебінен және жүктемені арттыру есебінен (өйткені сатып алынатын техниканың пайдалану мерзімі бар және үлкен көлемде жұмыс істей алады), «Агро-думан» ШҚ-ның» табысын айтарлықтай ұлғайтады.

Осымен байланысты лизинг беруші ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы болжанатын есепті, пайдалар мен залалдар туралы есепті және қарызға қызмет көрсету коэффициенттерін, жобаның өзін-өзі ақтаушылық көрсеткіштерін қарауы қажет (Р-қосымшасы).

Осылайша, біздің пікірімізше, аталмыш жоба бойынша қорытындылар жасауға болады. Жоба бойынша теріс жақтары болып келесілер саналады:

– «Агро-думан» ШҚ арнайы техникалар паркінің пайдалану мерзімі өте ескірген (кейбір техникалар 20 жылдан артық пайдаланылады).

– «Нұрлизинг» АҚ компаниясының аталмыш жеткізушімен жұмыс тәжірибесі жоқ.

Жоба бойынша оң жақтары болып келесілер саналады:

– «Агро-думан» ШҚ-ның бүкіл кірістері ресми болып саналады және салық есептілігінде көрсетіледі;

– лизинг затының рентабельділігі және тез өзін-өзі ақтаушылығы;

– сатып алынатын техниканың өтімділігі.

Ілгеріде айтылғандар негізінде, біздің пікірімізше, С-қосымшасында бізге ұсынылған төлем кестелерін ескере отырып, жобаның төлқұжатында көрсетілген қаржыландыру жағдайларында аталмыш жобаны қаржыландыру орынды болып саналады.

Осылайша, лизинг алушының лизинг операцияларының есебі тұрғысынан, лизинг мүлкін пайдалану құқығын беру кезінде меншік құқығы лизинг берушіде қалады. Лизинг алушы көлікті, құрылысты немесе жабдықтарды пайдаланғаны үшін лизингтік төлемдер төлейді. Лизинг мерзімі, ай сайынғы төлем мөлшері мен оны жүзеге асырудың мерзімділігі лизинг шартымен анықталады және келісім шарттағы тараптардың бекіткен талаптарына қатысты болады [1].

Лизингке жасалған шарт мерзімі аяқталғаннан кейін арнайы техникаларды немесе өзге жабдықтарды, көлікті немесе құрылысты лизинг алушы, жалға берушіге қайтаруға немесе сатып алу-сату шарты бойынша оны сатып алуға міндетті [28, с.58].

Біздің пікірімізше, лизингтік операцияларды жүргізу кезінде, есепті реттемелейтін келесі негізгі рәсімдерді негізге алу қажет:

– заңдық тұрғыдан шарттар жасаудың дұрыстығы және олардың ережелерінің есептің ерекшеліктеріне әсер етуін анықтау;

– лизинг бойынша төлемдер есебі;

– лизингке алынған жабдықтың немесе көліктің ресімделу дұрыстығы мен құнын бағалау;

– лизингтік мүлік бойынша өтемпұлдық аударымдарды есептеудің дұрыстығы;

– салық салынатын пайданы есептеу кезіндегі жалгерлік төлемдер есебінің негізділігі.

Лизинг беруші мен лизинг алушы операцияларының есебі кезінде, бухгалтерлік және салық есебінің сипатты тұстарын ескеру қажет.

Бухгалтерлік есепте лизинг операцияларын ресімдеу үдерісінде, келесілер оның мәні болып саналады:

– лизингтің типтік шарты мен қолданыстағы заңнама бойынша жасалатын мәмілелердің сәйкестігі;

– құнды бағалау және лизинг объектісін есепке алуды (қабылдауды) құжаттамалық ресімдеу. Жалгерлік шартын жасаған кезден жалгер, болашақтағы жалгерлік төлемдер бойынша активтер мен міндеттемелерді бухгалтерлік теңгерімде бірдей сомада көрсетуі тиіс. Жалгерлік төлемдер

бойынша міндеттемелер екі бағаның неғұрлым төмені бойынша: ағымдағы құны бойынша немесе дисконтталған құны бойынша есептелуі тиіс.

– шетелдік валютада есептелген импорттық операциялар есебі, бухгалтерлік және салық есебіндегі өтемпұлдарды есептеу, ұйымның мүлкіне салық есептеу;

– лизингтік төлемдер есебінің қолданылатын жүйесі, лизинг затын жеткізушілермен және лизинг алушылармен есеп айырысулар бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектердің болуы және оны бағалау;

– кірістер мен шығыстарды тану тәртібі, пайданы қалыптастыру және пайдалану, оның ішінде лизингтік төлемдерді, пайдаға салық салу мақсатында қабылданатын шығыстар құрамына енгізудің негізділігі;

– меншікті капиталды қалыптастыру және ұлғайту, банк несиелері және ол бойынша сыйақылар, шетелдік бас компаниялардан алатын займдар [29, 69-б.].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 565-бабына сәйкес лизинг шарты бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті белгілі бір оның сатушысынан меншікке сатып алуға және осы мүлікті төлем жасау арқылы кәсіпкерлік мақсаттар үшін уақытша иелік етуге және пайдалануға лизинг алушыға беруге міндеттенеді [7].

Өйткені лизинг шарты содан кейін мүлікке меншік құқығы лизинг алушыға (жалгерге) ауысатынын қарастырады, сонымен қатар онда, сатып алу-сату шартына тән, сатушы мен сатып алушының кейбір құқықтары мен міндеттері ескертілген. Лизинг шарттарында сатып алу-сату қатынасы, сол мерзімдерде лизинг заты лизинг алушыға берілетін, ұзақтығы бойынша лизинг заттарының өтемпұлдары мерзімімен салыстырғанда өлшемдес емес аз болған жағдайларда басымдық танытады [29, 16-б].

Қаржылық ретіндегі жалгерлік жіктеуі, шарттың формасына емес, операциялардың мазмұнына қатысты болады. 17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес жалгерлік, егер қаржы лизингіне жасалған келісім шарт келесі талаптарға сәйкес келетін болса, қаржылық жалгерлік болып саналады, атап айтсақ ол талаптар:

– жалгерлік шарты арқылы меншік құқығы жалгерлік мерзімі аяқталғаннан кейін жалгердің активтеріне беріледі;

– жалгерлік активтерді нарықтық құнынан төмен баға бойынша сатып алу мүмкіндігін береді;

– жалгерлік мерзімі, тіпті егер меншік құқығы берілмесе де, активтің пайдалы жұмыс істеу мерзімінің елеулі бөлігін (мысалы, 75% немесе одан да көп) құрайды;

– жалгерліктің басында ең төменгі жалгерлік төлемдердің келтірілген құны жалгерліктің басталған күніне жалға алған активтің нарықтық құнын толық (90%-дан астамын) жабады;

– жалға алған активтер, үлкен түрлендірулер жүргізбей-ақ, оларды жалгер ғана пайдалана алатын ерешелікке ие [1].

Егер жалгерлік ілгеріде айтылған талаптардың кез келгеніне жауап берсе, жалгер қаржылық жалгерлікті ескереді.

Лизингтік мүлікті сатып алумен байланысты лизинг берушінің шығындары меншікті немесе заем қаражаттары есебінен жүргізіледі. Көпшілік жағдайларда, оны сатып алумен байланысты бүкіл шығындар сомасындағы шарт бойынша лизингке тапсыруға арналған мүлік, лизинг шарты бойынша мүлік құнын ұлғайтуға кіріске алынады [30, 72-б.].

Лизинг алушы ең төменгі жалгерлік төлемдерді қаржылық шығыстарға және төленбеген міндеттемелерді азайту сомасына бөлінуін жүргізу қажет. Қаржылық шығыстар, міндеттемелер қалдығына сыйақы мөлшерлемесі бір кезеңнен екінші кезеңге өзгеріссіз болатындай түрде, жалгерліктің әрбір кезеңінде жалгерге жатқызылуы (апарылуы) тиіс. Жалгерлік шарты жалгерлік төлемдерді, олардың пайда болу кезеңдеріндегі шығыстарға жатқызуы (апаруы) тиіс [31, 59-б.].

Осылайша, жалға берілген меншіктің қызмет мерзімі ішіндегі жалға берушіге төленетін жалгерлік төлемдер, негізгі сомалар мен сыйақыларды білдіреді:

- қаржылық төлемдер (сыйақылар бойынша шығыстар);
- міндеттемелерді азайту бойынша төлемдер (жалгерлік келісімнің өзі бойынша төлемдер) [32, 58-б.].

Жалға алған мүліктің өтемпұлының басталуы меншік құқығын оған беру мезетімен анықталады. Егер меншік құқығы жалгерлік мерзімі аяқталғаннан кейін лизинг алушыға ауысатын болса, онда активтің пайдалы жұмыс істеу мерзімі өтемпұлды есептеу кезеңі болып саналады. Егер меншіктің ауысу құқығы көзделмеген болса, активті жалгерліктің бүкіл мерзімі ішінде амортизациялау (өтемпұлын есептеу) орындырақ.

Жалға алған меншікті есепте көрсету кезінде, сондай-ақ жалға алған меншік, жалгер кепілдендірген және кепілдендірмеген болуы мүмкін қалдық құнға ие болуы мүмкін және қорытындысында ол жалгер үшін экономикалық салдарға әкелуі мүмкін фактор ескерілуі тиіс [33, 79-б.].

Капиталдандыру үшін база болып саналатын ең төменгі жалгерлік төлемдер, міндетті түрде кепілдендірілген қалдық құнға енгізіледі. Кепілдендірілмеген қалдық құн ең төменгі жалгерлік төлемдерге енгізілмейді, өйткені жалгер, жалгерліктің соңындағы активтің қалдық құны бойынша міндеттемелерді өзіне алмайды.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандыру үшін, біздің пікірімізше, кәсіпорындағы лизинг затының жұмыс істеуінің жалпы экономикалық стратегиясын әзірлеудің, келесідей іс-шараларды жүзеге асырудың:

- лизинг затын пайдалануға деген қарым-қатынасты өзгертудің;
- лизинг заттарын басқарудың жаңа әдістері мен техникасын меңгерудің;
- басқару құрылымын жетілдірудің;
- лизинг заттарымен жұмыс жасау бойынша қызметкерлерді оқыту және өзін-өзі жетілдірудің;
- лизинг затын басқаруды жоспарлаумен және болжаумен белсенді түрде айналысудың;

– ҚР стандарттары мен нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес, лизинг берушінің, сол сияқты лизинг алушының лизинг операцияларының есебін жүргізудің маңызы аса зор болып саналады [34, 27-б.].

Біздің жүргізген талдауымыз нәтижесінде, лизингтің қаржылық-экономикалық және қоғамдық орындылығын талдау мен бағалау, тәуекелдерді бағалау, қаржылық, еңбек, материалдық ресурстардың қамтамасыз етілушілік өлшемдерін анықтау, лизингтік жобаны жүзеге асыру үшін инвестициялау көздерін іздеу және бөлу кезеңдері соған кіруі тиіс, экономикалық көрсеткіштердің тұтас жүйесін пайдалана отырып, лизингтің тиімділігін бағалау анықталады. Тиімділікке бағалау жүргізу тізбектілігінің осындай тәсілдемесі өзекті болып саналады, өйткені ол лизингтік инвестициялаудың жалпыұлттық, өңірлік және салалық деңгейдегі жарамдылығын таңдауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру, зейнетақы, несие ұйымдарын тартумен және шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтемпұл қорларын пайдаланумен байланысты ұлттық экономикадағы лизингтік бизнесті дамытудың ұйымдық-экономикалық факторлары анықталды. Лизинг фирмаларының ұйымдық құрылымдарын жетілдіру және Қазақстанның лизинг компаниялары қауымдастықтарының жұмыс істеуі бойынша шаралар ұсынылды.

Республика экономикасына тікелей инвестициялар тарту бойынша ұлттық міндеттерге жауап беретін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында, осы жобаларға бюджет қаражаттарының үлестік қатысуы қағидаттары негізінде орталықтандырылған және жеке инвестициялық ресурстарды конкурстық орналастыру жүйелерін пайдалана отырып, басым инвестициялық лизингтік жобаларды мемлекеттік ынталандырудың жанама және тікелей әдістерін қолдану қажеттілігі атап көрсетілді.

Осылайша, лизингтік жобаларды бағалаудың модельдері мен әдістерін жетілдіруді шешу – инвестициялық қаржыландыру формасы ретінде – аналогпен (несиемен) салыстырғанда ең жақсы нәтижелерге жетудің түпкі мақсаты болып саналдаы.

Көптеген факторлардың әсері инвестициялық қаржыландырудың экономикалық тиімділігін анықтаудың ерекшеліктерін айқындауды қажет етеді. Осы талаптарды орындау, инвестициялық жобаның ең жақсы нұсқасын таңдауды техникалық-экономикалық негіздеу кезінде, тиімділікті салыстырмалы бағалау теориясына, сол сияқты абсолютті тиімділік теориясына сүйенуді білдіреді. Осылайша, мүмкін нұсқаулардың ішінен ең жақсы нұсқа іріктеп алынады, содан кейін абсолютті тиімділіктің бағалау көрсеткіштерін есептеу жүргізіледі.

Сонымен бірге, инвестициялық қаржыландырудың тиімділігін салыстырмалы бағалау, мүмкін нұсқалардың ішінен ең жақсысын іріктеп алу үшін ғана емес, сонымен бірге лизинг берушінің және лизинг алушының шаруашылық қызметінің экономикалық көрсеткіштеріне оның әсерін анықтау үшін қажет.

Инвестициялық қаржыландырудың тиімділігін бағалау кезінде, «Нұрлизинг» АҚ мамандарына, дисконттау жолымен, сол сияқты өсіру

коэффициенттерімен жүргізілетін нәтижелерді және бүкіл ағымдағы шығындарды ажыратып айыра білуіне ақыл-кеңес беріледі.

Инвестициялық қаржыландырудың тиімділігін бағалау кезінде, ең жақсы нұсқаны таңдау үдерісіне елеулі түрде баса назар аудару қажет. Бұл ретте, олардың салыстырылушылығын, уақыт факторы бойынша ғана емес, сонымен бірге қаржыландыру көлемі бойынша, сапалық, әлеуметтік, экономикалық факторлар бойынша қамтамасыз ету қажет болып саналады (Б-С-қосымшалары).

Инвестициялық қаржыландырудың тиімділігін бағалау әдістері бір-бірін қайталайды және оларға берілген шектеулер кезінде лизинг алушы мен несие алушы позициясы тұрғысынан ғана тиімділікті бағалауға мүмкіндік береді.

Монографияда ұсынылған инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістері, лизинг берушінің де, лизинг алушының да тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы әдістерге, мәміледен алатын интегралдық (жалпы) нәтижені (эффектіні) көрсететін көрсеткіштер кіруі тиіс. Осындай тәсілдеме инвестициялық қаржыландыруға кешенді (қорытынды) баға беруге ғана емес, сонымен бірге инвестициялық қызметке қатысушының әрбірінің осы тиімділікке жетуге қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық жобаларды бағалау әдістерін жетілдірудің жодарын қарауды аяқтай отырып, лизинг алушыға талдау жүргізу мен сараптамалық қорытынды жасауға тоқталғымыз келеді.

Қазіргі уақытта кәсіпорындардың көпшілігінің капитал жұмсауды қаржыландыратын меншікті көздері жоқ. Бұл жағдайларда инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін бағалау және қаржыландыру үшін оларды іріктеу бойынша ғылыми негізді есептеулер барған сайын көбірек маңызға ие болады. Сондықтан мамандар тұтастай алғанда, шаруашылық субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларына жиі бағалаулар жүргізіп отыру қажет. Сараптамалық қорытынды жасау нәтижесінде, «Агро-думан» ШҚ-ның қаржылық жағдайын талдау көрсеткендей, жекелеген жобаны бағалау өлшемдерін пайдалану, біздің пікірімізше, жеткіліксіз болып саналады. Негізінен, шешімдер кәсіпорынның өтімділігінің жоғарылау динамикасын және тұтастай алғанда, Қазақстан бойынша, сол сияқты жекелей алғанда «Агро-думан» ШҚ бойынша лизинг затын кешенді талдау көмегімен қабылданады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қаржы лизингі олардың шамасына немесе даму деңгейіне қатыссыз, көптеген елдердегі кәсіпорындар үшін ұзақмерзімді және ортамерзімді қаржыландырудың маңызды көзі болып саналады. Лизинг тетігі, ішкі өндірістің ұлғаюына, активтерді сатудың өсуіне және кәсіпорындарға қолжетімді қаржы құралдарын дамытуға оң ықпал ете отырып, өндірістік секторға қаржыландырудың қосымша құйылуын қамтамасыз етеді.

Қаржы лизингін дамыту мен Қазақстан кәсіпорындары қызметі жағдайының ерекшеліктерін, ұзақмерзімді материалдық активтердің жай-күйін, қозғалысы мен пайдалану тиімділігін, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайларындағы олардың есебі мен талдауын ұйымдастыруды жетілдіру проблемаларын зерделеу келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес есепті ұйымдастыру жағдайлары туралы жарияланған жұмыстарды талдау және қорытындылау, одан әрі теориялық және практикалық әзірлемелерді қажетсінетін лизингтік қызмет көрсетулер сияқты, қаржылық қызмет көрсетулер түрлерінің есебінде зерттелмеген мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Қаржы лизингі есебі мен салық салудың өзіндік ерекшелігі сондай-ақ біздің еліміздің экономикалық әдебиеттерінде лайықты көрініс таппаған. Осы саладағы жекелеген зерттеушілер, негізінен, қаржы лизингінің теориялық есебі мен салық салуын ғана қарастырады, осы аядағы практиканы зерттеу тәсілдемелері жеткіліксіз әзірленген. Осылайша, лизинг беруші және лизинг алушы кәсіпорындар мысалында қаржы лизингі есебі мен салық салуды жетілдірудің ғылыми проблемаларының бар екендігі, сондай-ақ проблемалардың теориялық және практикалық жеткіліксіз әзірленгендігі, тақырыпты таңдауға, зерттеу бағыты мен құрылымына себепші болды.

2. Лизингтік қызмет көрсетулерге, ең аз дегенде үш тарап қызығушылық танытады. Біріншіден, жеткілікті меншікті қаражаты жоқ болуынан, несиелер тарту кезінде қиындықтарды бастан кешетін шағын бизнес өкілдері, бұл жағдай жаңа ілгерінді жабдықтар мен технологияларды өніріске енгізуді жеделдетуі мүмкін. Екіншіден, лизингтік қатынатсарды пайдалана отырып, жабдықтарды шығарушы кәсіпорындар, лизинг компанияары тарапынан төлемқабілетті сұранысты кеңейту есебінен өз өнімдерін өткізуді жылдамдатуы мүмкін. Үшіншіден, инвесторлар үшін лизинг, клиенттің төлемқабілетсіздігінен пәрменді қорғау есебінен неғұрлым төмен тәуекел бойынша (әдеттегі несиелеумен салыстырғанда, салған (жұмсаған) капиталға қажетті пайданы қамтамасыз етеді.

3. Лизинг затын анықтау және оны бухгалтерлік және салық есебінде тану мәселелері бойынша нормативтік заңнамалық база талданды және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Қаржы лизингін анықтауды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің анықтығын және бухгалтерлік және салық есебінің үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында, оны тану жағдайларын нақтылау бойынша қолданыстағы заңнамаға түзетулер жасау ұсынылды.

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарты бойынша қаржылық жалгерлікті тану өлшемдері, ҚР «Қаржылық лизинг туралы» Ережелерін қанағаттандыратын, жалгерлікті тану және оның есебі бойынша салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан лизингтік компанияларға неғұрлым серпінді қарқынмен дамуға және оларды әрі қарай кәсіпорындарға инвестициялау мақсатында елеулі түрде көбірек қаржы ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік беретін, қаржылық жалгерліктің құқықтық және нормативтік базаларын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Осылардың барлығы экономикаға капитал инвестицияларының қосымша көлемін тартуға көмектеседі және бұл өз кезегінде, азаматтар өмірінің жалпы деңгейін арттыруға оң әсер ететін болады.

17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес, жалгерлік қаржылық жалгерлік болып танылуы мүмкін, бірақ ол ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңға сәйкес қаржы лизингін тану өлшемдерін қанағаттандырмауы мүмкін (мысалы, мерзімі үш жылдан аз қаржылық жалгерлік). Қаржылық жалгерлік пен қаржы лизингін салыстыру нәтижелері бойынша, «қаржылық жалгерлік» пен «қаржы лизингі» анықтамасы мән-маңызы бойынша да, сол сияқты тану өлшемдері бойынша да өзгешеленеді деген қорытынды жасауға болады.

Қаржы лизингінің салық есебі ҚР Салық кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Ондағы қаржы лизингі ұғымы 78-баппен анықталады: үш жылдан асатын мерзімге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған лизинг шарты бойынша мүлікті беру, қаржы лизингі деп аталады, егер ол:

- мүлікті лизинг алушыға меншікке беру және (немесе) лизинг шартымен анықталған белгіленген баға бойынша мүлікті сатып алуға лизинг алушыға құқық беру;
- қаржы лизингінің мерзімі қаржы лизингі бойынша берілетін мүліктің пайдалы қызмет мерзімінің жетпіс бес пайызынан артып кетуі;
- қаржы лизингінің бүкіл мерзіміндегі лизинг төлемдерінің ағымдағы (дисконтталған) құны қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік құнының тоқсан пайызынан артып кетуі сияқты талаптардың біріне жауап беретін болса.

ҚР Салық кодексіндегі қаржы лизингі ұғымы қаржылық жалгерлік ұғымына сәйкес келеді, халықаралық практика талаптарына сәйкес лизингті бухгалтерлік есепте және қаржылық есептілікте көрсетуді қисындатуға әкеледі. Сондықтан қолданыстағы ҚР Салық кодексіне, 17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес, жалгерлікті қаржылық жалгерлік ретінде тануға қатысты қосымша ережелерді көрсету жолымен өзгеріс енгізуге ұсыным береміз, атап айтқанда:

- жалға тапсырылған активтерді елеулі түрлендірулерсіз жалгер ғана пайдалана алады;
- шартты бұзумен байланысты жалға берушінің залалдарын (шығындарын) оның өзі жабады;
- оның қалдық құнымен салыстырғандағы, жалгердің иелігіндегі активтің әділетті құнының өзгеруі нәтижесіндегі пайда немесе залал (шығын);

− жалгердің, нарықтық мөлшерлемеден анағұрлым төмен мөлшерлеме бойынша жалгерлікті жаңа мерзімге созу мүмкіндігі.

Мұнан өзге, 17 «Жалгерлік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS):

− пайдалы қазбаларды және қалпына келтірілмейтін ресурстарды барлауға немесе пайдалануға қатысты жалгерлік шарттарын;

− кинофильмдер, бейнежазбалар, пьесалар, қолжазбалар, патенттер мен авторлық құқықтар сияқты осындай объектілер оның заты болып саналатын, лицензиялық келісімдерді қоспағанда, бүкіл жалгерлік шарттарының есебі үшін қолданылуы тиіс.

Материалдық емес активтердің кейбір түрлерінің жалгерлікті, мысалы, «ноу-хау» қаржылық жалгерлікке әлі келуі мүмкін және салық есебі мақсаттары үшін бұған жол беруге болмайды, сондай-ақ бұл жалгерлікке осындай активтерді алумен байланысты, қосымша салық жүктемесіне әкелуі мүмкін (бұл тезис егжей-тегжейлі негіздеуді қажетсінеді).

Қаржылық лизинг қаржылық құрал болып саналады, демек қаржылық жалгерлік бойынша міндеттеме жалгердің есептілігінде қаржылық міндеттемелер ретінде көрсетілуі тиіс. Қазіргі уақытта қаржы лизингі бойынша міндеттемелердің қысқамерзімді бөлігі бухгалтерлік есепте қаржылық міндеттеме ретінде, ал ұзақмерзімді бөлігі кредиторлық берешек ретінде көрсетіледі және бұл ұйымның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты лайықты түрде табыс етуге әкелмейді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандыру үшін, біздің пікірімізше, кәсіпорындардағы лизинг заттарының жұмыс істеуінің жалпы экономикалық стратегиясын әзірлеу және келесі шараларды жүзеге асыру:

− лизинг затын пайдалануға қарым-қатынасты өзгеру, оны басқарудың жаңа әдістері мен техникасын меңгеру;

− басқару құрылымын жетілдіру, өзін-өзі жетілдіру және лизинг заттарымен жұмыс жасау бойынша қызметкерлерді оқыту;

− лизинг заттарын басқаруды жоспарлаумен және болжаумен белсене айналысу;

− ҚР стандарттарына және нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес, лизинг берушінің де, сол сияқты лизинг алушының да лизинг операцияларының есебін жүргізу қажет.

4. Сараптамалық талдау нәтижесінде, лизингтің қаржылық-экономикалық және қоғамдық орындылығын талдау және бағалау, тәуекелдерді бағалау, қаржылық, еңбек, материалдық ресурстардың қамтамасыз етілушілік өлшемдерін анықтау, лизинг жобасын жүзеге асыру үшін инвестициялау көздерін іздеу және бөлу кезеңдері соған кіретін, лизинг тиімділігін бағалаудың кезеңдері анықталады. Тиімділікті бағалау тізбектілігінің осындай тәсілдемесі өзекті болып саналады, өйткені ол лизингтік инвестициялаудың жарамдылығын талдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, лизинг, лизингтік жобаларды бағалау, модельдер мен әдістерін жетілдіруді шешу ретінде – инвестициялық қаржыландыру формасы ретінде –

аналогпен (несиемен) салыстырғандағы ең жақсы нәтижелерге жетудің түпкі мақсаты болып саналады.

Көптеген факторлардың әсері қаржыландырудың экономикалық тиімділігін анықтаудың ерекшеліктерімен байланысты. Осы талаптарды орындау, лизинг пен несиенің тиімділігін бағалау көрсеткіштерін есептеу, қаржы құралының ең жақсы нұсқасын таңдауды техникалық-экономикалық негіздей отырып жүргізілетін және нұсқалардың мүмкін сандарының ішінен ең жақсы нұсқасы таңдап алынатынын білдіреді.

Сонымен бірге, инвестициялық қаржыландырудың тиімділігін салыстырмалы бағалау нұсқаларының мүмкін сандарының ішінен ең жақсы нұсқасын іріктеп алу үшін ғана емес, сонымен бірге лизинг берушінің және лизинг алушының шаруашылық қызметінің эконоикалық көрсеткіштеріне оның әсерін анықтау үшін де қажет.

Монографияда ұсынылған инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістері, лизинг берушінің және лизинг алушының тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы әдістерге мәміледен алатын интегралды (жалпы) эффектіні көрсететін көрсеткіштер кіруі тиіс. Осындай тәсілдеме инвестициялық қаржыландыруға қорытынды (кешенді) баға беруге ғана емес, сонымен бірге инвестициялық қызметтің әрбір қатысушысының осы тиімділікке қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта кәсіпорындардың көпшілігінің капитал жұмсауды қаржыландыратын меншікті көздері бар. Бұл жағдайларда, инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін бағалау және қаржыландыру үшін оларды іріктеп алу бойынша ғылыми негізді есептеулердің маңызы барған сайын арта түсетін болады. «Агро-думан» ШҚ-ның қаржылық жағдайына жүргізілген талдау нәтижесі көрсеткендей, біздің пікірімізше, жекелеген жобаны бағалау өлшемдерін пайдалану жеткіліксіз. Мұндай шешімдер кәсіпорынның және тұтастай алғанда лизинг затының, сол сияқты жекелей алғанда «Агро-думан» ШҚ-ның өтімділігін арттыру заңнамасын кешенді талдау көмегімен қабылданады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. 2000 жылғы 5 шілдедегі №78-II ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңы, 05.07.2012 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен.
2. 30.08.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістермен және толықтырулармен).
3. Бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспары (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген).
4. 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңы (26.12.2012 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).
5. Engineering Aspects of Milk and Dairy Products, Jane Selia dos Reis Coimbra, Jose A. Teixeira, CRC Press, 2010
6. Международные стандарты финансовой отчетности //www.minfin.kz, 2013г.
7. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Азаматтық кодексі (07.03.2014 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).
8. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке өзге міндетті төлемдер туралы» Кодексі (Жаңа кодекс) (15.01.2014 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).
9. Садиева А.С., Жуматов М.К., Акимова Б.Ж., Тлеуова Э.М., «Бухгалтерский учет в соответствии с МСФО». Учебное пособие. Астана, 2010 г.
10. 2010 жылғы 10 маусымдағы № 296-IV Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» кодексі (07.03.2014 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).
11. Методические рекомендации в соответствии с МСФО - Портал ПНК РК, http://nalogikz.kz/
12. Грей С., Нидлз Б. Финансовый учет: глобальный подход. Пер. с англ. Корпорация Прагма. – Houghton Mufflin Company, 2010.
13. CAP/CIPA (www.cipaen.org)
14. Дж. Крипс «Как да честем счетодотния отчет» - България: «FMI inc» 2012 г
15. Technology of Dairy Products, Ralph Early Springer, 2011.
16. Handbook of Functional Dairy Products, Colette Shortt, John O'Brien CRC Press, 2009.
17. Bioactive Components in Milk and Dairy Products, Young W. Park John Wiley & Sons, 2009.
18. Hand Book Of Milk Processing Dairy Products And Packaging Technology, Engineers India Research In, 2010.
19. Milk and Dairy Product Technology, CRC Press, 2011.
20. Structure of Dairy Products, A. Y. Tamime Wiley, 2009.

21. Standard Methods for the Examination of Dairy Products, H. Michael Wehr, Joseph F. Frank, American Public Health Association, American Public Health Association, 2010.

22. Осадчая В.И. «Учет и анализ долгосрочных материальных активов субъектов потребительской кооперации». Монография – Караганда: 2002.

23. 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Респуликасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Халқына жолдауы.

24. Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтарындағы №50 «Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы» бұйрығы.

25. Нурсеитов Э.О. «Бухгалтерский учет в организациях». Учебное пособие. - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011.

26. Проскурина В.П. «Бухгалтерский учет от азов до баланса». Практическое пособие. - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011.

27. Проскурина В.П. «Учет наличности в кассе и применение контрольно-кассовых машин», - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011 г.

28. Турманидзе Т.У. «Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия». - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011 г.

29. Дурановская Г.П. «Труд и заработная плата в Республике Казахстан». Практическое пособие, - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011 г.

30. Дурановская Г.П. «Особенности трудового законодательства Республики Казахстан», - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2012 г.

31. Скала В.И., Скала Н.В., Петухова Е.Г., Скала Б.В. «Национальная система бухгалтерского учета в РК». Часть 2, - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2009 г.

32. Лобков А.Х. «Главный бухгалтер: права, обязанности и ответственность». Практическое пособие, - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011 г.

33. Натерпрова Т.Я., Трубицына О. В. «Финансовая отчетность» учебное пособие. Издательство: Дашков и К., 2011 г.

34. Нурсеитов Э.О. «Ценные бумаги и другие финансовые инструменты». Справочное пособие, - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011 г.

ҚОСЫМША

А-қосымшасы

ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ШАРТЫ №

Алматы қ. «24» наурыз 2014 ж.

«Нұрлизинг» акционерлік қоғамы, әрі қарай **«Лизинг беруші»** деп аталады, бірінші тараптан, 2010 жылғы «01» қаңтардағы №1 Сенімхат негізінде әрекет ететін, Президент мырза Якуб Кашиф атынан және «Агро-думан» ШҚ, әрі қарай **«Лизинг алушы»** деп аталатын, Қайрат Ауғалиев атынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, бөлек «Тарап» деп аталатын екі тарап, төмендегілер туралы осы қаржы лизингі Шартын (әрі қарай - «Шарт») жасады:

1) ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар келесілерді білдіреді:

Лизинг беруші Мекенжайы:	**«Нұрлизинг» АҚ** 050004, Алматы қ., Төлебаев көшесі, 38
Лизинг алушы	«Агро-думан» ШҚ
Қаржыландыру бағдарламасы	2009 жылғы «19» қазанда №12 Қордың директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген, өндіруші өнеркәсіп аясында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру бағдарламасы
Келісім	Қор мен Лизинг беруші арасында жасалған, өңдеуші өнеркәсіп аясында жұмыс істейтін, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру үшін несие желілерін беру туралы келісім
Шот	Қорды қаржыландыру Бағдарламалары шеңберлерінде, «Нұрлизинг» АҚ-та ашылған, Лизинг берушінің жеке банктік шоты
Сатушы	
Сатып алу-сату шарты	Лизинг беруші, Сатушы және Лизинг алушы арасында жасалған ____ №_____ сатып алу-сату шарты
Сақтандыру шарты	Сақтандыру компаниясы, Лизинг алушы және Лизинг беруші арасында жасалған, лизинг затын сақтандыру шарты

1. МӘЛІМДЕМЕ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР

Лизинг алушы төмендегілер туралы мәлімдейді және кепілдіктер береді:

1) ол, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, шағын/орта кәсіпкерлік субъектісі болып саналады;

2) өңдеуші өнеркәсіп, құрылтайшылық құжатқа сәйкес, қызметтің негізгі түрі болып саналады;

3) ол осы Шарт бойынша лизинг заты Лизинг беруші мен Қор арасында жасалған, кепіл Шарты бойынша бірмезгілде кепілзат болып қатысатындығы туралы хабардар және келіседі;

4) ол Қордың сұрауы бойынша Лизинг алушының банктік және/немесе коммерциялық құпиясына жататын ақпараттар беруі мүмкін екендігінен хабардар және келіседі;

5) ол Лизинг алушының жобаны жүзеге асыруына, сондай-ақ лизинг Затының бар екендігі мен оның жай-күйіне мониторинг жүргізуге Қордың құқы бар екендігінен хабардар және келіседі;

6) осы Шарттың қолданыс кезеңінде Лизинг алушының құқықтық мәртебесі мен оның ұйымдық-құқықтық формаларын қайта тіркеу, қайта құру, тарату, оған Лизинг берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылмайтын болады. Лизинг алушы оның заңды құқықтық мирасқоры, осы Шарт бойынша оның міндеттемелерін өзіне алу (қабылдау) үшін бүкіл қажетті әрекеттерді жасайды.

7) Бағдарлама бойынша бөлінген қаражаттардың нысаналы заңды және тиімді пайдаланылуына мониторинг жүргізу және бақылау мақсаттарында құрылған жұмыс тобына (органға) және оның құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ақпарат беруге Қордың құқығын таниды және қабылдайды;

8) осы Шарттың қолданысы кезеңінде Лизинг алушы өзге лизинг компанияларымен қаржы лизингі шартын жасамауға міндеттенеді.

9) Қорды, яғни «БТА ORIX Лизинг» (БТА ОРИКС Лизинг) АҚ-ты қаржыландыру Бағдарламалары шеңберлерінде, Лизинг алушы онымен құқықтық қатынасқа түскен, бірден бір жалғыз лизинг компаниясы болып саналатын болады. Егер Лизинг алушы Лизинг берушіні әдейі адастыруға әкелсе/әкелетін болса және соның салдарынан Лизинг алушы қаржыландырудың осы Бағдарламасы бойынша өзге лизингтік компаниялармен құқықтық қатынастар орнатса, осы Шарт және Қормен жасалған келісім бойынша өзінің міндеттемелерін орындау үдерісінде соңғының (Лизинг алушының) көтерген бүкіл шығыстарын Лизинг берушіге өтеумен, осы Шарт біржақты тәртіпте бұзуға жатады.

2. ЛИЗИНГ ЗАТЫ

2.1. Осы Шартқа сәйкес Лизинг беруші Лизинг алушы таңдаған Сатушыдан меншікке сатып алу-сату шартында келісілген лизинг затын сатып алуға және оны Лизинг алушыға белгілі бір төлемге, белгілі бір мерзімге және белгілі бір жағдайларда, кәсіпкерлік мақсаттар үшін уақытша иелік етуге және пайдалануға беруге, ал Лизинг алушы - лизинг Затына уақытша иелік етуге

және пайдалануға алуға және өзінің бүкіл міндеттемелерін орындап болғаннан кейін және осы Шартта белгіленген жағдайларда, лизинг Затын меншікке сатып алуға міндеттенеді.

2.2. Сатушыны, Лизинг затын таңдау Лизинг алушының Лизинг берушіге Лизинг затын қаржылық лизингке беруге өтінім берген кезінен жүзеге асырылды деп саналады.

2.3. Лизинг алушыға иелік етуге және пайдалануға берілген, лизинг Затына меншік құқығы, Лизинг алушының, осы Шартта көзделген, бүкіл өзінің міндеттемелерін орындағанға дейін, осы Шарттың бүкіл қолданыс мерзімі ішінде Лизинг берушіде сақталатын болады.

2.4. Лизанг алушы осы Шарттың бүкіл қолданыс мерзімі ішінде, сақталушылық, мерзімділік, ақылылық жағдайларында лизинг Затын алады.

3. ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ЗАТЫ

3.1. Сатып алу-сату Шартына сәйкес, соңғысы көрсеткен Сатушыдан Лизинг алушы таңдаған мүлік, осы Шарт бойынша қаржы лизингінің Заты болып саналады, нақтылай айтқанда:

№	АТАУЫ	САНЫ	БАҒАСЫ 1 бірлік үшін (теңге)	ЖАЛПЫ ҚҰНЫ (теңге)
1	Тиегіш LG Модель 956	1	9 699 900	9 699 900
2	Тиегіш LG Модель 936	1	5 200 100	5 200 100
Барлығы: 14 900 000				

3.2. Шартқа қол қою кезіндегі лизинг Затының құны 14 900 000 теңгені (он төрт миллион тоғыз жүз мың теңге) құрайды, ҚҚС қосылған/қосылусыз.

3.3. Сатып алу-сату Шартында көзделмеген қосымша шығыстарды, лизинг Затының құнына енгізілмеген, қолданыстағы заңмен немесе іскерлік айналым ғұрыптарымен көзделген, сондай-ақ өзге төлемдер мен алымдар, Лизинг алушы есебінен жүргізіледі. Егер аталмыш шығыстарды Лизинг беруші төлесе, сондай жағдайда Лизинг алушы, төлеуге есепшот ұсынған (көрсеткен) күннен 3 (үш) банк күндері ішінде оларды өтеуге міндеттенеді. Оған керісінше жағдайда Лизинг беруші аталмыш берешекті, осы Шарттағы А-қосымшасында көзделген, өтелетін лизингтік төлемдер есебінен өтеуге құқы бар.

3.4. Лизингтік төлемдерді төлеу банк шотында, осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

3.5. Лизинг заты мына мекенжайға жеткізілетін болады: _____ және Лизинг алушы мына мекенжай бойынша пайдаланатын болады: _____

3.6. Лизинг алушы, мүліктің сапасы, жеткізу мерзімі мен жеткізетін орны (жері) бойынша Сатушының кепілдіктерін, өзіндік ерекшеліктерін қоса алғанда, осы Шарттың 3.2-тармағында көрсетілген, лизинг Затының бүкіл техникалық-пайдалану сипаттамаларын Сатушымен келіседі.

4. ЛИЗИНГ ЗАТЫН БЕРУ ШАРТЫ МЕН МЕРЗІМІ

4.1. Сатушы лизинг Затын жеткізуді сатып алу-сату Шартында көзделген шарттарға сәйкес жеткізеді.

4.2. Лизинг заты Лизинг алушыға оның бүкіл керек-жарақтарымен және оған жататын техникалық құжаттамалармен бірге беріледі.

4.3. Лизинг беруші Лизинг затын жеткізу мерзімі мен тәртібі, лизинг Затының сапасы мен жиынтықтылығы туралы шарттарды, сондай-ақ сатып алу-сату Шартынан туындайтын өзге де талаптарды орындамағаны үшін немесе қажетті деңгейде орындамағаны үшін Лизинг алушы алдында жауапкершілік көтереді. Лизинг алушы, жеткізуді кешіктіргені, жиынтықты еместігі немесе лизинг Заты сапасының сәйкес келмеуімен байланысты туындайтын талаптарды тікелей Сатушыға білдіруге және Сатушыға білдірген талаптар туралы Лизинг берушіге хабарлауға міндетті.

4.4. Лизинг Затын Лизинг алушыға беру лизинг Затын Лизинг берушінің меншікке алуын, ал Лизинг алушының, Сатушының, Лизинг берушінің және Лизинг алушының өкілдері қол қоятын және үш тараптың мөрлерімен расталатын, қаржы лизингіне алуын растайтын, өткізу-қабылдау Актісі бойынша жүзеге асырылады. Лизинг Затын қабылдауды кешіктірген жағдайда Лизинг алушы лизинг Затының сақталуына жауап береді және өз қаражаттары есебінен қорғауды жүзеге асырады.

4.5. Қабылданған лизинг Затының Лизинг алушының талаптарына, оның техникалық-пайдалану көрсеткіштеріне, техникалық сипаттамаларына, сапа сертификатына, ассортименттік, сондай-ақ өзге де шарттарға (талаптарға) сәйкес келуі, қабылдау өткізу Актісіне қол қоюмен расталады.

4.6. Лизинг Затын пайдалануға берумен (іске қосумен) байланысты барлық шығыстарды Лизинг алушы көтереді. Лизинг Затының тұрған жерінде Лизинг берушінің Өкілдігі жоқ болған жағдайда, соңғысы уәкілетті тұлғаны ілгеріде көрсетілген жерге жібереді.

4.7. Лизинг Затының кездейсоқ жойылу немесе бүліну тәуекелі, лизинг Затын қабылдау-өткізу Актісіне Тараптар қол қойған кезден, Сатушыдан тікелей Лизинг алушыға ауысады.

5. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТЫ (ТАЛАБЫ) МЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ТӘРТІБІ

5.1. Қаржыландыру Бағдарламалары шеңберлеріндегі Қор қаражаты, аталмыш Шарт бойынша қаржыландыру көзі болып саналады.

5.2. Лизинг Затының құны, сатып алу-сату Шартына сәйкес Лизинг берушінің Шотынан Сатушының есепшотына аудару жолымен төленеді.

5.3. Осы Шартқа қол қойғаннан кейін Лизинг алушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

5.3.1. лизинг берушінің Шотынан негізгі қарыз сомасынан 20 % мөлшерде алғы төлемді төлеуге, ол 2 980 000 теңгені (екі миллион тоғыз жүз сексен мың теңгені) құрайды.

5.3.2. ... мөлшерде лизинг Затын сақтандырудың бірінші жылы үшін сақтандыру төлемін төлеуге міндетті.

Лизинг алушының осы тармақта көрсетілген міндеттемелерді орындамауы кезінде, Лизинг беруші лизинг Затын төлеуді жүзеге асырмауға және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға құқы бар.

5.4. Лизингтік төлемдерді өтеу, осы Шарттың Б-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Лизинг берушінің Шотына ақшаның қабылдану күні лизингтік берешекті немесе оның бөлігін өтеу күні болып есептеледі.

5.5. Лизинг алушының лизингтік төлемдерді, жоғары сыйақыны өтеуі кезінде, Лизинг беруші ақшаны келесі кезектіліктерде берешектерді өтеуге бағыттайды:

1. Осы Шартпен көзделген тәртіпте Лизинг алушы өтемеген және Лизинг беруші көтерген шығыстар;
2. осы Шартта көрсетілген айыппұлдар;
3. сақтандыру төлемі;
4. лизингтік төлемдер;
5. жоғары сыйақылар.

Лизинг беруші Лизинг алушының берешегін өтеу кезектілігін өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

6. ЛИЗИНГ ЗАТЫН САҚТАНДЫРУ

6.1. Лизинг заты Лизинг беруші таңдап алған және Қормен келіскен сақтандыру компаниясында, қабылдау-өткізу Актісіне қол қойған күннен 3 (үш) жұмыс күні ішінде міндетті сақтандыруға жатады.

6.2. Сақтандыру шарты, кейін пролонгацияланумен, 1 (бір) жылдан кем емес мерзімге жасалады. Егер сақтандыру Шарты 1 (бір) жылға жасалса, сол жағдайда Лизинг алушы сақтандыру Шартының мерзімі өткенге дейін кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын сақтандыру Шартының мерзімін пролонгациялау туралы сақтандыру компаниясымен қосымша келісім/Шарт

жасауға міндеттенеді. Пролонгация жыл сайын осы Шарттың мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

6.3. Лизинг алушының, жаңа мерзімге лизинг затын сақтандыруды пролонгациялаудан бас тартқан жағдайда, Лизинг берушінің, Лизинг беруші мен сақтандыру компаниясы (Лизинг беруші дербес таңдаған) арасындағы екіжақты сақтандыру Шартын жасаумен лизинг Затын дербес өз бетімен сақтандыру және Лизинг алушы үшін сақтандыру сыйлығын төлеуге құқы бар. Бұл жағдайда, Лизинг берушінің Лизинг алушыдан, Лизинг берушінің тарифтеріне сәйкес айыппұлдарды төлеу және сақтандыру төлемдері түрінде шығыстарды өтеуді талап етуге құқы бар. Лизинг алушыдан сомалар түспеген жағдайда, Лизинг беруші келген шығыстарды, осы Шарттың 5.5-тармағына сәйкес белгіленген тәртіпте өтейді.

6.4. Пролонгациялау кезінде сақтандыру сомасын 6.5-тармаққа сәйкес Лизинг беруші дербес өз бетімен анықтайды.

6.5. Лизинг затын сақтандыруды пролонгациялау кезінде сақтандыру сомасы келесі түрде анықталады: сақтандырудың қолданыс мерзімі аяқталу кезіндегі негізгі қарыз бойынша ссудалық берешектің қалдығы + лизинг затын қаржыландырғанға дейін Лизинг алушы төлеген, алғы төлем төлеу сомасы. Кешіктірілген лизингтік төлемдер бойынша: сақтандыру мерзімінің аяқталу кезіне негізгі қарыз бойынша ссудалық берешек қалдығы + лизинг затын қаржыландыруға дейін Лизинг алушы төлеген, алғытөлем төлеу сомасы + негізгі қарыз бойынша кешіктірілген берешек сомасы.

6.6. Лизинг алушы жыл сайын сақтандыру төлемдерін жүргізеді.

6.7. Лизинг Затын сақтандыру содан жүзеге асырылатын тәуекелдерді Лизинг беруші анықтайды.

6.8. Сақтандыру оқиғасы болған жағдайда, я қандай да бір жойылу, бүліну, жоғалу және т.б. қатерден тұратын мән-жағдайлар туындаған жағдайда, Лизинг алушы осындай мән-жағдайлардың туындағаны туралы Лизинг берушіге және сақтандырушыға тез арада хабар беруге міндетті.

6.9. Лизинг Затын сақтандыруға, сақтандыру өтемін төлеуге және өзгелерге қатысты тараптардың шарты мен бүкіл өзара қарым-қатынастары осы Шартпен және сақтандыру Шартымен реттеледі.

6.10. Осы Шарт бойынша лизингтік төлемдерді мерзімімен бұрын өтеген жағдайда, лизинг Затын сақтандыру шығыстарының сомасы қайтаруға жатпайды.

6.11. Лизинг алушы лизинг Затының сақтандырушысы болып саналады, Лизинг беруші сақтандыру Шарты бойынша пайда алушы болып қатысады. Сақтандыру сыйлықтарын төлеу ауыртпалығы Лизинг алушыға тиесілі, егер Лизинг беруші Лизинг алушы үшін сақтандыру сыйлығын төлесе, онда Лизинг алушы төлеуге Хабарлама алған күннен үш (3) банк күндері ішінде аталмыш берешекті өтеуге міндеттенеді, оған керісінше жағдайда Лизинг беруші аталмыш берешекті осы Шарттың 5.4-бабына сәйкес өтейді.

7. ЛИЗИНГ ЗАТЫН ҰСТАУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ТӘРТІБІ

7.1. Осы Шарттың қолданыс мерзімі ішінде Лизинг алушы Лизинг берушінің бірінші талабы бойынша, өзінің есебінен, лизинг Затына Лизинг берушінің меншік құқығын растайтын, лизинг Затына өзгешелікті белгілерді тез арада белгілеуге міндетті.

7.2. Лизинг алушының Лизинг берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз лизинг Затын, осы көрсетілгеннен жақсырақ орынға орын ауыстыруға құқы жоқ. Лизинг алушы өзінің тұрған жері және лизинг Затының орын ауыстырылулы мүмкін жері (орны) туралы дәл деректерді Лизинг берушіге хабарлауға міндетті. Осы Шарттың бұзылуы жағдайында Лизинг алушы Лизинг берушіге, лизинг Затының тұрған жерін анықтау (белгілеу) үдерісінде Лизинг алушы немесе оның өкілдері көтерген бүкіл шығыстарды өтейді.

7.3. Лизинг алушы лизинг Затын пайдалануға жіберген өзінің қызметкерлерін оқытуға міндетті, сондай-ақ лизинг Затымен жұмыс жасауға осындай дайындықтан өтпеген қызметкерлерді жібермеуге міндетті.

7.4. Лизинг алушы өзінің есебінен бүкіл қажетті рұқсаттарды, лицензияларды алуға, лизинг Затын пайдалануға қойылатын тіркеу талаптары мен өзге де талаптарды орындауға, уәкілетті органдарды бүкіл реттеуші ережелері мен нұсқаулықтарына, сондай-ақ осы Шарттың қолданыс уақытында әрекет ететін заңнамалық актілерге бағынуға міндетті.

7.5. Лизинг алушы лизинг Затын тікелей мақсаты бойынша пайдалануға, оны жарамды күйде ұстауға, тиісті стандарттарды, Сатушының немесе жасаушы кәсіпорынның техникалық шарттары мен ережелерін сақтауға, лизинг Затына үнемі техникалық күтім жасауға, оны тиісті деңгейде ұстауға міндетті. Бұған керісінше жағдайда, Лизинг беруші ілгеріде көрсетілген шарттарды (талаптарды) орындау үшін, лизинг Затына иелік етуге кірісуге құқы бар, бұл ретте бүкіл туындайтын шығыстарды Лизинг алушы көтеретін болады.

7.6. Техникалық күтім жасау немесе жөндеу үшін қажетті жағдайлар болмаған жағдайда Лизинг беруші Лизинг алушыдан, Лизинг беруші анықтайтын мамандандырылған ұйыммен, лизинг Затына техникалық күтім жасау және жөндеу шартына қол қоюды талап етуге құқы бар. Мамандандырылған ұйымның қызмет көрсетуімен байланысты бүкіл шығыстарды Лизинг алушы көтереді.

7.7. Лизинг алушы осы Шарттың қолданыс мерзімі ішінде, ҚР қолданыстағы Заңнамасына сәйкес, лизинг Затын техникалық тексеруден өткізуге және тиісті органдар растаған техникалық тексеру нәтижесі бойынша құжаттар көшірмесін табыс етуге міндетті.

7.8. Лизинг затының сақталуына, сондай-ақ техникалық құжаттамаларда көзделген көлемде, оны пайдаланудың мүмкін еместігіне әкелген, лизинг Затын монтаждау, құрастыру немесе пайдалану кезіндегі жойылумен, бүлінумен, уақытынан бұрын сынумен, ұрлықпен (жымқырумен) және жіберілген олқылықтармен байланысты тәуекелдер үшін жауапкершілік көтереді.

7.9. Лизинг Затының жойылуы, жоғалуы, бүлінуі, ұрлануы немесе лизинг Затының өз функцияларын жоғалтуы немесе мүлік Лизинг алушы жауап бермейтін мән-жағдайлардан, пайдалану үшін жарамсыз жағдайға келсе, бұл айтылғандар Лизинг алушыны осы Шарт бойынша міндеттемелерден босатпайды және Лизинг алушының талабы бойынша осы Шартты мерзімінен бұрын бұзу үшін негіз болып саналмайды.

8. ТАРАПТАР ҚҰҚЫҒЫ

8.1. Лизинг беруші құқылы:

8.1.1. Келісілген мерзімдерде Лизинг алушыдан, лизингтік төлемдер сомасын өтеуге Лизинг беруші Шотына ақша түспеген кезде, сондай-ақ лизинг Затымен байланысты осы Шарттың немесе өзге Шарттардың талаптары бұзылған жағдайда, Лизинг алушының есебінен лизинг Затын қайтартуға, акцептсіз тәртіпте Лизинг алушының берешек сомасы мен келтірілген залалдар сомасын Лизинг алушының шоттары бар кез келген банктерге төлем талап-тапсырманы қою жолымен есептен шығаруға, Лизинг алушының мүлкін өндіруге, я осы осы Шарт бойынша Лизинг алушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету үшін (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес) өзге де шаралар қолдануға;

8.1.2. Сатушының жеткізу мерзімінен 10 (он) күннен асатын мерзімге лизинг Затын жеткізуді кешіктірген жағдайда, біржақты тәртіпте осы Шартты орындаудан бас таруға.

8.1.3. Оның жазбаша сұратуы бойынша Лизинг алушыға, осы Шарттың талаптарын Лизинг алушының толық, дәл және уақытылы орындауы үшін қажет ақпаратты жіберуге.

8.1.4. Лизинг Затының нысаналы пайдаланылуын, сондай-ақ Лизинг алушының лизингтік төлемдерін уақытылы төлеуіне бақылауды жүзеге асыруға.

8.1.5. Оған кез келген қаржылық құжаттарды (ақша аударымдарын, тауар-материалдық құндылықтарды босатуға қажет құжаттарды және т.б.) міндетті беру құқығымен, Лизинг алушыға өзінің уәкілетті өкілдерін жіберуге.

8.1.6. Кез келген уақытта лизинг Затының бар болуын, санын, сапасын, жай-күйі мен пайдалану және сақтау жағдайын тексеруге.

8.1.7. Келесі жағдайларда, лизинг Затын талассыз талап етуге:

- егер Лизинг алушының лизинг Затын пайдалануы осы Шарттың талаптарына немесе лизинг Затының мақсатына сәйкес келмегенде;
- егер Лизинг алушы Лизинг алушының немесе оның уәкілетті тұлғаларының лизинг Затына, сондай-ақ Лизинг алушының қаржылық құжаттарына қолжетімділігін шектесе;
- егер Лизинг алушы екі және одан да көп рет қатарынан осы Шартта белгіленген мерзім өткеннен кейін лизингтік төлемдерді салмаса, сондай-ақ, егер арасында қаржы лизингінің бірнеше қол қойылған Шарттары бар болса

және бұл ретте Лизинг алушы ең болмағанда Шарттардың бірі бойынша бір реттен аса қатарынан лизингтік төлемдерді салмағанда - лизинг заты, қалыпты тозуын немесе осы Шартта келісілген жай-күйін ескере отырып, оны Лизинг алушы алған күйде қайтарылған болуы тиіс. Бұған керісінше жағдайда, Лизинг алушы Лизинг берушіге келтірілген шығынды өтейді, сондай-ақ егер Лизинг алушы Лизинг Затын қайтаруға міндетті болса және оны қайтармаған болса, я оны уақытылы қайтармаған болса, онда Лизинг берушінің бүкіл кешіктірілген кезең үшін лизингтік төлемдерді салуды талап етуге құқы бар. Егер лизингтік төлемдер Лизинг берушіге келтірілген залалдарды жаппайтын болса, онда Лизинг берушінің олардың өтелуін талап етуге құқы бар.

8.1.8. Егер лизинг Заты, Лизинг алушының оны дұрыс пайдаланбауы салдарынан, оның техникалық сипаттамаларында көрсетілген мерзімінен ерте қалыпты жұмыс қалпынан шығып қалса, сондай жағдайда Лизинг алушы, егер лизинг Заты қалыпты жағдайдан шығып қалмаған болса, осы Шарттың бүкіл қолданыс мерзімінде төлеуге жататын бүкіл лизингтік төлемдерді төлеуге міндетті.

8.1.9. Лизинг алушының сақтандыру Шартына қол қоюдан және/немесе оны жаңа мерзімге пролонгациялаудан бас таруы жағдайында, Лизинг берушінің Лизинг беруші мен сақтандыру компаниясы (Лизинг беруші таңдаған және Қормен келісілген) арасында екіжақты сақтандыру Шартын жасаумен лизинг Затын дербес өз бетімен сақтандыруға және Лизинг алушы үшін сақтандыру сыйлығын төлеуге құқы бар. Бұл жағдайда, Лизинг берушінің Лизинг алушыдан сақтандыру бойынша шығыстарды өтеттіруді және ____ мөлшерде айыппұл (өсім) төлеуді талап етуіне құқы бар. Лизинг алушының сақтандыру бойынша шығыстарды өтемеген жағдайында, Лизинг беруші келген шығыстарды, осы Шарттың 5.5-тармағына сәйкес белгіленген тәртіпте өтейді.

8.1.10. Бюджетке салықтарды, төлемдерді, мүлік салықтарын және т.б.с. сияқты төлемдерді төлеуге қосымша шығыстар жұмсауға әкелетін, ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда, осындай ұлғайтуға дейін бес күн ішінде Лизинг алушыға алдын ала хабарлап, лизинг төлемдерінің мөлшерін біржақты тәртіпте өзгертуге.

8.1.11. Осы Шарт бойынша бүкіл оған тиесілі құқықтар мен міндеттерді, осындай шешім қабылданғанға дейін 5 күн ішінде, Лизинг алушыға алдын ала жазбаша хабарлап, үшінші тұлғаға (цессия) біржақты тәртіпте беруге.

8.1.12. Лизинг беруші қажеттілікке қарай, Лизинг алушының қызметін бақылау үшін мамандандырылған ұйымдарды тартуға құқылы.

8.1.13. Кезекті лизингтік төлемді төлеуді 30 (отыз) күннен асатын мерзімге кешіктіруді қоса алғанда, осы Шарт бойынша Лизинг алушының өзінің міндеттемелерін орындауы және/немесе тиісті деңгейде орындамауы жағдайында, осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес, Лизинг алушыдан бүкіл лизингтік төлемдерді, сондай-ақ 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке өзге міндетті төлемдер туралы» Кодекспен және оны қалыптастыру ережелерімен белгіленген тәртіпте есепке

алу әдісімен төленетін қосымша құн салығы бойынша «Импортталатын тауарлар Тізбесін бекіту туралы» 2003 жылғы 19 наурыздағы №269 Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулысының шарттарына сәйкес сатып алынған Лизинг Заттарына ҚҚС-ты қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген салық төлемдерін мерзімінен бұрын төлеуді талап етуге құқылы.

8.1.14. Егер жеткізушіге төлеу үшін валюталарды сатып алуға жұмсалатын нақты шығындар, бастапқы бетте оның құнына енгізілген шығындардан артып кетсе, сондай жағдайда, лизинг Затының құнын арттыруға.

8.1.15. Міндеттемелерді орындамау күнінен кейінгі күннен бастап, кешіктірілген лизингтік төлемдердің сомасын толық өтеу күніне дейінгі кешіктірілген күндердің нақты санына сүйеніп, кешіктірілген лизингтік төлемдер сомасына жылдық 50 % жоғары мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеуге.

8.1.16. Лизинг Затына мониторинг жүргізуге.

8.1.17. Қордың бастамасы бойынша Лизинг берушіге Қор берген займ шартының өзгеруі немесе мерзімінен бұрын қайтаруы жағдайында, Лизинг алушы үшін қаржыландыру шартын (талабын) өзгертуге.

8.1.18. Егер Лизинг алушы өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруші болып саналатын болса, сол жағдайда, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарты бойынша Пайда көруші болып қатысуға құқылы.

8.2. Лизинг алушы құқылы:

8.2.1. Лизинг затының сапасы мен жиынтықтығына, оны жеткізу мерзімдеріне және сатушы мен Лизинг беруші және лизинг алушы арасында жасалған сатып алу-сату Шартын орындамаудың өзге жағдайларында Сатушыға талап білдіруге.

8.2.2. Лизинг берушінің жазбаша келісім талаптары болған кезде, берешекті 9.2.6-тармақта көзделген тәртіпте және мөлшерде өтеу жолымен және бұл туралы Лизинг берушіге болжанатын өтеуге дейін 30 (отыз) банк күндері ішінде жазбаша ескертіп, осы Шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтауға. Лизинг алушыда Лизинг берушіден өзінің хабарламасына жазбаша келісімінің болмауы, лизинг бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеуге Лизинг берушінің акцепті болып саналмайды.

8.2.3. Лизинг берушінің жазбаша келісімі кезінде Лизинг Затының болжанған қайтарылуына дейінгі 30 (отыз) банк күндері ішінде Лизинг берушіге бұл туралы ескертіп, Лизинг Затын ерікті қайтаруға. Бұл ретте Лизинг алушы Лизинг берушіге, осы Шарт бойынша міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуымен байланысты бүкіл төлемдерді 9.2.6-тармақта көзделген тәртіпте және мөлшерде өтейді. Лизинг алушыда Лизинг берушіден өзінің хабарламасына жазбаша келісімнің жоқ болуы, Лизинг Затын ерікті қайтаруға Лизинг берушінің акцепті болып саналмайды.

8.2.4. Лизинг берушінің жазбаша келісімімен Лизинг Затына қандай да бір жақсартулар жүргізуге құқылы. Лизинг алушы жүргізген, бөлінбейтін жақсартулар құны, өтеуге жатпайды.

8.2.5. Лизинг алушы осы Шарттың 9.2.4-тармағына сәйкес, лизинг бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеуге құқылы.

9. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Лизинг беруші міндетті:

9.1.1. Лизинг беруші Лизинг алушыға егер Сатушы Лизинг берушіге бұрын төленген бүкіл соманы қайтарса, сондай-ақ сатып алу-сату Шартына қызмет көрсету бойынша Лизинг беруші көтерген шығыстарды қайтарса, сондай жағдайда, осы Шарттың 5.3.1-тармағында көзделген алғы төлем сомасын Лизинг берушіге қайтаруға міндеттенеді. Лизинг беруші Сатушының ілгеріде көрсетілген сомаларды қайтару кезінен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Лизинг берушіге алғы төлемді қайтаруды жүзеге асырады.

9.1.2. Лизинг алушының Лизинг беруші алдындағы осы Шарт бойынша бүкіл міндеттемелерін тиісті деңгейде орындаған кезден 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, меншік құқығының Лизинг берушіден Лизинг алушыға ауысуын растайтын, тиісті құжаттарға қол қоюы жолымен лизинг Затына меншік құқығын Лизинг алушыға беруге.

9.1.3. Лизинг алушының осы Шарт бойынша Лизинг беруші алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы кезінде, лизинг Затына иелік ету құқына осы Шартпен енгізілетін шектеулерді алып тастау үшін бүкіл шаралар қабылдауға.

9.1.4. Лизинг алушының қызметіне кем дегенде бір рет мониторинг жүзеге асыруға, оның ішінде қаржы жағдайын талдауға, Лизинг берушінің ішкі рәсімдеріне сәйкес, лизинг Затының бар болуына және жай-күйіне тексеру жүргізуге, сондай-ақ осы Шартпен белгіленген өзге де жағдайларда тексеру жүргізуге. Лизинг алушы тарапынан қандай да бір бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, Лизинг беруші осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға міндеттенеді немесе өзінің қалауы бойынша, Шарт шеңберлерінде пайдаланылған Қордың несие қаражатын, бұл ретте несие қаражатын, Қорды қаржыландыру Бағдарламасының шарттарына сәйкес келетін, шағын және орта кәсіпкерліктің өзге субъектілерін қаржыландыруға бағыттай отырып, оны алмастыруға міндеттенеді.

9.1.5. Келісімнің бүкіл қолданыс мерзімі ішінде Шотты жаппауға және Қордың жазбаша келісімісіз банк шотын ашуға, шарт талабын өзгертпеуге.

9.2. Лизинг алушы міндетті:

9.2.1. Егер Сатушы Лизинг алушының осы өзгерістерге қоятын талабымен келіссе, сол жағдайда, Лизинг Затын Сатушыдан Лизинг алушыға беру шарттарының (жиынтықтық, жеткізу мерзімдері және т.б.) кез келген өзгерісіне Лизинг берушінің жазбаша келісімін алуға.

9.2.2. Осы шарттың 5.3.1-тармағына сәйкес, алғы төлемді төлеуге;

9.2.3. Жыл сайын сақтандыру төлемдерін жүргізуге.

9.2.4. Осы Шарт бойынша лизингтік төлемдерді 5.4, 5.5-тармақтарында анықталған сомада және мерзімде өтеуге. Лизингтік төлемді осы Шарттың А-қосымшасында көрсетілген мерзімінен ерте өтеу кезінде, лизингтік төлемдер қайта саналмайды.

9.2.5. Лизинг Затына мүлік салығы және/немесе көлік құралдарына салынатын салық сомасын, Сатушыдан лизинг Затына сатып алумен байланысты шығарылатын аккредитив бойынша шығыстарды, импорттық кеден баж салығын ҚР салық заңнамасының нормаларына сәйкес төлеуге, сондай-ақ егер осындай шығыстар лизинг Затының құнына енгізілмесе, осы Шартпен байланысты кедендік шығыстар мен өзге шығыстарды өтеуге.

9.2.6. Лизинг берушіге лизинг Затын қайтару себебі бойынша (ерікті немесе осы Шарттың 8.1.7-тармақтарына сәйкес талап ету жағдайында) және/немесе лизингтік төлемдерді мерзімінен бұрын өтеу жағдайында, мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелердің тоқталуымен байланысты Лизинг берушіде туындайтын немесе туындауы мүмкін шығыстарды Лизинг берушіге өтеуге, атап айтқанда:

- осы Шарт бойынша лизинг төлемдерінің кешіктірілген берешек сомасын;
- Лизинг берушінің осы Шарттың А-қосымшасындағы көрсетілген лизингтік төлемдерінің алуға жататын бүкіл сомасы кіретін, мәмілелерді жабу сомасын;
- аталмыш шартты жасау кезінде қолданылатын және лизинг беруші алған және/немесе алуға жататын сыйақы сомасын, сондай-ақ егер лизинг затын беру Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке өзге міндетті төлемдер туралы» Кодексін қолданысқа енгізу туралы Заңның 49-бабына сәйкес, ҚҚС-тан босатылса, сондай жағдайда негізгі қарыз сомасына қолданылған ҚҚҚ және КТС (корпоративтік табыс салығы) мөлшерлемелері мөлшерінде, Шарт бойынша міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуымен байланысты туындайтын салық төлемдерін;
- кешіктірілген лизингтік төлемдерге есептелген жоғары сыйақыны;
- осы Шартта көзделген өзге де айыппұл санкцияларын өтеуге.

9.2.7. Заңды мәртебесі өзгерген, құрылтайшылық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда, ҚР уәкілетті органдарда ілгеріде көрсетілген өзгерістерді мелмекеттік тіркеуді жүзеге асырған кезден 15 (он бес) күннен кешіктірмей Лизинг берушіге хабарлауға.

9.2.8. Қор мониторингі үшін қажетті құжаттарды сұрату, сондай-ақ Лизинг затының бар-жоғын және жай-күйін тексеру құқығын иеленетіндіктен, Лизинг алушы Қордың сұратуы бойынша оған (Қорға) ақпаратты, оның ішінде банктік және коммерциялық құпияға жататын ақпаратты табыс етеді.

9.2.9. Лизинг берушіге Шарттың қолданыс мерзімі ішінде келесі құжаттарды:

